

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӨОЖ: 37.015.311:81'246.3:373=512.122

Қолжазба құқығында

ТОЙБЕКОВА БАГДАТ АБДУЛЛАЕВНА

**Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды
тұлғасын қалыптастыру**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми отандық кеңесші
пед. ғыл. док., проф.
Торыбаева Ж.З.

Шетелдік кеңесші
доктор проф.
Мехмет Гүвен

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚARTУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПОЛИЛИНГВАЛДЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1 Оқушыларды полилингвалды тұлға ретінде қалыптастыру мәселесінің зерделену жайы	16
1.2 Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары	35
1.3 Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	43
2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ПОЛИЛИНГВАЛДЫ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	63
2.1 Полингвалды тұғыр орта мектеп оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың негізгі тұжырымдамалық бағыты	63
2.2 Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары	70
2.3 Орта мектеп оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың мазмұндық- құрылымдық моделі	73
3 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПОЛИЛИНГВАЛДЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ	89
3.1 Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру бойынша тәжірибелік–эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру	89
3.2 Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі	107
3.3 Тәжірибелік–эксперименттік жұмыстардың нәтижелері мен қорытындылары	132
ҚОРЫТЫНДЫ	140
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	142
ҚОСЫМШАЛАР	153

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста мемлекеттік стандарттар мен құжаттарға сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасы. ҚР Конституциясы (Ата Заңы). Астана, 30 тамыз 1995 жыл.

Облыс әкімдерінің қатысуымен өткен кеңес. Астана, 27 наурыз 2019 жыл.

Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Тілдер туралы: бек. 11 шілде 1997 жылы бекіт., №151.

Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Білім туралы: 27 шілде 2007 жылы бекіт., №319.

Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Қазақстан Республикасының тіл саясатының іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: бек. 31 желтоқсан 2019 ж., №1045.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекет бағдарламасы: бек. 19 сәуір 2019 жыл, №29.

«Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасын іске бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрығы

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы: 15 шілде 1996 ж., №3058.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана, 2018 жылғы 31 қазан.

01.09.2021жылғы Қ.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» Жолдауы.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 қаңтарда № 35670 бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Тұлға - жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық педагогикалық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі.

Тіл - қоғамда адамдардың бір-бірімен сөйлесуін, түсінісуін, пікірлесуін қамтамасыз ететін қатынас құралы.

Сөйлеу - адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті.

Тілдік тұлға - тілді, оның заңдылықтарын толық игерген, оны тілдесім әрекетінде қолдана алатын, жеке басының қызығушылығы бар, қоғамдық өмірге икемді, кәсіби әрекетінде сауатты, кәсіби әрекетіне шығармашылықпен қарайтын адам.

Оқушының полилингвалды тұлғасы - тек түрлі тілдік мүмкіндіктерге ие тұлға ғана емес, өз әлеуметтік ерекшелігі мен этникалық негізі бар, көптілдікті әлеуметтік мақсатқа сәйкес басқалармен өзара әрекетінде тілді, оның заңдылықтарын толық игерген, оны тілдесім әрекетінде коммуникативтік қажеттілік ретінде қолдана алатын қоғамдық өмірге икемді тұлға.

Көптілді білім беру - оқу үдерісі барысында екі одан да көп тілде білім беру.

Билингвалды және полилингвалды білім беру қостілді және көптілді білім беру - оқыту құралы ретінде екі не одан да көп тілдерді қолдану.

Коммуникативтік құзыреттілік - (латынның «competere» - қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) - қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды.

Коммуникативтік іс-әрекет - тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу, яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді.

Әдіснама - әдістер туралы ілім, әдістер теориясы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және жаңалықтарды бірізге келтіру тәсілдерінің жүйесі.

Шарт - қоршаған ортаның қандай да бір үдерісіне ықпал ететін жағдайлар мен факторларды түсіну.

Оқыту – ғылыми білімдерді, біліктерді және дағдыларды игеруі бойынша, шығармашылық қабілеттерін, дүниетанымдықты, өнегелі-әдепті көзқарастарды дамыту бойынша оқушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыру мен ынталандырудың педагогикалық үдерісі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

CBI – пәндік мазмұнның негізінде тілдерді оқыту;

CIMERA – көптілді білім беру мәселесімен айналысатын халықаралық ұйым;

CLIL (Content and Language Integrated Learning - Предметно-языковое интегрированное обучение) - пән мен тілді кіріктіріп оқыту;

R – реципиент;

АҚШ – америка құрама штаттары;

Б – баяндаушы;

БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы;

Қ – қабылдаушылар;

ҚР - Қазақстан Республикасы;

ПҚТ - полилингвалды тұлғаны қалыптастыру;

Р – трансмиссор;

Т – тұлғалар;

ТҚ - тілдік қатынас;

ЮНЕСКО – (англ. UNESCO - The United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) – Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылым және мәдениет жөніндегі мамандырылған мекемесі.

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Еліміздің тәуелсіздігі нығайып, қоғамдағы демократияның өрісі кеңейген шақта адамның қоғамдық та, тұлғалық та рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған орай рухани құндылықтар жаңарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 4-тарау, 1-бабында: «Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады» деп көрсетіледі [1]. Құжатта көрсетілгендей, орта мектеп оқушы тұлғасына қойылатын талаптар тұлғаралалық жоғарғы мәдениетті қалыптастыруда өзін-өзі дамытуы, білімдендіруі болашақтағы бағдарын анықтауға міндеттейді. Осы ретте жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың тұлғасын жан-жақты қалыптастырудағы субъективті идеяларымызды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, оқушы тұлғасындағы әлеуметтік қасиеттердің жиынтығын, яғни өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық педагогикалық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттаудағы басты түсінік дейтін болсақ, бұған Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізге алынады, өйткені аталмыш құжатта: «...мектептерге арналған оқыту бағдарламаларын енгізу арқылы білім беру бағдарламаларының құрылымын жетілдіру» деп беріледі [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақтандықтарға арналған Жолдауларында білім саласына қатысты мәселелерге ерекше тоқталады: «...білім беру сапасын жақсарту, білім берудің барлық сатыларына дербес қаржыландыру тәртібін енгізу, ...қолдау мақсатында дарынды балалардың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеу, сондай-ақ елімізде үш тілді білім беру идеясын жүзеге асыру»; «үштілділік – бұл өте күрделі және маңызды мәселе. Ол балалар үшін қазақ және орыс тілдері өте маңызды деп санайды. «Содан кейін ғана ағылшын тілін үйрету керек» деген өзекті сұрақтарды қарастырады [3].

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесінің мақсаты, мазмұны мен технологияларының нәтижесіне қарап бағалайды. Қазіргі кезеңде білім берудің мақсаты тек қарапайым білім, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, ақпаратты өздігінен табу, талдау мен ұтымды пайдалану, жылдам өзгермелі әлемде лайықты өмір сүру үшін жастарды қаруландыратын түйіндік құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Заман талабына сәйкес бүгінгі таңда әр адамға қажетті бес базалық құзыреттердің қатарында бірнеше тілді меңгеруді талап ететін ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай білу қабілетін қамту қарастырылған. Бұл

дегеніміз полилингвалды тұлға қалыптастыру міндетін алға тартады.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға деген қажеттілік Қазақстан Республикалық Үкімет деңгейінде қабылданған нормативтік құжаттарында айқын белгіленген [4,5]. Сондай-ақ, «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасында, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсетілген [6]. Ал, «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясында үштілділікті дамыту Елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты екендігі жайлы айтылған.

Аталмыш мәселенің оңтайлы шешімін табу - мектеп оқушыларының мемлекеттік, ана тілі және шет тілдерінде қарым-қатынас жасай алатын, өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті полилингвалды тұлға қалыптастыру тиімді шарттарын анықтауды қажет етеді.

Оқушының білім, білік, дағдылармен қаруландырып қана қоймай, оны тұлға етіп қалыптастыратын алғашқы баспалдақ - мектеп. Олай болса, интеллектуалдық, біліктілік, коммуникативтік жағынан оқушыны әлеуметтік ортамен (табиғатпен, басқа адамдармен, өзімен-өзі, т.б.) белсенді қарым-қатынасқа түсуге, сол ортаға барынша тез бейімделе алуға дайындау мектептің қызметі болып табылады.

Бұл белгілі бір мақсаттық әрекет актісін жүзеге асыруға және бұл акт не үшін, қалай іске асатыны жайлы білім мен білікке алып келеді.

Қоршаған ортаны танып білуге, коммуникациялық және мәдениетаралық іс-әрекетке алып келетін, бірнеше тілді меңгерудің әсерімен қалыптасатын индивидуалдық санаға ие полилингвалды тұлғаның болуы коммуникация мақсатында жүзеге асырылады.

Мұнда, мақсатқа бағытталған іс-әрекет қажеттіліктен туындайтынын ескеру керек. Ал іс-әрекет-тұлға, объект және ішкі белсенділіктен тұрады. Осы тұрғыдан келгенде, тақырыбымызға қатысты мәселелер бірқатар зерттелгенін атап өту керек.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастыру тарихы тереңнен басталады, яғни полилингвизм немесе «полиглоссия» идеясы педагогикалық ғылымның негізін қалаушы Я. А. Коменскийдің анықтауы бойынша «сауатты адам бірнеше тілді білуі керек: Ана тілі – «жеке өмір» үшін, көрші халықтардың тілі (тілдері) – «қарым – қатынас» үшін, латын тілі – «ғылыми мазмұндағы кітаптарды оқу үшін» және қосымша: «философтар мен дәрігерлер үшін – грек және араб тілдері, құдайға табыну үшін - грек және еврей тілдері» [7].

Сонымен қатар, Я. А. Коменский тілдерді оқытудың қолданбалы сипаты туралы «білім немесе ғылымның бір бөлігі ретінде емес, бірақ білім алу және оларды басқаларына хабарлау үшін құрал ретінде» болуы тиіс, өйткені тілді үйренудің басты өлшемі оны практикалық игеру деп тұжырым жасаған [7,б. 137].

XIX-XX ғғ. басында көп тілдік білім беру проблемалары Ы.Алтынсарин [8], А.Байтұрсынов [9], М.Жұмабаев [10], К.Д.Ушинский [11], Ш.Уәлиханов [12] және т.б. еңбектерінде қарастырылды.

XX-XXI ғғ. педагогикалық теория мен практикада тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселелері қайта жаңғыртылып, дамытылды. Бұл М.В. Богуславский [13], Л.Н. Беленчук [14], Қ. Бөлеев [15], Г.Н. Волков [16], Ш.И. Джанзакова [17], Б.А. Жетпісбаева [18], С.Т. Иманбаева [19], Ж.Ж. Наурызбай [20] және т.б. зерттеулерінде кеңінен көрініс тапты.

Қазіргі уақытта қазақстандық ғалымдар тарапынан педагогика ғылымында осы мәселеге қатысты бағалы ой-пікірлер айтылып, ғылыми ізденістер жасалынууда. Мысалы, жеке тұлғаның тәрбие мәселелері: Р.Қоянбаев [21]; тұлға қалыптастырудағы гуманистік тәрбие, ықпалдастыру (интеграция) мәселесі А.А. Бейсенбаева [22], тұлғаның зерттеушілік мәдениеті Ш.Т. Таубаева [23], тұлғаға ұлттық тәрбие беру мәселелері С.Қ.Қалиев [24], К.Ж. Қожахметова [25], Р.К. Төлеубекова [26], С.А. Ұзақбаева [27], А.А. Қалыбекова [28], Қ.Қ. Шалғынбаева [29], С.Қ. Әбілдина [30], Қ.А. Сарбасова [31]; билингвалды тұлғаның коммуникативтік құзыреттерін дамыту мәселелері: Ш.М. Майгельдиева [32] және т.б. еңбектерінде жан-жақты талданған.

Зерттеуіміз Қазақстанда оқушыларға полилингвалды білім беруге арналғандықтан, жалпы білім беретін мектептер және ондағы оқу-тәрбие үдерісінің түрлі аспектілерін қарастырған еңбектер де назардан тыс қалған жоқ.

Жалпы білім беретін мектептегі полилингвалды білім беруді жүзеге асыру проблемасына арналған бірқатар зерттеулер де бар: К.Н.Булатбаева [33], Н.Б.Жиенбаева [34], Б.С.Исмакова [35], Қ.Л.Қабдолова [36], М.Р.Кондыбаева [37], М.Р.Көпбаева [38], М.С.Юнусова [39] және т.б.

Қазіргі әлемде көптілділік кең таралған, бұл заманауи қоғамның талабы. Көптілділік адамға қарым-қатынас жасауға, мәдениеттерді сақтауға және дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Ғылыми-әдістемелік деңгейде проблеманың өзектілігі оқушылардың полилингвалдық тұлғасын қалыптастыру жүйесін әзірлеу қажеттілігімен байланысты, бұл мәселе жалпы білім беретін орта мектептегі ұйымдастыру-педагогикалық жағдайларын, сабақ пен сабақтан тыс жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз етуді айқындауды көздейді.

Осыған байланысты зерттеу нысанымызға қатысты аспектілері жайлы Қазақстанның бірқатар жетекші ғалымдарының жүргізген зерттеу жұмыстарын атап өтуге болады. Олар, оқушыларға көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздерін алғаш рет жан-жақты зерттеген, Б.А. Жетпісбаеваның [18,б. 8] ғылыми еңбегін атауға болады. Мектеп оқушыларының екі және көптілдік тұлға ретіндегі қалыптасуының психологиялық-педагогикалық негіздері, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі С.Ж.Берденованың [40] жұмысында зерделенген.

Қазақ-түрік лицейлерінде ағылшын тілін оқытудың үлгісін жасау арқылы көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыру мәселесі Д.Э.Гаиповтың [41], Қазақстанның полимәдениеттік кеңістігінде полилингвалды тұлғаны «лингвистикалық санасы дамыған индивид» ретінде И.Ж.Байбекованың [42]

зерттеулерінде қарастырылған. Ал, Г.Д.Алдабергенова [43] өз зерттеулерінде билингвизмнің балалар тұлғасын дамуына әсері анықталған.

Оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселелерін шетелдік ғалымдар М.Ceyhan [44], D. Ergil [45], E. Fredsted [46] (Түркия), Н.А.Оганесянц [47], О.Н. Хрусталева [48] (Ресей), R. Assuied, A. Ragot [49] K. Lindholm-Leary, A.Hernández [50] (Ирландия) C.Baker [51], J.Cummins [52], K.Hakuta [53] (АҚШ), P.Duff [54], R. M. Diaz [55], J.Cenoz [56] (Ұлыбритания), L. Kaluge, Setiasih, H. Tjahjono [57] (Индонезия) зерттеген.

Аталған зерттеулер, педагогикада оқушыға тек «тұлға» ретінде ғана қарау емес, тілді толыққанды пайдалану қабілетіне ие тұлға ретінде қарауды алға тартады. Бұл, өз кезегінде «полилингвалды тұлға» ұғымына назар аударуды талап етеді.

Полилингвалды тұлға - лингвистика ғылымында жаңалық емес, десекте педагогика ғылымында әлі күнге дейін арнайы зерттеу пәніне айналған емес. Күнделікті түсінік барысында тұлға туралы сөз қозғағанда индивид ретінде, өмір сүру қалпын немесе өмірлік мәселелерді сезіну тәсілін меңгерген индивид ретінде түсіндіріледі.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастыру ана тілі мен мәдениетін меңгеру және басқа тілді үйрену, оқытылатын тілді тасымалдаушы – халықтың мәдениетіне: басқа ұлттық мәдениеттің менталитетіне, нормалары мен құндылықтарына баулу үдерісінде жүреді [58]. Екінші және үшінші тілді оқыту үдерісінде тілдік тұлғаны қайта әлеуметтендіру жүреді, оны индивидумның «туған» болып табылмайтын, бірақ жақын және түсінікті болған әлеуметтік-мәдени білімді, құндылықтарды, өзге де мәдениеттің нормаларын меңгеру деп түсінеді [59].

Демек полилингвалды тұлғаны қалыптастыру мәселесі әлі де болса, өзінің теориялық және практикалық мәнділігін жалпы білім беретін орта мектептің оқу- тәрбие үдерісінде толық шешімін тапқан жоқ. Әсіресе оның ішінде сыныптан тыс жұмыстардың мүмкіндіктерін қолдану тұрғысында шешу көзделді.

Мектеп оқушыларының тұлға ретінде қалыптастырудағы сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру туралы кейбір мәселелер Г.А. Нуридинова, М. Абдурахманов, А. Әліпбек, Т.Ә. Данияровтың ізденіс жұмыстарында айқындала түскен.

Десекте, полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға деген қоғамның сұранысы мен бұл мәселенің қазіргі мектеп тәжірибесіндегі нақты жағдайы аталмыш мәселені теориялық және әдістемелік тұрғыда жетілдіру керектігін нақтылай түсті. Бүгінгі күнге дейін жинақталған полилингвалды білім беру теориясы мен тәжірибесі жалпы білім беретін орта мектептегі сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастыру негізінде оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселесі арнайы қарастырылмаған. Яғни:

- білім беру ұйымдарының түлектерін көптілді қарым-қатынасқа дайындау қажеттілігі және мектептің оқу үдерісінің осы талаптарға сай еместігі;

- оқушыларды полилингвалды тұлға ретінде қалыптастыруда коммуникативтік іс-әрекеттің мәні мен мазмұнын және құрылымын теориялық негіздеу қажеттілігі;

- полилингвалды білім беру тәжірибесінде жинақталған жетістіктер мен кемшіліктердің анықталмауы және олардың жалпы білім беретін орта мектеп тәжірибесінде ескерілмеуі;

- бұл мәселені мектептегі оқу-тәрбие жұмыстар арқылы жүзеге асыру қажеттілігі мен арнайы теориялық және әдістемелік зерттеулердің жеткіліксіздігі оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың әдістемесін дайындауды зерттеу мәселесі ретінде айқындап, біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбын: **«Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру мен дәлелдеу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеу нысаны: жалпы білім беретін орта мектептегі тұтас педагогикалық үдерісі.

Зерттеу пәні: жалпы білім беретін мектепте оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, ұғымдық-категориялық тұрғыдан мәні мен мазмұны анықталса, жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың әдістемесі жасалып, әзірленген әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі шығармашылықпен жүзеге асырылып, тәжірибеге ендірілсе, *онда* жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың бірнеше тілді меңгеруі, өмірге жаңаша қарауы және коммуникативтік және мәдениетаралық өзара қарым-қатынасқа бейімділік қасиеттерінің жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкін болады, *өйткені* оқушылардың полилингвалды тұлғасы қоғам сұранысын қанағаттандырады және жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру ғылыми-практикалық негізделіп, оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің міндеттері

1. Жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың зерттелу жағдайын талдау.

2. Жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындау.

3. Жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделін жасау.

4. Жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындап әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: Оқушылардың жас ерекшеліктері мен коммуникативтік қажеттіліктеріне сәйкес орта мектепте ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстары оларды полилингвалды тұлға ретінде қалыптасуын нәтижелі етеді.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздерін: тұлғалық-бағдарлық оқыту, жалпы таным теориясы, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық өзара бірлігіне байланысты философиялық, психологиялық-педагогикалық құбылыстарды зерттеу; аксиологиялық және жүйелілік қатынас теориясы: білім беру философиясы туралы ілім, тұлғаның қалыптасуы мен дамуын зерделеуге қатысты ғалымдардың тұжырымдамалық зерттеулері; тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр (А.Н. Леонтьев, В.В.Серигов, И.С.Якиманская, Н.В.Кузмина, Ж.И.Намазбаева); аксиологиялық (құндылықтық) тұғыр (М.С.Каган, А.Лэнгле, З.И. Равкин, Н.С.Розов, В.П.Тугаринов, Г.К.Нұрғалиева); акмеологиялық тұғыр (А.А.Деркач, А.А.Бодалев, Б.А.Тұрғынбаева); мәдениеттілік тұғыр (Е.В.Бондаревская, Б.С.Гершунский, И.Ф.Исаев, Ж.Ж.Наурызбай және т.б.); құзыреттілік тұғыр (В.А.Сластенин, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, Дж.Равен, А.А.Реан, А.А.Вербицкий); полилингвалды тұғыр (А.Г.Асмолов, Н.Д.Гальскова, Б.А.Жетпісбаева, С.Ж.Берденова, Г.Б.Исабекова) құрайды.

Зерттеу көздері

-ғылыми басылымдар (монографиялар, диссертациялар мен мерзімді баспа материалдары): білім беру философиясы, психология, педагогика, филология, лингвистика мен тілдерді оқыту әдістемелері ойынша еңбектер, қазақстандық және шетелдік, оның ішінде, түркия ғалымдардың жарияланымдары;

-анықтамалық басылымдар: педагогикалық, философиялық, психологиялық, энциклопедиялары, сөздіктер мен библиографиялық тізімдер;

-құқықтық - нормативтік және нормативті реттеуші құжаттар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тілдер туралы» заңдары;

оқу-әдістемелік әдебиеттер, мерзімдік баспа материалдары, бағдарламалар, педагогикалық іс-тәжірибелер.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда **теориялық** (философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, қорытындылау, салыстыру, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, нәтижені жобалау, моделдеу, индуктивті-дедуктивті талдау); эмпирикалық (сауалнама, интервью, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, нормативті құжаттарды саралау, тест, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу); статистикалық (зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу) әдістер қолданылды.

Зерттеу базасы: Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласының М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын №8 гимназияда, №25 Т.Рысқұлов атындағы мектеп гимназиясында, Түркістан облысы, Мақтарал ауданы №42 С.Қожанов атындағы жалпы орта мектебінде өткізілді. Экспериментке 8-9-ші сыныптардан 291 оқушы қатысты.

Зерттеудің негізгі кезеңдері. Жалпы білім беретін орта мектеп жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға арналған тәжірибелік –

педагогикалық жұмыс қойылған мақсатқа сай үш: бірінші (2012-2013 жж.), екінші (2013-2014 жж.), үшінші (2015-2020 жж.) кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2012-2013жж.) теориялық-ізденушілік: зерттеу мәселесі анықталып, оның мақсаты мен міндеттері айқындалды, зерттеудің ғылыми аппараты дайындалды, зерттеудің теориялық негізі жасалды. Зерттеу мәселесіне байланысты философиялық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер қарастырылды; әдебиеттерге салыстыру сараптамасы жүргізілді, зерттеу мәселесіне сәйкес алдыңғы қатарлы тәжірибелер жинақталып, дидактикалық материалдар зерделенді, анықтаушы эксперимент кезеңі орындалды. Отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің ғылыми-теориялық негіздері анықталды, ғылыми мақалалар дайындалып, басылым көрді. Зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталып, жүргізілетін жұмыстардың мақсат-міндеттері, мазмұны анықталды.

Екінші кезеңде (2013-2014 жж.) эксперименттік: тәжірибелік-эксперименттің қалыптастырушы кезеңі жүргізілді, эксперимент барысында зерттеудің ғылымилығы негізделіп, жалпы орта білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың теориялық моделі жасалды, оның өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалып, соған сәйкес деңгейлері анықталды. Жалпы білім беретін орта мектеп жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастыру әдістемесі даярланды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді, ұсыныстар берілді.

Үшінші кезеңде (2015-2020 жж.) қорытынды: эксперименттік жұмыс барысында алынған барлық мәліметтердің қорытындысы шығарылды. Зерттеу нәтижелері талқыланып, статистикалық-математикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді, диссертацияны талапқа сай рәсімдеу жүзеге асырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы

- зерттеудің теориялық негізі тұрғысынан «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні нақтыланды және оқушының полилингвалды тұлғасына сипаттама берілді;

- жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды;

- оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды;

- жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді және дәлелденді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы

- «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты оқу құралы даярланды;

- сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға арналған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы жасалды;

- 8-9 сынып оқушыларына арналған сөйлеу тапсырмалар жүйесі әзірленді;

- «Мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру заман талабы» мектеп мұғалімдеріне арналған арнайы семинар бағдарламасы дайындалды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Полилингвалды тұлға ұғымына, бірнеше тілді меңгерген, қоршаған өмірге жаңаша оймен қарайтын, коммуникативтік және мәдениетаралық өзара қарым-қатынасқа бейімділік қасиеттері ендірілді. Осыған байланысты «оқушылар полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні мен құрылымы; қалыптасуының анықталған деңгейлері.

2. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық моделін негізін құрайтын мақсаттық, мазмұндық, диагностикалық-нәтижелік компоненттері және оларды жүзеге асырудың әдістері, құралдары мен формалары.

3. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыруындағы коммуникативтік іс-әрекет көрсеткіштерін есепке алу; пәннен алған білімді (ана тілі), тілдік бірліктерді өз ойын жеткізу тәсілдеріне айналдыру, тілдік құрал ретінде пайдалану; сабақ пен сабақтан тыс аясында сөйлеу тапсырмаларын құрылымдау және олардың кезеңдерін анықтау; оқушылардың субъективтік белсенділігінің дамытылуы.

4. Жалпы білім беретін орта мектептің сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі және тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі: зерттеу нәтижелері әдіснамалық негіздерге сүйеніп айқындалған теориялық дәйектілігімен, зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге жасалған жан-жақты талдаулармен және олардың негізге алынуымен, мәселені талдауға сәйкес келетін кешенді әдіс-тәсілдерді пайдалануымен; оқушылардың коммуникациялық қажеттіліктері ретінде оқу-тәрбие жұмыстарында кезеңдеп орындауға арналған тапсырмалары арқылы, олардың полилингвалды тұлға ретінде қалыптасуының педагогикалық шарттары мен әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, нәтижесінің жалпы білім беретін орта мектептерде оқу-тәрбие үдерісіне енгізуімен қамтамасыз етілген.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және іс-тәжірибеге енгізу: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Педагогикалық ғылымдар» кафедрасында талқылаудан өтті. Аталған диссертацияның теориялық-әдіснамалық қағидалары, тәжірибе нәтижелері 2012-2019 жылдар аралығында өткен халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда баяндама жасалды. Зерттеу барысында барлығы 15 ғылыми мақала жарық көрді, соның ішінді 4 мақала Білім және ғылым саласында бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 2 мақала Scopus қорына кіретін журналда жарияланды; 5 мақала шетелдік халықаралық басылымдар мен конференцияларда, 3 мақала халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, 1 оқу құралы материалдарының жинақтарында жарық көрді.

Жариялымдар

1. Application of innovative technologies forming the foreign language future teacher's professional competences // World Applied Sciences. - 2013. – Vol. 22(6). - P.779-782.<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-84877785471&origin=recordpage>. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды. (Co-authored by: Toybekova, B.%, Torybaeva Z. 10%, Zhorabekova A 10%).

2. Designing of polylingual personality formation in a modern comprehensive school American Journal of Applied Sciences Applied Sciences Journal

(Indexed by SCOPUS). ISSN 1546-9239 ISSN: 1554-3641 Vol. 13-Iss. 11-P 1119-1128, 2016. Publications Multidisciplinary 78-й. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды. (Co-authored by: Toybekova, B.75%, Torybaeva Z. 5%, Adbullina G. 5%, Abilkhairova Z. 5%, Zhorabekova A 5%, Morozova V. 5%).

3. The formation of a polylingual personality in the school system of Kazakhstan Cypriot Journal of Educational Sciences 31 December (2021): p.3255-3265. ISSN 1012-1587. Education – 36-й

<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85123064353&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28The+formation++of+a+polylingual+personality+in+the+school+system+of+Kazakhstan%29>. (Co-authored by: Toybekova, B.80%, Torybayeva J.5%, Kerimbaev E. 5%, Kuralbayeva A. 5%, Yerekhanova F. 5%).

4.Қазіргі мектеп жағдайында көптілді тұлғаны қалыптастыру ерекшеліктері // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика және психология журналы. – 2015. - №3(24). – Б. 132-135. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/25/24>. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. Қосалқы автор: Ж.З.Торыбаева-30%.

5.The experience of organizing pupils' communicative activity through extracurricular works // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2018. - №1(89). -Б.104-110.<https://pedagogy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/pedagogy-vestnik/issue/view/53/54>. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. Қосалқы автор: Ж.З.Торыбаева-20%.Г.А.Нуридинова 10%.

6. Заманауи мектепте көптілді тұлғаны қалыптастыру жүйесі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2015. - №4(31). – Б.120-126. DOI: https://drive.google.com/file/d/1gkl9NPz_u0Y95NmBIWSpGC-EDxpIQNjb/view?usp=sharing. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. Қосалқы автор: Ж.З.Торыбаева-30%.

7.Мектептің оқу-тәрбие үдерісінде жеке тұлғаны көптілдікке баулу // Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының Хабаршысы. – 2015. - №5(22). - Б. 121-127. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. Қосалқы автор: Ж.З.Торыбаева-30%.

8.Оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастырудағы коммуникативтік құзыреттіліктің мәні мен құрылымы // БҚМУ хабаршысы. – 2016. - №2(62). – Б.10-18. https://ojs.wku.edu.kz/files/nomera/2016/2_2016.pdf.

Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. Қосалқы автор: Ж.З.Торыбаева-20%.Г.А.Нуридинова 10%.

9.Особенности организация факультативных занятий в контексте приобщения учащихся к полиязычию // Гуманитарные и естественные науки в стратегическом развитии современного образовательного учреждения: матер. междунар.науч-прак. конф. - Астрахань, 2016. - С. 321-326. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100% - ды құрайды.

10. Реализация полилингвального подхода в системе школьного образования Казахстана // Исследование различных направлений развития психологии и педагогики: матер. меж. науч.-практ. конф. – Челябинск, 2015. - С. 53-54. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100% - ды құрайды.

11.Опыт организации учебного процесса в школах Казахстана в условиях глобализации // Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации: матер. VII междунар. науч.-практ. интернет-конф. - Переяслав-Хмельницкий, 2015. - С. 137-139. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100% - ды құрайды.

12.Реализация воспитательного потенциала учебного предмета «Иностранный язык» в школе Мышление и понимание в процессе обучения иностранным языкам в 21 веке: сб. статей междунар. науч.-прак. конф. – Армавир, 2014. – С.144-148. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100% - ды құрайды.

13. Полилингвальды тұлғаны қалыптастыру мәселелері // Ә.Байтанев оқулары-3: Қазақстан білім кеңістігіндегі және ғылыми технологиялар: халықар. ғыл.-тәж. конф.матер. – Шымкент, 2015. - Б.585-588. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100% - ды құрайды.

14. Сабақтан тыс жұмыстар арқылы мектеп оқушыларын көптілдікке баулу мәселелері // Қазақстандағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар: даму жағдайы, тенденциялары және болашағы халықар. ғыл.-тәж.конф. жинақтары. – Астана, 2016. - Б.318-321. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100% - ды құрайды.

15.Жалпы орта білім беру жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру шарттары // Білім беру жүйесін жетілдіру бағдарламалары: оқу-тәрбие үдерісін нәтижелі ұйымдастыру мен құзыретті маман даярлау мәселелері: халықар. ғыл.-тәж.конф. матер. – 2019. - Б.231-235. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100% - ды құрайды.

16. Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі. - Шымкент: Әлембаспа, 2015. - 88 б. Оқу құралы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды. Оқу құралын жазудағы докторанттың үлесі 70% - ды құрайды. Қосалқы авторлар: Торыбаева Ж.З. 30%,

Диссертация құрылымы: диссертация кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

1 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПОЛИЛИНГВАЛДЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Оқушыларды полилингвалды тұлға ретінде қалыптастыру мәселесінің зерделену жайы

Қазіргі кезеңде полилингвалды тұлғаны қалыптастыру негізінде оқушылардың рухани және мәдени дамуына ықпал ету жолдары мен мүмкіндіктерін анықтау қоғам талабына сай өзектілігі артып отыр. Көрсетілген мәселенің түйіні-ғылыми зерттеулер мен философиялық, педагогикалық-психологиялық теорияларды зерделеу және оларды қазіргі заман сұранысына сәйкес талдау арқылы айқындалады.

Бүгінгі таңда ғылымда «тұлға», «тілдік тұлға», «көптілділік», «билингвалды тұлға», «полилингвалды тұлға» түсініктеріне бірыңғай көзқарастың болмауы себепті, бұл ұғымдар жан-жақты талдауды, олардың мәні мен мазмұнын қарастыру қажеттілігін алға тартып отыр.

Тұлға-жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық педагогикалық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі [60].

Тұлға-философиялық тұрғыда адамды “адам” ретінде тануға, яғни оның рухани-адамгершілік, ділдік, мәдени қырларына баса назар аударумен пайымдалады. Тұлғаның даму деңгейіне көбінесе олардың жалпы адамзаттық мақсаттарын түсіну мен өздерінің қоғамдық функцияларын атқарудағы жауапкершілік қатынастары әсер етеді [61, 62].

Тұлғаның дамуы, индивидтің әлеуметтенуі және мақсаттық бағытындағы тәрбие жағдайындағы әрекет барысында оның ішінде *сөз сөйлеу* барысында орын алады. Бұл форма әлеуметтік қасиеттер жүйесі ретінде, нақтырақ, тұлғаның әлеуметтік болмысы қоғамдық, тек ұжымдық емес, сонымен қатар, жекелеген формада да орын алуына мүмкіндік туғызады [63].

Психологияда тұлғаның қалыптасуы – көп жағдайда, индивидке әлеуметтік әсер ететін тәсілдер, оларда нақтысы әлеуметтік құндылықтарды, дүниетанымды, өмірлік ұстанымын, әлеуметтік-психологиялық сапаларын және нақты ойлау құрылымын қалыптастыру мақсатындағы жүйені айтады.

Тұлғаны жекелеген мәтінде зерделейтін психологтар, көбінесе, оның қабілетін, темпераментін, мінезін, ерік қасиеттерін, сезімі мен ынтасын әлеуметтік қалпын назарға ала отырып, тұлғаны өз әрекеті субъектісінің ядросы ретінде қарастырады.

Десекте, тұлға құрылымы мәселесінде жалпы психология шеңберінен шығып кететін теориялық қиындықтар орын алады.

Әлеуметтік психологияда тұлға құрылымы әлеуметтік мақсатқа сәйкес, индивидтің басқа адамдармен өзара іс-әрекеті ретінде қарастырылады.

Іс-әрекет ұғымы бірінші кезекте психологиялық тұрғыдан қарастырылады және ол ондағы басты түсініктердің бірі. Сондықтан да, іс-әрекетті психикадан, оның ғылыми зерттеу әдіснамасынан, психиканың пайда болуы мен эволюциясынан, тұлға ұғымының түсіндірілуі мен оның психологиялық сипаты, құрылым бөліктерінен ажыратып қарастыруға болмайды.

Десекте, іс-әрекет ерекше психологиялық шындық ретінде, оны тереңірек сипаттарды қажет ететін ұғым. Біз, өз зерттеуімізде бұл ұғымды философияның, педагогиканың да негізгі категориясы ретінде қарастырамыз.

Жалпы іс-әрекет категориясы жоғары түсіндіруші күшке ие екен, сондықтан да ғылым мен тәжірибеде барынша кең қолданылатын маңызды категорияның бірі ретінде табылады.

А.Н.Леонтьев бойынша іс-әрекет, белгілі қажеттіліктерге жауап беретін, ынтасы (мотив) бағынатын және адамның дүниеге деген өзіндік іс-әрекеті қатынасын іске асыратын белсенді үдерістер. Мұнда, ол кез-келген белсенділікті іс-әрекет деп танымайды, тек тұлға, қажеттілік, мотив, мақсаттармен психологиялық байланыстағы мақсатқа бағытталған белсенділікті ғана іс-әрекет – дейді [64].

Біз өз зерттеуімізде осы тұжырымды басшылыққа аламыз.

Өйткені, іс-әрекеті ол: тұлға (іс-әрекет субъектісі), объектісі (іс-әрекет пәні) және ішкі праксистен (түрліше белсенді үрдістер) тұрады. Мақсатқа бағытталған іс-әрекет қажеттіліктен туындайды, ал ол өз кезегінде белсенділікті тудырады. Бұл, мүмкін болар іс-әрекетке оқушының психологиялық даярлық күйін сипаттайды.

Мұнда тіл, тілдік ақыл-ой маңызды рөл атқарады. Тіл адамдардың ойлау әрекетінің орын алу формасы [63,б. 32].

Тілді-жанның барлық рухани болмысының және шығармашылық ойларының қоймасы - деп түсінген жөн. Сондықтанда адамдардың сыртқы өмірі, материалдық болмысы, олардың грамматикалық формада және тіл лексикасында орын алатын ақыл- ойын және құлығын анықтайды.

Адамдардың нақтылы дүниені ойлау логикасы олар қай тілде сөйлемесін барлығына бірдей. Тұлғаның басты белгісі ақыл-ой және өзбетінше ойлау болғандықтан, біздің зерттеуімізде тілдік ақыл-ой және өзбетінше ойлау мазмұнын қарастыру аса маңызды болды.

Әлеуметтанушылар тұлғаны әлеуметтік өмірге белсенді түрде араласатын, әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде қарастырады [65]. Әлеуметтік өлшем – адамды тұлға, яғни белгілі бір тип, бірнеше адамның үлгісі, образы, бейнесі, моделі ретінде қарайды. Тұлғаны жан-жақты осылай қалыптастыратын оны қоршап тұрған орта, мұнда ол үнемі іс-әрекет, қызмет атқарады, үнемі онымен тығыз байланыс, қатынаста болады [66, 67].

Психологтар арасында көптеген авторлар тұлға бағыттылығының мазмұнын (мотивтер мен қажеттіліктер, ұмтылу мен талаптану, бағдар және т.б.) түрліше қарастырады. Оқушылардың тұлғасының дамуы - механизмді құрастыратын көптеген ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болып келеді. Л.С. Выготскийдің: "баланың психикасы әлеуметтік табиғатқа ие", - деген

пікірі осыған негізделеді [68]. Л.С. Выготскийдің пікірі бойынша, баланың тұлғалық дамуы - оның дамуындағы әлеуметтік жағдайлармен байланысты [69].

Б.Г.Ананьев өз еңбектерінде тұлғаның үрдістерін, күйлерін, қасиеттерін психофизиологиялық функциялармен және тұлғаның бағдары мен қажеттіліктері кіретін мінез-құлықтың жалпы мотивациясымен толықтырады. Автор, адамды биологиялық түрінің көзқарасы бойынша, адамның онтегенезін индивид ретінде, адамның дамуының тұлға ретінде қарастырады [70].

А.Н.Леонтьевтің пікірі бойынша, тұлға - жүйелі қасиет ретінде пайда болуы - индивид басқа индивидтермен біріккен іс-әрекетінде, ақиқатты өзгертіп соның арқасында өзінде өзгертіп, тұлға дәрежесіне жетеді [64,б. 115].

В.Н.Мясищевтің пікірі бойынша, тұлға - тек адамға тән толық психикалық құрылымның жоғары шартталған қоғамдық - тарихи ретінде және оның психикалық іс-әрекеті мен мінез-құлықтарын саналы тұрғыда реттеуші ретінде анықталады. Сонымен қатар тұлғаның өзегін - өзі-өзіне және сыртқы әлемге байланысты қатынас жүйесі құрайды деп қарастырған [71].

Л.И.Божович [72] балалар тұлғасының психологиялық зерттеу міндетінде оның қалыптасуы мен заңдылықтарын бақылау және қолайлы немесе бөгет жасайтын жағдайларды анықтауы көзделеді. Ғалым түрлі жас шамасындағы балалардың тұлғасын қалыптастырудың қозғаушы күштерін анықтап көрсеткен. Бірінші кезеңде оқушының оқу іс-әрекетімен тығыз байланысты мотивтері зерттелді. Олар зерттеу барысында тікелей оқу іс-әрекетінен шығатын әлеуметтік мотивтердің және мотивтердің әр түрлі жас шамасындағы арақатынастарының ерекшеліктерін анықтады.

Осыдан Л.И.Божович теориялық талдаудың негізінде, тұлғаның толық құрылымы оның бағыттылығымен анықталады - деген болжамды ұсынды. Тұлға бағыттылығының негізінде адам өмірі мен тәрбиелеу үрдісінде пайда болатын тұрақты түрдегі басымды мотив жүйелері жатады, ал олардың негізінде жетекші мотивтер басқаларын өздеріне бағындыра адамның мотивациялық сфераларының құрылымын сипаттайды. Мұндай мотивтер жүйелерінің иерархиялық тұрғыда пайда болуы - тұлғаның жоғары тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Зерттеулердің нәтижесінде, бала тұлғасының қалыптасуында негізгі фактор болып - ересек адамның қолдауы анықталған. Өйткені олардың қолдауы балалардың қоршаған ортасы мен эмоционалдық сәттіліктерін уайымдауының "берікті" қажеттілік жағдайын құрайды. Бұл жаста ересектердің, әсіресе ата-аналардың, қолдауына талаптануының күшеюі - баланың тікелей қажеттіліктерді сезбейтін мінез-құлқына түрткі болуы да көрсетілген.

Ал Қазақстанда тұлға мәселесі Ж.И.Намазбаева, С.М.Жакыпов, М.А.Перленбетов және т.б. ғылыми зерттеу еңбектерінде белсенді түрде дамуда.

Ж. И. Намазбаева [73] тұлға мәселесін зерттеуінде әр түрлі іс-әрекет (ойын, еңбек, спорт, оқу) барысындағы жас ерекшелік шамасының тұлғалық компоненттерінің механизмдері мен функцияларын белгілеуге түйінделетін кешенді көзқарастарды жетілдірді. Мұндай көзқарастардың жүзеге асуы - толығымен тұлғаны қарастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыдағы зерттеулерге сүйене отырып, біздің пайымдауымызша, Яғни, тұлға - белсенділігімен сипатталынады, яғни субъект өз шектеуінен тыс шығу ынталығымен, өз іс-әрекеттерінің саласын кеңейтуімен талап қойылған жағдайлардың шегінен тыс әрекет жасаумен (мотивация, жетістік, қауіп-қатерге тәуекел ету) сипатталады. Индивидтің тұлғасы бағыттылықпен бейнеленеді, яғни үстем болып табылатын адамның қажетті көрініс беретін мотивтер - қызығушылықтар, сенімдер, көзқарас және т.б. жүйелермен бейнеленеді.

Жеке тұлғаны қалыптастыру жөнінде П.И.Подласый, Ю. В. Агранат, Б.С.Гершунский, И. И. Звягельская, Л.В Колобова, З.Т Гасанов, А. В. Мудрик, Г.К.Нұрғалиева, Ж.Ж.Наурызбай, Ж.И.Намазбаева, Г. Н. Филонов, Л. М. Фридман, С.А.Ұзақбаева сынды педагог-ғалымдардың аса құнды ғылыми еңбектері жарық көрді [74-84].

Жоғарыдағы философиялық, психологиялық және педагогикалық зерттеулермен әдебиеттерге шолулар тұлғаның біріншіден, әлеуметтік қатынас пен саналы әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид екендігі, екіншіден, бұл индивидтің жүйелі қасиеті, оның қоғамдық қатынасқа енуімен анықталатыны және де біріккен әрекет пен қарым-қатынаста қалыптасатынына саяды.

Ал, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының құралы – тіл болып табылады, сондықтан адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін алдымен сөзді, сонан соң сөздерді қалай қолдануды білуі керек [85].

Сана мен тіл адамзат қоғамының тарихи дамуының, олардың іс-әрекетпен айналысуының, еңбек құралдарын жасап, пайдалана білудің нәтижесі [86]. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның да, қоғамдық ой-санасын дамытып жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады.

Тіл арқылы жеке адамның тәжірибесі, санасы ұжымның басқа мүшелерінің игілігіне айналады. Ал жеке адамның жеке санасы да сыртқы ортаның ықпалымен, оқу-тәрбие үдерісінің әсерінің нәтижесінде үздіксіз дамып отырады. Бұл екеуінің дамуы бір-бірімен шарттас.

Тіл сондай-ақ, адам сана-сезімінің, психологиясының көрсеткіші де [87]. Тіл адамды қимыл-әрекетке де итермелейді. Бұл оның атқаратын екінші қызметі. Тілдің бұл екі қызметі өзара тығыз байланыста болады [88]. Олар үнемі қатарласа, бірі екіншісін демеп, кейде қарама-қарсы бағытта жүріп отырады.

Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізуді сөйлеу деп атайды. Сөйлеу - пікір алысу үдерісінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы. Бір тілдің өзінде сөйлеудің сан алуан формалары болуы мүмкін. Сөйлеу жеке адамдардың арасындағы өзара түсінуді реттестіру үшін, пікір алысу үшін қызмет етеді. Сөйлеу үдерісі арқылы адам өзінің білімін, практикалық тәжірибесін байытып қана қоймай, сонымен қатар ғасырлар бойы жинақталған қоғамдық тәжірибені меңгеруге де мүмкіндік алады. Ойдың тілі-сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз (М.Жұмабаев) [10,б. 55].

Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Жеке сөздерді қабылдаудың

өзі оны ұғынуды қажет етеді. Қабылдау мен ұғыну бір мезгілде жүріп отырады, бірінсіз-бірі іске аспайды.

«Сөйлеу», «тіл», «қарым-қатынас» ұғымдарының мән-мағынасы жақын болғанымен, ғылыми тұрғыдан бұлар бір-бірінен ажыратылады.

Қарым-қатынас адам іс-әрекетінің ауқымды саласы, ол өмір сүрудің, тыныс-тіршіліктің негізгі арқауы.

«Тіл» ұғымының да (дыбысты тіл) ауқымы кең, ол, көбінесе, қоғамдық ғылымдарда (тарих, социология, педагогика т.б.) жиі қолданылады. Тіл жеке адамның еншісі ғана емес, ол бүкіл адамзатқа ортақ қоғамдық құбылыс. Тіл арқылы әр қоғамның ғасырлар бойына жинақтаған рухани мұрасы ұрпақтан ұрпаққа (ауызекі - фольклорда, жазба түрде) жеткізіліп отырылады [88,б. 35]. Ал «сөз», сөйлеу жеке адамның өзіндік ерекшелігі. Ол жас балада, ересек, не қарт адамдарда, әртүрлі мамандық иелерінде сөз саптаулары түрліше көрінеді.

Сөйлеу дегеніміз - адамдардың тіл арқылы басқа адамдармен, қарым-қатынас жасау әрекеті [89]. Ойымызды басқа біреуге жеткізуде көрінетін жеке адамның дербес әрекетін сөйлеу деп атайды.

Сөйлеу - пікір алысу үдерісінде адамның тілді өзінше пайдалануы. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды [90]. Жеке сөздерді қабылдау оны ұғынуды қажет етеді. Қабылдау мен ұғыну бір мезгілде жүріп отырады, бірінсіз- бірі іске аспайды [91].

Оқушының тілді үйренуге деген ынта-жігері, қызығушылықтары, тілді оқу мақсаттары мен міндеттерін анықтай алуы, оны орындаудың тиімді тәсілдері мен амалдарын белгілеуі, өз жұмысының барысын өзі бақылап отыруы және оның нәтижесін бағалап, тиісті қорытындылар жасай білуі қалыптасуы тиіс. Тек осылай саналы түрде ұйымдасқан іс-әрекет, еңбек негізінде ғана оқушының тіл үйрену әрекеті мақсатты түрде дамиды. Оқушының бойындағы осындай ерекшеліктерді дәл көре білу және дамыту оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда қозғаушы күш болып табылады [92].

Сөз қоршаған ортаны нақты мағынамен көрсете келіп, адам ойының сөйлем арқылы сыртқа шығуына негіз болады. Сонымен қатар қатысымдық тұлға ретінде қолданғанда ішкі мән-мағынасымен бірге басқа сөздермен тіркесу ерекшелігі жағынан да, айтылымы мен жазылымы тарапынан да, дауыс ырғағына байланысты қосымша реңімен де тіл үйренуші-оқушының назарын аудартады.

Қорыта келгенде, тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөлі атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы. Тіл – қоғамда адамдардың бір-бірімен сөйлесуін, түсінісуін, пікірлесуін қамтамасыз ететін қатынас құралы. Егер, тілді функционалдық жағынан қарастырсақ, қатынас құралы, адамдардың бір-бірімен пікір алысып, өзара түсінісуінің құралы.

Егер, тілді ой мен санаға қатысы жағынан қарастырсақ болсақ, онда тіл ойды қалыптастыратын, оны жарыққа шығаратын құрал, ойлау құралы дейміз.

Тілді құрылымы жағынан анықтамақ болсақ, тіл –қатынас жасауға қажетті материалдардың жиынтығы-деп қараймыз. Тілді таңбалық сипатына қарай

таңбалар жүйесі, семиотикалық жүйе деп анықтау да тілдің қоғамда атқаратын қызметіне қатысты екені сөзсіз.

Бұлардың ішіндегі ең негізгісі – тілдің функциясына қатысты берілген анықтама. Тілдің тіршілігі, дамуы оның қатынас құралы болу қызметіне байланысты [93]. Тілдің бұл қызметін, оның *коммуникативтік функциясы* деп атауға болады. Тілді адам өзін қоршаған қауымнан, өмірден үйренеді.

Полилингвалды тұлғаның басты белгісі тілдік сана болғандықтан, біздің зерттеуіміз үшін тілдік тұлға ұғымы мазмұнына мән бергеніміз орынды болар. Ғылыми әдебиеттерде «тілдік тұлға» деген терминге анықтамасында дүниенің тілдегі көрініс табуы (тіл арқылы бейнелеу), тілдік мінез-құлықтың стратегиясы мен тактикасы, тілдік сана, оның тезаурусы деген ұғымдармен жақындастырады [94].

Д.Н. Шмелевтің пайымдауынша, «тілдік сана жайлы әңгіме қозғағанда біз қарым – қатынас барысында, оның тілдік және мәдени статусымен, әлеуметтік жағдайымен, жынысымен, жас ерекшелігімен, психикалық санатымен, дүниетанымымен, өмірбаяндық ерекшеліктерімен анықталатын жеке бастың тілдік мінез - құлқын ескеруіміз қажет. Тілдік сананы көрсетуге болатын әдістің бірі тезаурус болып табылады» [95].

Ғалымдар арасында тілдік сананы сәйкестендіру жайлы біржақты ұғым қалыптаспаған. Г.В. Колчанскийдің пікірінше «тіл ерекше дүние формасы емес, дүниені игерудің формасы болып табылады [96]. Міне сондықтан да өз алдына тілдік сана жайлы, немесе үшінші тілдік дүние жайлы және өз алдына дүниенің тілдегі көрініс табуы жайлы айтуға болмайды» деп есептеген. Керісінше, тіл негізінен адамға уақыт пен кеңістік жайлы дұрыс бағдар береді және сыртқы дүниенің негізгі өлшемдерін әділетті түрде көрсетеді. Бір тілден екінші тілге аударудың мүмкіндігін болжау тілдік мағынаның экстралингвистика объектілеріне сәйкестігіне негізделген. Жалпы адамзаттық сөз қоры жанама эмоционалды-образдық мағыналар спектрімен ажыратылады. Жанама мағынаны анықтайтын бұл семантикалық өзгеріс көбіне әртүрлі тілдерде сәйкес келе бермейді.

Жалпы шындықты қабылдауға бізді итермелейтін тіл емес, керісінше әртүрлі тілдерде шындық адамдардың материалдық және қоғамдық жағдайларына қарай бейнеленеді [97]. Егер әлемнің тілдік бейнесін тілдік білім беруде жүзеге асатын адами фактор деп қарастырсақ, онда ол бірыңғай объективті әлемде тарихи, географиялық, мәдени және басқа жағдайларда пайда болған әртүрлі топ адамдарының танымдық әрекетін көрсетеді.

Тілді меңгерудің психоллингвистикасына үш түрлі өзара қиылысатын, бірақ сәйкес келмейтін ұғымдар кіреді: *тұлғаны алғашқы әлеуметтендіру құралы ретінде ана тілін меңгеру, ана тілін мектептен сезіну, өзге тілді меңгеру барысында екінші рет ана тілін сезіну. Ана тілін меңгеру баланың психикасының дамуымен бір мезетте өтетін болғандықтан, ол баланың есінде бір жүйедегі акт іспетті қалады. Сондықтан, оқушылардың тілдік санасының дамуы жайлы біз тек ана тілді үйретуге қатысты ғана айта аламыз, ал жат тілді меңгеру тұлғаның мәдени өзіндік санасының бір бөлшегі болып келетін оқушылардың тілдік санасын дамытады.*

А.Р.Лурияның [98] бұл жайлы пікірі: «тілдік қабілет те тілдің қолданылуы сияқты бірден пайда болған емес, олар екі түрлі бір-біріне тәуелді емес дүниелерге жатпайды. Тілдегі қабілеттіліктің өзі оның қолданылуының дамығандығының көрсеткіші, ал тек шындықты белсенді түрде бейнелеу және белсенді қарым – қатынас жасау арқылы ғана бала тілді түсіне бастайды».

Бұл ереже Л.В. Щербаның жұмыстарында қолдау тапқан «Ана тілде аса ерекше мән беретін ештеңе де жоқ болуы мүмкін, онда бәрі онсыз да түсінікті, ештеңеден күдіктенбейсің, бірақ өзге тілді үйрену барысында салыстыру арқылы өз ана тіліндегі көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдарды тани бастайсың» [99].

Біздің зерттеу жұмысымызда, ғылыми әдебиеттерде кездесетін тілдік тұлға деген ұғымның нақтылау жайлы мәселені қарастыру өзекті мәселе деп білеміз. Өйткені, бұл ұғымда қатысты ғалымдар арасында бірыңғай пікір орын алмаған. Г.О.Винокурдың анықтамасында терминологиялық сөз тіркесі ретінде жіктелетін «тілдік тұлға» сөз тіркесі оның коммуникативтік қызметі мен жеке және аралас сипатын көрсетеді [100].

Д.Н. Шмелев тілдік тұлға дегенде «тілдік шығармаларды жасау мен қабылдауға жағдай жасайтын қабілеттер мен сипаттамалар жиынтығын түсінеді, олар тілдік құрылымының күрделілік деңгейімен, шындықты бейнелеудегі мағынасының тереңдігі мен дәлдігі, белгілі мақсатқа бағытталғанымен ажыратылады» [95,б. 67].

Тілдік тұлғаның кеңірек сипаттаған Ю.Н.Караулов тілдік тұлға құрылымын үш деңгейге бөледі:

- вербалды семантикалық –тілді нормативті меңгеру;
- когнитивті, оның бірліктері болып жеке тілдік тұлғада құндылықтар иерархиясын бейнелейтін «реттелген «әлем бейнесі» қалыптасатын ұғымдар, концепттер, идеялар саналады;
- прагматикалық, оған мақсаттары, мотиві, қызығушылықтары және ережелері кіреді [101].

Тілдік тұлға прагматикалық мотивациялық деңгейде ең күрделі әлеуметтік психологиялық мағынада жалпы тұлға ұғымымен бірігеді.

Ю.Н.Карауловтың айтуынша «тілдік тұлға дегеніміз «тілде жасалған және тілдік құралдар базасында өзінің негізгі қасиеттерін қайта өңдеген тұлға» [101, с. 88].

Тілдік тұлға – тілді, оның заңдылықтарын толық игерген, оны тілдесім әрекетінде қолдана алатын, жеке басының қызығушылығы бар, қоғамдық өмірге икемді, кәсіби әрекетінде сауатты, кәсіби әрекетіне шығармашылықпен қарайтын адам. Біздің зерттеуімізде осы тұжырым басшылыққа алынды.

Тіл үйренушінің жеке тұлға ретіндегі келбеті оның тілдік тұлға келбетімен толығырақ түседі. Адам тілдің табиғатын таныған сайын, тілдік таңба арқылы санасына жинақтай береді, сөйтіп, санасы да, ойлауы да, тілі де дамиды. «Адамдар екінші тілді үйренгенде, жаңаша ойлап, сезініп, өзі әрекет жасап үйренеді және сол тілді меңгеру арқылы екінші тұлға болып қалыптасады. Жаңа тілдік «Мен» екінші тілімен араласып, жақындасып, тілге қызығушылығы артады, мәселелерді шешуге белсенді болады және өзін еркін,

жеңіл сезінеді» [102]. Соның негізінде оның миы өзі өмір сүріп отырған ортамен, қоғаммен байланысқа енеді. Сөйтіп, үйренетін тілдің әлеуметтік-табиғи-қоғамдық ерекшелігі тілдік тұлғаның санасын қалыптастыра бастайды.

«Толық адам» мәселесін көтерген ұлы Абай өзінің қарасөздерінде «Әлдебіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағуасына кіреді» деп жазады [103]. Атақты ақын М.Жұмабаев та «...адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында» деп, толық адамның дара тұлғасын қалыптастырудағы тілдің маңызын баса көрсетеді [10,б. 91].

Р.Сыздық «Тіл - адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі - адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал» деп жазады [104].

«Тілдік тұлға» мәселесінде басты ерекшелік тұлғаның жай саналы адам ұғымынан кең көлемге өзінің тілдік ерекшелігі арқылы шығып кетуінде жатыр. Бұл аралықта индивидтің, алдымен тұлғаға айналып барып, тілдік тұлғаға, яғни соңғы шектік дәрежеге көтерілуі ескеріледі [105]. Халқымыздың рухани мәдениетін құрайтын шешендер мен батырлардың, билер мен ақындардың т.б. тұлғалардың тілдік тұлғаға айналуы нәтижесінде олардан қалған асыл, нақыл сөздер ауыздан-ауызға тарап, халық жадында сақталады. Тілдік тұлға бір жағынан тілді тұтынушы, екінші жағынан - сол елдің мәдениетін таратушы, яғни тілдік тұлға - тіл арқылы танылатын және әлем суретін бейнелейтін тұлға.

Кез-келген тұлға өзінің тілдік емес басқа қасиеттерімен жұртқа танылғанымен, тілдік тұлға бола алмайды. Оның басты себебі, тұлғаның тіл қаруымен қаруланбауында. Ғалымдардың осы тұрғыда айтқандарын жүйелей келіп, педагог-зерттеуші К.Канафиева [106] тілдік тұлғаға “тілді жетік меңгерген, тілдік құралдардың үйлесімді пайдаланып, өзінің рухани, мәдениеттанымдық, ғылыми сұранысын қанағаттандыра алатын, болашақ кәсібіне байланысты ақпараттық технология, ресми қарым-қатынас тілін меңгерген тұлға” деген анықтама берген.

Н.А.Бердяевтің пікірінше “Жеке адам басқа адамдармен қатынаста ашылады, сол арқылы адам рухани өзгереді, ал бұл өзгеріс дамумен тепе-тең болуы мүмкін” дейді [107]. Ал, зерттеушілер М.М.Бахтин, В.С.Библер [108,109] “диалогты” жеке адамның даму үдерісінің бөлінбес бөлшегі деп қарайды.

XX ғ. елуінші жылдары филолог ғалым Г.И.Богин өзінің “Филологиялық герменевтика іс-әрекет ретінде” - атты еңбегінде тілдік тұлғаны герменевтикалық тұрғысынан қарастырған [110].

Адам басқа тілді үйренгенде жаңа ұлттық мәдениетке араласып, тілде сақталған орасан зор рухани байлыққа ие болады. «Тілде бүкіл елдің мінезі, жігері көрінеді, бүкіл Отанның табиғаты, сондай-ақ, халықтың рухани өмірінің тарихы көрінеді» деп жазады К.Д.Ушинский [111]. А.Р.Лурия «тіл ұрпақтан ұрпаққа ақпарат жеткізе отырып, ақыл-ойдың дамуына үлкен ықпалын тигізеді. Сондай-ақ тілдің және оның күрделі логикалық-грамматикалық құрылымының болуы логикалық ой арқылы адамның интеллектуалды әрекетін реттейді, жетілдіреді» деп көрсетеді [112]. Белгілі лингвист Э.Бенвенист болса, «адамды тілсіз елестету мүмкін емес. Өмірде тек тілі бар адам және басқа адаммен сөйлесуші адам ғана бар» [113] деген болатын. Тіл халықтың әлеуметтік-тарихи жағдайын, мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді, өркендеуіне әсер етеді.

Жоғарыдағы авторлардың, тіл және оның тұлға ұғымы мазмұнындағы мәні мен мағынасын зерделей отырып, *тұлға мазмұнына өз білімін тәжірибе де қолдана білетін, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайтын, батыл шешім қабылдай алатын, еркін ойлайтын тілдесімдік қабілетке (Біздің тарапымыздан ерекшеленген-Т.Б.) ие тұрғысынан қарастыруды алға тартамыз.*

Тілдік тұлғаның даму мүмкіндіктері Г.И.Быкова, Е.М. Верещагин, В.В.Виноградова, Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, Н.И.Жинкин, А.А. Залевская, И.А. Зимняя, Ю.Н. Караулов, В.Г.Костомарова, А.А.Леонтьев, А.Н. Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Л.В. Щерба және басқалардың еңбектерінде талқыланады. Қазақстандық ғалымдар: Т.Т.Аяпова, Э.Д.Сүлейменова, Ф.Ш.Оразбаева, т.б.

Бірқатар ресейлік және шетелдік (Aitchison J., Carroll D.W., Chomsky N., Fodor J.A., Garman M., Kess J.F., Levelt W.J.M., Osgood C.E., Putham N., Rumelhart D.E., Slobin D., Steinberg R., Turner M., т.б.) ғалымдардың еңбектері білім беру жүйесін, соның ішінде сөйлеу әрекетін үйрету, мектептегі қостілділік, полилингвизмге салыстырмалы талдау жасауға арналған [114].

Ғылыми әдебиеттерде тілдік тұлға деген түсініктері жан-жақты қарастырылады. Тілдік тұлға дегеніміз туған тілін жетік, яғни өз тілінде сөйлеу әрекетінің төрт түрін (сөйлеу, тыңдау, жазу, оқу) толық меңгерген адам [115]. Төмендегі іс-әрекеттерді құрау тілдік тұлғаны қалыптастырудағы негізгі компоненттер болып табылады: лингвистикалық (тіл туралы теориялық білім); тілдік (тілдің практикалық қолдануы); коммуникативті (тілді белгілі бір жағдайға сай қолдана білу, сөйлеу әрекетінің дұрыс дағдылануы); мәдени (оқытылып жатқан тілдің мәдениетіне ену, мәдени тосқауылдан өту) [116].

Қостілділік күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде екі түрге бөлінеді: үйлесімді (толық) қостілділік, яғни қоғамның барлық мүшелері екі тілді меңгерген жағдайда көрінеді, ал ассиметриялық (толық емес) қостілділік туралы қоғамда негізгі көпшілік бір тілде ғана сөйлегенде айтамыз. Ғылыми әдебиетте күштірек тілдің әлсіз тілден басым болуын “диглоссия” деп атайды [117]. “Күштірек” тіл басқару органдарында, ақпараттық ағымда әлеуметтік баспалдақтың жоғары сатысында, қалада қолданылады. Ал “әлсіз” тіл әлеуметтік төменгі сатыда, күнделікті тірлікте, ауылдық жерлерде қолданылады. Алдыңғыларына қостілділік тән емес, ал соңғыларының ішінде көпшілігі қос тілді болып келеді. Ж.Ж.Наурызбай диглоссиядан басқа қостілділікке байланысты екі ұғым жөнінде мәселе қозғайды: “толықтырушы қостілділік” және “қысқартушы қостілділік” [118]. Егер екінші тіл сөйлеуші адамның лингвистикалық қабілетін байыту үшін меңгерілсе және ол бірінші тілдің меңгерілімін әлсіретпесе, ол “толықтырушы” болып есептеледі. Ал керісінше, екінші тілді игеру бірінші тілді нашарлатса, онда ол “қысқартушы” деп аталады да, “тілдің ауысу” жағдайына (языковая подмена) әкеледі, тіпті қоғамда “қысқартушы қостілділік” кеңінен етек алған жағдайда “тілдік өзгеріске” (языковой сдвиг) әкеліп соғады.

Қостілділік мәселесін Б.Х.Хасанов, Э.Д.Сүлейменова да қозғайды [119, 120]. Олар осы мәселеге ден қойып, зерттеулер жүргізіп, статистикаға сүйеніп даму үрдістерін анықтады. Б.Х.Хасанов та қостілділік әлеуметтік қажеттілікке

қарай туындағанын көрсетеді. «Жеке тұлға - әлеуметтену үдерісінде өзінің адам ретіндегі мәніне ие болады, сонымен қатар басқа адамдармен материалдық, рухани және тілдік құндылықтарды игеруде қажетті көлемде қоғамдық тілді меңгереді. Тілдік тұлға шын мағынасында тек қана қоғамда дамиды, өйткені оның тілдік мәні әлеуметтік ортамен айқындалады. Сөйтіп тұлға қоғамнан тыс өмір сүре алмайтын болғандықтан, ол қоғам мүшелерінің қарым-қатынас құралын, кейде бір емес, бірнеше тілді қабылдайды. Әр түрлі ұлттардың өзара қарым-қатынасы олардың ұлттық тұйықталу шеңберінен шығуына ықпал етеді. Сондықтан соңғы жылдары бой көтере бастаған, елбасы қолдаған үш тұғырлы тіл (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) қоғамда жаппай орын алуы мүмкін [121,122].


Тілдік тұлға әлеуметтік құбылыс болғанымен, онда индивидуалдық аспект басымдық танытады. Индивидуалдық аспект - тілге деген ішкі жан дүниенің қарым-қатынасы арқылы тілдік дәстүрге әсер ететінін ұмытпаған жөн. Жоғарыдағы зерттеулерге жүргізілген талдаулар полилингвалды тұлғаны қалыптастыру ұлттық тілдік ортадан басталатынын көрсетеді.

1 суретке сәйкес көрініп тұрғандай полилингвалды тұлғаның қалыптасуы коммуникативтік әрекеттерге байланысты екені, мұнда тілдік құралдар, коммуникациялық құралдар ретінде қызмет атқаратыны көрініс тапты. Ал мұнда әрекеттер мектептің пән бағдарламалары мен оқыту үдерісінде жүзеге асырылуы мүмкін бола бермейді. Өйткені пәндерді оқытуда тілдік құралдар тек тақырып пен ондағы негізгі ойды жеткізуге бағытталған. Полилингвалды тұлғаның дамуына сыртқы және ішкі фактор әсер етеді.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың мәні мен әлеуметтік қызметі – тілдің тек жеке адам өмірінде ғана емес, ұлттық, жалпы адамзаттық құбылыс екендігін тануына жол ашу. Жастарды, әр түрлі ұлт өкілдерін жаңа жағдайға, құндылықтардың жаңа жүйесіне, жаңа өмір салтына бейімдеу өте маңызды педагогикалық міндет болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстандық қоғамда қазақстандықтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруіне бағытталған үштілділік саясаты жүргізілуде. Үштілділік саясаты ана тілін ұмытуды емес, керісінше, қазақ тілін бірінші орынға қоюды алға шығарады.

Қазіргі уақытта көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Қазақстан Республикасында біздің мемлекетіміздегі халықтардың тілдік байлықтарын дамытуға оның қоғамдағы рөлін ұғынуға ерекше қамқорлық жасалады.

Қазақстанда тілдерді дамыту мәселесі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың үнемі бақылауында және қамқорлығында болып, ол Қазақстан халықтарына жыл сайынғы Жолдауларында әрдайым білім беруді, мәдениетті және тілдерді меңгеруді назарында ұстады. Елбасының Жолдауында: «Ұрпақтарының денсаулығын, білім алуын және дүниетанымын қалыптастыруға қамқорлық жасаған халық ұрпақ тәрбиесінде даналық танытады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін олар бірдей меңгереді. Ол бүкіл әлемде атақты және құрметті атқа ие өз елінің патриоты болады» [6,б. 7].



Сурет 1 - Полилингвалды тұлға және оның қалыптасуы

Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылдың 29 маусымында №110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мемлекеттік тіл саясатының негізгі мақсаттары, міндеттері және бағыттары атап көрсетілген. Қазақстанның екітілділіктен үштілділікке өтуі заңды құбылыс. Орыс және ағылшын тілдері қарым-қатынас құралы ғана емес, олар сонымен қатар әлемдік білім алудың тиімді жолы болып есептеледі.

Бірнеше тілді меңгеру Қазақстанның әлемдік қауымдастықта экономикалық және мәдени интеграциялануына белсенді мүмкіндік береді. Бұл мақсатқа қол жеткізу Қазақстанда үштілді білім жүйесін қолданғанда ғана мүмкін болары сөзсіз.

Қазақстанда аталған жүйені қалыптастыруға мүмкіндіктер баршылық. Көптілді білім берудің ұтымды жақтары да көп болады. Тіл қарым-қатынас құралы ретінде баланың тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді. Тіл арқылы бала ата-бабалардан мұра болып қалған ұлттық игіліктерді таниды. Басқа халықтардың тілін үйрену арқылы бала оның қалай айтылатынын, нені білдіретінін біліп қана қоймайды, ол сонымен қатар сол халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне терең бойлайды, халық ауыз әдебиетімен, ұлттық ойындарымен танысады. Тіл біздің мәдени және рухани құндылықтарымызды сақтап дамытудың күшті құралы болып табылады. Өртүрлі ұлт өкілдерін бір-бірінен қалай ажыратуға болады? Әрине, тіл арқылы. Бұл - айырманы көрсететін басты белгі.

Қазақстандағы тілдік жағдай аясында соңғы бірнеше жылдар бойы үштілділікке байланысты болып жатқан белсенді пікірталастар тілдік білім берудің жаңа қырларын ашып көрсетеді.

Көптілді білім беру – бұл тұлғаның бір мезгілде бірнеше тілді меңгеріп, адамзат тәжірибесінің әлеуметтік маңызды «фрагменті» ретінде тіл білімі мен оны үйрену дағдысын, сөйлеу әрекетін нақты көрсете алатын, мәдениет пен тілге деген эмоционалды-құндылықтық қатынасты қалыптастыруға ықпал ететін, көптілді индивидтің мақсатты, ұйымдасқан, нормаға сәйкестенген оқытудың үштілділік үдерісіндегі тәрбиесі мен дамуы.

Көптілді тұлға дегеніміз - бұл бірнеше тілдерді белсенді тасымалдаушы. Сондықтан «лингвистикалық сана-сезімі дамыған индивидті» көпмәдениетті тұлға деп атайды.

Полилингвалды тұлға қалыптастыру – полимәдениетті білімдік ортаның дамуының негізгі бір бағыты. Полилингвалды тұлға тарихи сана-сезіммен қатар географиялық сана-сезіммен, ғаламдық ойлау сана-сезімімен және сол сияқты туған өлкесін, Отанын, туған жерін, туған ошағын жақсы білуі тиіс.

Көптілді білім - көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Үш тілде оқытудың - негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Полилингвалды тұлға – рельефті тарихи сана-сезімі қалыптасқан индивид. Тек қана тарихи сана-сезім этникалық және жалпы мемлекеттік сана-сезімнің негізі деп саналады. Этностарда мыңдаған жылдар бойы жинақталған ұлттық менталитет, мифтер тарихы, символдар, ұлттық бейне, стереотиптер халықтың тарихын білу арқылы қалыптасады, ал оларды білу тілдердің өзара сабақтастығында жүзеге асады.

Полилингвалды тұлғаның қалыптасуы әлемдік мәдениетті, тарихты, географияны, көркем өнерді, әдебиетті білуімен ғана емес, ол ең алдымен тұлғаның өз халқының мәдениетін жақсы біліп, оны әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі ретінде түсінуімен де ерекшеленеді.

Көпмәдениеттілік тәрбиесі өркениеттіліктің күрделі жүйесін түсінуге ықпал ететін мәдени байланыстарды ғана қамтымайды. Оның маңыздылығы тұлғаның басқа мәдениетке енуі процесінде оның өзіндік жеке мәдениетінің өсіп дамуында болып табылады, және көпмәдениеттілік тәрбиесі - бұл тек басқа мәдениетке толерантты сыйластық қарым-қатынас қана емес, бұл оқушының жеке интеллект ретінде рухани дамуы үшін маңызды процесс ретінде қарастыруға болады.

Полилингвалды тұлғаның негізгі көрсеткіштері ретінде эмпатия, кикілжіңге тұрақтылық, толеранттылық сияқты субъектілердің диалогқа түсуіне толық мүмкіндік жасауға қажетті сапалар алынады [123].

Индивидтің тілдерді білуі мәдениетаралық қарым-қатынастың басты талабы десек те болады.

Қорыта айтқанда, тіл - ұлттың әлеуметтік құрылым ретінде пайда болуы мен қалыптасуының құралы, мәдениеттің түйінді құбылысы және ұлттық тұтастықтың механизмі деп саналады. Тіл - қарым-қатынас құралы ғана емес. Ол ұлттық санасезімнің базалық элементі, халықтың руханилығының діңгегі, ұлттық тәрбиенің маңызды құралы болып табылады.

Жоғарыда айтылған ұғымдарға «әлемнің тілдік бейнесі» және «тілдік тұлғаға» сүйене отырып, біз қазіргі таңда объективті әлеуметтік саяси өзгерістер мен тілдік қарым -қатынастарға негізделген «полилингвалды тұлға» ұғымына және оның мазмұнына назар аударамыз.

Тұлға мазмұнынан жасалған зерттеулер индивидтің әлеуметтену жағдайында дамуы әрекет арқылы (оның ішінде тілдік) іске асатынын көрсетеді. Ал бұл әрекеттің жүзеге асу шарты өзара қарым-қатынасты қажетсіну, коммуникациялық қызығушылық болып табылады. Сондықтан полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға арналған, өте маңызды болып саналатын сөздің қызмет атқаратын генезисімен байланысты болатын оқушының түсінуді қажетсінуі мен оның басқаларға да түсінікті болуына ұмтылысы болып табылады. Яғни, полилингвалды тұлғаның танымдық белсенділігі, оқушыларда шет тілдік құралдар көмегімен өзінің сезімін, күйзелісін, басқаларға қатынасын білдіретін біліктілігін дамытуға қол жеткізе отырып, мүмкіндігінше, өз қалауы бойынша өзгертуге жететін болуы керек.

Бүгінгі таңда, шет тілін үйрену шынайы өмірлік қажеттіліктерден, жаппай халықаралық қатынастарға берілген мүмкіндіктер туындап отырған сәтте (оның ішінде Интернет желісі мен телебайланыстар), жекелей адамның санасының

өзгергені жайлы емес, мектепте білім алатын жастардың, жаппай қазіргі заман ұрпақтарының санасы жайлы айтуға болады.

Өйткені, екі немесе оданда көп тілдік кодтарды, қарым-қатынас құралдары және ойлау амалдары ретінде меңгерген индивид -полилингвалды тұлға деп аталады [124].

Біздің зерттеуімізде, тілдің жоғарыдағы ерекшеліктері мәдениетпен анықталатыны, барлық тілдік білімдерде орын алатын, адами фактор ретінде дүниенің тілдік көрінісін қарастыратыны және ол әртүрлі адамдар тобының танымдық әрекеті екені, тарихи, географиялық, мәдени және де басқа жағдайлармен объективті дүние шеңберінде көрініс табатыны назарға алынды. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде кездесетін «тілдік тұлға» ұғымы қызықтырды. Осыған байланысты зерттеуіміз барысында *тілдік тұлға құрылымының: тілді нормалық деңгейде білуі; когнитивті (ұғымдар, тұжырымдар, идеялар), прагматикалық (мақсат, мотив, қызығушылық, мақсат етіп ұстау және интернациональдық) үш түрі айқындалды.*

Бірінші деңгейде, бірлік ретінде *жеке сөз* ал, екінші деңгейде- *жинақтауға*; үшінші деңгейде-*тұлғаның коммуникативтік әрекетті қажетсінуі* ретінде орын алды.

Тілдік тұлға әруақытта да өзінің тұлға екенін және тек осы жағдайда ғана басқалармен байланыса алатынын алға тартады және әрбір пікірін, ойын жеткізерде индивидуалдық, этникалық, ұлттық мәдениет сипатымен, этникалық және құндылық бағдарымен ерекшеленеді. Сондықтанда, тұлға құрылымында аса зор тәрбиелік дамытушылық әлеует орын алады. Олай болса, индивидтің тұлға ретінде дамуына бір жағынан мәдени құндылықтармен байланысқан тұлғааралық тәжірибесі, екінші жағынан - нақтылы мәдени даму формасы әсер етеді. Ал тәжірибе тілмен тығыз байланысты, өйткені адамдардың табиғаттан бөліну тарихы және оның әлеуметтік практикасының дамуын тілден ажыратуға болмайды.

Тіл адамдардың белсенді тәжірибелік және қоршаған болмысы, әрекетінің әлеуметтенуін меңгеруді жеделдетеді. Ана тілінен басқаны меңгеруі, адамдардың танымдық мүмкіндіктерін, коммуникативтік қабілеттерін және тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сол себепті зерттеуімізде тұлғаны өмірлік және қоғамның тарихи тәжірибелерін, адамдардың өзара түсіністік базасы ретінде қарастырамыз, ал тіл оларға жету құралы рөлін атқарады деп түсінеміз. Осыны ескере отырып, қазіргі замандық, объективті, әлеуметтік саяси мәдениаралық және тілдік коммуникация жағдайларына негізделетін полилингвалды тұлға тұжырымын алға тартамыз.

Полилингвалды тұлға ұғымын, бірнеше тілді меңгерген, қоршаған өмірге жаңаша оймен қарайтын, коммуникативтік және мәдениаралық өзара қарым-қатынасқа бейімділік қасиеттерімен толықтырамыз.

Дүниенің түрлі жерлерінде ұзақ, тынымсыз жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде көптілді білім беру әбден мүмкін екендігі, тіпті білім беру саласындағы мамандар зерттеулерінде бала тілінің қалыптасуы кезеңдерін байқауға болады. Педагогикалық тұрғыдан қарағанда тұлғаны қалыптастыруда, тәлім-тәрбие беруде және заманға сай білім беруде баланың жастық шағы

өте маңызды. Сондықтан да баланың тәрбиесі, білімі, мінезі, қабілеті, көзқарасы, мәдениеті т.с.с. адамгершілік қасиеттерін негізделетін ірге тасын қалау керек [125]. Ол үшін баланың ұлттық күәлігін (national identity) қалыптастыру қажет. Ұлттық күәлік ұлттық тіл, мәдениет, салт дәстүр, тарих, әдебиет, т.с.с. ұлттық құндылықтарды қамтиды.

Екітілді және көптілді білім беру мәселелерін зерттеген Джим Каминз (J.Cummins). Ол екі тілді немесе көптілді білім беру үрдісінде оқушылардың ана тілінің, ұлттық мәдениетінің, ұлттық құндылықтарының кемсітілуі сияқты себептермен білімге болған қызығушылығын және құштарлығының әлсіреу қаупінің болғанын айтады. Дж.Каминздың пікірінше бала екі немесе үш тілді бір уақытта үйренсе, тілді терең түсінуге және оны тиімді пайдалануға мол мүмкіндігі болады. Екі немесе үш тілден сауат ашқан бала сол тілдерді бір бірімен салыстырып, олардың ортақ ұқсастықтарын және айырмашылықтарын үйреніп, тілді қалай қолданатынын жақсы меңгеріп алады [126].

Соңғы 35 жылда жүргізілген 150 ден астам зерттеу жұмыстары неміс философы Гетенің: «Тек бір тілді ғана білетін адам, сол тілді шын мәнінде түгелдей білмейді» деген сөзін растайды [127]. Сонымен бірге зерттеулер екі және оданда көп тілде сөйлейтін балалардың мәліметтерді бірнеше тілде өңдегендіктен ой саналарының жан-жақты дамытатынын байқатады. Осы ой пікірді Хакута (K.Nakuta) бөліседі [53,р. 87]. Екі немесе көптілдік бала санасының өсуіне кері әсерін тигізеді деген ой көбінесе дәлелденбей келетін. 1960 жылдан бері зерттеу көптілдік дағдыларын санаға ешқандай жағдай кері әсері болмағанын айқындады [128]. Керісінше көптілдік жақсы қалыптасқан жағдайда санаға оң әсерін тигізеді, бірақ оның оң әсері күрделі оны өлшеу қиынға соғады. Тағы бір дәлелденбеген ұғым «Әдеттену» (pick up), яғни ешқандай дайындықсыз оқушының шет тілде сөйлейтін ортаға қатысып, сонда білім алу болып табылады. Ұзақ уақытқа созылған осындай үдеріс АҚШ та көп оқушылардың үлгерімсіздігінен және тілдік тосқауылды «барьер» орын алуынан, оқуды тастап кеткен [129].

Психолог И. А. Зимняя өз зерттеуінде көптілділікке баулу үш сатыны құрайды: "бірінші саты – бұл ана тілі арқылы ойды қалыптастыру және тұжырымдау, кейіннен сөйлеуді туыстық емес тілге (төменгі саты) аудару; екінші саты – бұл ойды Ана тілі құралдарымен қалыптастыру, кейіннен оны туыстық емес тіл құралдарымен (аралық саты) қалыптастыру; үшінші саты – бұл ойды туыстық емес тіл арқылы бірден қалыптастыру және тұжырымдау (билингвалдық өмір сүру сатысы)" [130].

Яғни, көптілділік адамға қарым-қатынас жасауға, мәдениеттерді сақтауға және дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Қостілділік пен көптілділікке халықтардың ұзақ мерзімді байланыстары әкеледі. М. М. Фомин "бірнеше тілді меңгеру қабілеті - жеке тұлғаның ерекше қабілеті бар. Екі, үш және одан да көп тілді меңгеру - көп мәдени кеңістікке шығу құралы [131].

Профессор Р.Б. Сабаткоевтің пікірінше, екі тілділік пен көптілділікке жол ана тілінен басталады. Баланы оқыту және тәрбиелеу оның мектепте болуының алғашқы күндері ол ойлаған ана тілінде жүргізілуі қажет. Егер бірден бейтаныс тілден бастасаңыз, онда оның ақыл-ой дамуының кідірісі болады. Ана тілін

оқытудың барлық кезеңдерінде оған екінші және үшінші тіл жүйелерін "салумен" өзіне ұқсас орын бөлу керек, бұл мектепте билингвизм мен полилингвизмді қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысты дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Екінші тілді оқыту кезінде (мысалы орыс тілі) мұғалім баланың лексика, фонетика және грамматика саласындағы Ана тілі сабақтарында алған білімі мен іскерлігіне, ал үшінші (шет) тілді оқыту кезінде тек қана ана тілі сабақтарында ғана емес, орыс тілі сабақтарында алған білімі мен іскерлігіне сүйенуі мүмкін [132].

Бүгінгі технология және жаһандану заманында өскелең ұрпақты көпмәдениеттілікке тәрбиелеу үдерісін іздестіру қарқынды жүргізіліп отырғанын байқауға болады. Қазіргі таңда өзара байланысы мен өзара тәуелділігі басым әлемде жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы көптілділік болып табылады.

Қазір көптілді білім беру – мектептегі оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін ең басты қажеттілік. Көптілді білім беру – көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі кезде қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін-өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты.

Десекте, жаһандануға бет бұрған заманда көптеген ұлттық айырмашылықтар азайып, ұлттық құндылықтар тәжірибесі мәнін жоғалта бастады. Сондықтан мұғалімнің алдында әр халықтың мәдени құндылықтарын, аға буынның барлық үздік тәжірибелерін пайдалану арқылы әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін қолайлы білімдік ортаны құру сияқты маңызды міндет тұр. Яғни, көпұлтты және көпмәдениетті ортада белсенді, әрі тиімді өмір сүруге мүмкіндігі мол, өзге мәдениеттерге түсіністік және құрметпен қарай алатын, бейбіт және ынтымақтастықта өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті азаматтарды қалыптастыру үшін көптілді білім беру қажет.

Көптілді білім мазмұны ана тілі мен мемлекеттік тілде, сонымен қатар, бір немесе бірнеше шетел тілінде жүйеленген білім, білік және дағдыны қамтуы тиіс. Көпмәдениеттілік жағдайында көптілді білім беруді жүзеге асырудың негізгі идеясы оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылығына сәйкес түрлі тілдерді пайдалануға ынталандыру, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, өз халқының мәдени құндылықтарын жоғалтып алмай, өзге елдің де мәдени құндылықтарын бойына сіңіре алу болып табылады.

Елімізде үздіксіз жүргізілетін маңызды іс - тіл саясатын жүзеге асыру, тілді меңгеруге деген қызығушылықты ынталандыру, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу, үш тілді - қазақ, орыс және ағылшын тілдерін – жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтау және қолдау.

Ғылыми әдебиетте «көптілді білім беру - бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз оқыту» деген ұғым қалыптасқан. Бірақ іргелі білім негіздерін меңгеру болашақтағы түбегейлі мақсат болғандықтан,

көптілділіктің «туын» көтеріп, стандарт мазмұнын білім алушыларға толығымен жеткізу, одан оң нәтиже алу артқы шекте қалып қалмауы әдістемелік ізденістерді талап етеді. Олай болса, аудармасыз оқыту мәселесі тәжірибеде толығымен дұрыс нәтижеге жеткізіп жатыр деп айта алмаймыз.

В.П. Кузовлевтің пікірінше мектептегі білім беру жағдайында «шет тілі шынайы өмір жайлы білім алуға қызмет атқарушы емес, объективті шындық жайлы ойларды көрсетудің құралы ретінде көрінеді» [133]. Қарым-қатынастың жаңа құралын меңгеру барысында айналадағы құбылыстарды көрсетуде оқушыларда өздерін тілдік тұлға ретінде сезіну қалыптасады, ол мектеп оқушыларының жалпы мәдениетінің қалыптасуына қомақты үлесін қосады [134].

Тұлғаның «индивидті әлеуметтендіру» процесі ретінде дамуы отбасының, жақын қоршаған ортаның белгілі әлеуметтік жағдайында, аймақтық, мемлекеттің белгілі әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайында, өзі соның өкілі болып табылатын халықтың этникалық, әлеуметтік мәдени, ұлттық дәстүрлерінің жағдайында жүзеге асырылады. Бұл тұлғаның дамуының макрожағдаяты. Сонымен бірге, өмірлік жолдың әрбір кезеңінде, Л.С.Выготский атап өткендей, баланың өзіндік қатынасы мен оны қоршаған әлеуметтік өмір шындығының қатынасы ретінде дамуының белгілі әлеуметтік жағдаяттары қалыптасады. Л.С.Выготский бойынша, дамудың әлеуметтік жағдаяты «тұлғаның жаңа қасиеттерін бойына сіңіру үшін бала бағыт ететін жолдар мен формаларды толығымен анықтайды, ол оны дамудың негізгі көзі-әлеуметтік өмір шындығынан алады, бұл әлеуметтіктің индивидуалды болатын жолы» [68,б. 40-42].

Бейімделу, дараландыру, ықпалдасу (А.В.Петровский бойынша) адам мен бірлестіктің өзара әрекеттесу механизмі, осы өзара әрекеттесу барысында пайда болатын қарама-қайшылықтарды шешу процесінде жүретін әлеуметтендіру және тұлғалық дамудың механизм ретінде танылады. Адамның тұлғалық дамуының өзіндік сана-сезімі, «Мен» бейнесін («Мен» тұжырымдамасы, «Мен»-жүйесі) қалыптастырумен, қажеттіліктік мотивациялық саласын өзгертумен, қарым-қатынастар жүйесі ретіндегі бағыттануын, тұлғалық рефлексияның дамуын, өзін-өзі бағалау механизмін өзгертумен байланысады. Тұлғалық дамудың барлық жақтары ішкі қарама-қайшылықпен, әртектілікпен сипатталады. Педагогикалық-психологиялық, оқу-әдістемелік еңбектерге және озық педагогикалық тәжірибелерге жасалған талдаулардың нәтижесінде шет тілін оқытуды И.А.Зимняя психологиялық тұрғыдан, ал Е.И.Пассов, В.П.Кузовлев, В.С.Коростелевтер шет тілін оқыту үдерісінде басқа тілдік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған амал-тәсілдерді қолдану жолдарын қарастырады.

Сонымен қатар, И.Г. Брыксина өзінің диссертациялық еңбегінде ағылшын тілі материалы негізінде тұлғаға бағытталған оқыту үдерісінде оқушылардың субъектілігін дамытудың педагогикалық шарттарын жан-жақты қарастырады [135].

Біздің зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысты диссертациялық жұмыс бірі, бұл Н.А. Оганесянц «Формирование культуры полилингвальной личности

в школе» тақырыбында орындалған жұмысты орны ерекше. Өйткені ғалым өз жұмысында «полилингвалды тұлға» ұғымдарына анықтама беріп, сонымен қатар полилингвалды тұлғаны қалыптастыру тетіктерін айқындап, тәжірибеде шет тілі сабақтары негізінде көптілді тұлғаны қалыптастыру әдістемесін ұсынған. Н.А.Оганесянц көп тілді тұлғаны «тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынасты үйлестіру мақсатында қоршаған әлемді жаңаша түсінуге, коммуникативті және мәдениаралық құзыреттіліктің дамуына әкелетін бірнеше сандық тілдерді игеру әсерінен жеке санасы қалыптасқан адам» деп қарауды ұсынады [47, s. 6].

О.Н.Хрусталева «Формирование языковой личности школьника в условиях полилингвального образования» тақырыбында орындалған кандидаттық диссертациясы полилингвалды білім беру жағдайында оқушылардың тілдік тұлғасын қалыптастыру мәселесіне арналған. Зерттеуші орта мектептің оқыту үдерісінде оқушылардың тілдік тұлғасын қалыптастырудағы ғылыми-теориялық аспектісін қарастыра келіп, тілдік тұлғаның өлшемдерін, көрсеткіш, деңгейлерін анықтаған [48, s. 8].

Десекте көптілді немесе полилингвалды білім беру мәселелеріне байланысты қазақстандық ғалымдар тарапынан да біршама зерттеу жүргізілген.

Б.А.Жетпісбаева өзінің «Теоретико-методологические основы полиязычного образования» атты диссертациясында қазіргі замандағы тілдік ахуалды саралай келе педагогикалық талдау негізінде көптілді білім берудің теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негіздеп, оның мәнін ашып көрсетті.

Б.А.Жетпісбаеваның ой-пікірі бойынша, көптілді тұлға «бірнеше тілдің белсенді тасымалдаушысы, мыналарды білдіреді: сөйлеу тұлғасы - индивидке бірнеше тілде сөйлеу әрекетін қатар жүргізуге мүмкіндік беретін психофизиологиялық қасиеттер кешені; коммуникативті тұлға - әр түрлі лингвистикалық қоғам өкілдерімен қарым-қатынас құралы ретінде бірнеше тілдерді қолдана алатын вербальды мінез-құлық қабілеттерінің жиынтығы; лексика немесе этносемантикалық тұлға - бұл бірнеше тілдердің лексикалық жүйесіне кіріктірілген идеологиялық қатынастардың, құндылық бағдарлардың, мінез-құлық тәжірибесінің симбиозы» [18, б. 9].

Ғалым өз зерттеуінде «көптілді білім беру» және «көптілдік тұлға» ұғымдарына анықтама беріп, сонымен қатар көптілді білім берудің педагогикалық тезаурусын құрастырған.

С.Ж.Берденованың «Формирование коммуникативной компетенции полиязычной личности учащихся 5 класса общеобразовательных школ Казахстана с русским языком обучения» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында мектеп оқушыларының екі және көптілдік тұлға ретіндегі қалыптасуының психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындап, олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша білім берудің мазмұнын, әдістерін, тиімді жолдарын ұсынған [40, б. 10].

Д.Э.Гаиповтың «Қазақ-түрік лицейлерінде ағылшын тілін оқытудың үлгісін жасау арқылы көптілді білім берудің ұтымдылығы арттыру» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында көптілді білім берудің теориялық негізін дәйектеп, көптілді білім беру шеңберінде ағылшын тілін

оқытудың үлгісін жасау арқылы білім берудің ұтымдылығын арттыру жолдарын, және оның тиімділігін тәжірибеде тексеріп, шарттарын көрсетті [41, с. 15].

Ал, Г.Д.Алдабергенова [43,с. 5] өз зерттеулерінде билингвизмнің балалар тұлғасын дамуына әсері анықталған.

А.Н. Жорабекованың PhD ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған «Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін полилингвалды тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелерін әдіснамалық бағдар ретіндегі полилингвалды тәсілдің теориялық тұрғыдан негіздеген; полилингвалды тәсіл негізінде болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру технологиясын даярлап оны ЖОО біртұтас педагогикалық үдерісінде тиімділігі мен нәтижелілігі дәлелдеді [136].

Көптілділік нәтижесі бұл көпмәдениетті тұлға. Осы тұрғыдан алып қарағанда отандық ғалымдардан Ж.Ж. Наурызбайдың [118,б. 89] ғылыми зерттеулерінде алғаш рет көпмәдени білім берудің негізгі басымдылықтары аталып көрсетілсе, ғалым Р.Башарұлы [137] Қазақстанда көпмәдени білім берудің әдіснамалық негіздерін анықтаған.

Ал, М.А.Абсатованың диссертациялық жұмысы жоғары сынып оқушыларының көпмәдени құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі жан-жақты зерделенген. Ғалым «көпмәдениеттілік», «көпмәдениетті тұлға», «көпмәдениетті құзыреттілік» түсініктерінің мәнін нақтылап, оқушылардың көпмәдениетті құзыреттілігін қалыптастырудың логикалық-мазмұнды үлгісін жасап; оқушылардың көпмәдениетті құзыреттілігін қалыптастырудың ұйымдастырушы-педагогикалық шарттары және жүйесін ұсынған [138].

М.С.Юнусованың «Мектеп оқушыларына көпмәдени білім берудің теориясы және практикасы» тақырыбындағы докторлық зерттеу жұмысында көпмәдени білім берудің әлемдік және отандық тәжірибелері зерделеніп, ҚР мектеп оқушыларына көпмәдени білім беру тұжырымдамасы жасалып, оны іске асырудың әлеуметтік-педагогикалық әлеуеті анықталды [39,с. 19].

Сонымен, оқушының полилингвалды тұлғасы деп -дүниетанымы бірнеше тілдерді меңгеруінің әсері арқылы қалыптасып, қоршаған орта жайлы жаңаша ойлауға, тұлғааралық және мәдениетаралық байланыстарды үйлестіру мақсатында, қарым-қатынас және мәдени байланыстарды дамытуға әкелетін жеке тұлғаны айтамыз.

«Қазақстан-2050» жаңа стратегиялық бағыты жүзеге асыру бойынша ерекше жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде халқына жүктей отырып, Президент ұлттың мәдени коды (тілі, руханияты, дәстүрлері) сақталғанда ғана үніне ілесе алатынымызға көңіл бөлген болатын. «Ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтатын болса, ұлттың өзі де жоғалады. Абыройлы тарихимыз, даңқты ата-бабаларымыз туралы жады естеліктері ғана бізге алдағы уақытта қиындықтарға төтеп беруге көмектеседі». Осы орайда ұлттық идеологиялардың жасампаздығы мен ұлттардың осы жолда бейне бір «өз» мүддесі үшін күрескендей қайсарлық танытуды, сондай-ақ осы айтылғандар болмаған жағдайда ұлт және оның тарихи өміріндегі перспективалар жөнінде

мүлде сөз қозғау қажет еместігі туралы көптеген ғалымдардың көзқарас-пікірлері әбден орынды.

Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағдарының басым бағыттарын анықтай отырып және жақын келешекте қуатты Қазақстан мемлекетін құрудағы жастардың рөлі мен жауапкершілігін айқындай отырып, Президент олардың ұлттық сана-сезімі мен тарихи сананың жан-жақты қалыптасуы мәселесінің маңыздылығын барынша нақтылаған болатын.

Ұлттық сана-сезім қазіргі адам санасының ажырамас бөлігі болғандықтан, бұлай болуы заңды. Өркениетті елдердің баршасында қилы мәдени мағыналарды іздестіру мақсатында сан алуан ой-әрекет түрлеріне араласып, сұхбат жүргізе алатын ұлттық мәдениетті ұстанушы адамды тәрбиелеу заманауи білімнің мән-маңызы болып табылады.

Қазақстанның екітілділіктен үштілділікке өтуі заңды құбылыс. Орыс және ағылшын тілдері қарым-қатынас құралы ғана емес, олар сонымен қатар әлемдік білім алудың тиімді жолы болып есептеледі.

Бірнеше тілді меңгеру Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа экономикалық және мәдени интеграциялануына белсенді мүмкіндік береді. Бұл мақсатқа қол жеткізу Қазақстанда үштілді білім жүйесін қолданғанда ғана мүмкін болары сөзсіз. Қазақстанда аталған жүйені қалыптастыруға мүмкіндіктер баршылық. Көптілді білім берудің ұтымды жақтары да көп болады.

Тіл қарым- қатынас құралы ретінде баланың тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді. Тіл арқылы бала ата-бабалардан мұра болып қалған ұлттық игіліктерді таниды. Басқа халықтардың тілін үйрену арқылы бала оның қалай айтылатынын, нені білдіретінін біліп қана қоймайды, ол сонымен қатар сол халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне терең бойлайды, халық ауыз әдебиетімен, ұлттық ойындарымен танысады.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, оқушының полилингвалды тұлғасы - тек түрлі тілдік мүмкіндіктерге ие тұлға ғана емес, өз әлеуметтік ерекшелігі мен этникалық негізі бар, көптілдікті әлеуметтік мақсатқа сәйкес басқалармен өзара әрекетінде тілді, оның заңдылықтарын толық игерген, оны тілдесім әрекетінде коммуникативтік қажеттілік ретінде қолдана алатын қоғамдық өмірге икемді тұлғаны айтамыз.

Қорыта келгенде, жалпы білім беретін орта мектеп жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары және тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін диссертациялық жұмыстың келесі тармақшасында қарастырамыз.

1.2 Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары

Соңғы жылдары отандық және шетелдік ғалымдар теориялық ойлау пәні ретінде әдіснамалық тұғырларды жиі пайдаланып жүр. Тұғырларды мынадай түрлерге бөлуге болады: жүйелік, тұтас, тұлғалық-қайраткерлік, полисубъектілік, мәдениеттанымдық, антропологиялық, акмеологиялық, аксиологиялық, полилингвалды, инновациялық, интеграциялық,

синергетикалық және т.б. Біздің зерттеу жұмысымызға байланысты әдіснамалық тұғырларға қысқаша сипаттама төмендегідей береміз, себебі келесі диссертация тарауында осы әдіснамалық тұғырлар орта мектеп оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың тұжырымдамалық бағыттары негізінде қарастылады.

Жүйелік тұғыр жүйенің құрылымын (салыстырмалы өмірге орайлығын көрсететін) және ұйымдасуын (сандық сипаттамасы мен бағыттанушылығын), оны басқарудың негізгі қағидаларын айқындайды. Бұл тұғырды қолдану барысында ғылыми-педагогикалық зерттеу нысаны мен жүйенің бір нәрсе емес екенін есте ұстау қажет; жүйені атап көрсеткен кезде зерттеліп отырған құбылыс қоршаған ортадан жасанды түрде ажыратылады, яғни одан абстракцияланады; зерттеу нысаны жүйесін анықтаған кезде оның элементтері мен оның ортасының элементтері, жүйенің элементтері арасындағы жүйе жасаушы қатынастар, жүйенің өзінің ортаға деген маңызды қатынастары айқындалады. Күрделі үдерістерде жүйенің элементі дербес немесе тәуелсіз жүйе болуы мүмкін және оның сапасы тек жеке-дара элементтердің сапасымен ғана емес, элементтердің ортамен қарым-қатынасымен де анықталады.

Тұтастық тұғыр педагогикада функционалдық тұғырға қарсы бағытта пайда болды. Онда педагогикалық үдерістің қандай да бір жағы сол кезеңде үдерісте және тұлғада болып жатқан жалпы өзгерістерге қатынассыз күйде алып зерттеледі.

Функционалдық тұғырдың мазмұны, онда педагогикалық үдерісті зерттеу оның жалпы күйін, белгілі бір құрылымдық жүйе екендігін, ондағы әр бір бөлшек қойылған мәселені шешуде өз қызметін атқаратындығын есепке алмайды, яғни мұнда әр бір бөлшектің қозғалысы жалпы қозғалыс заңдылықтарына бағынады. А.С. Макаренко «Тұлға бөлшектер бойынша қалыптаспайды», - деген болатын [139]. Дегенменде, біздің пікірімізше, қазіргі білімдендіру тәжірибесіндегі объективтік қайшылықтардың ең бастысы тұтас тұлға мен оның даму проблемаларын шешуде функционалдық тұғырды қолдану арасындағы қайшылықтарда дер едік. Осыдан келіп, тұтас тұғырды қолдану қажеттілігі туындайды. Мұндағы басты ой, тұтастықтың қасиеті ондағы бөлшектердің жинақталған қасиеті емес екендігін білдіруде жатыр. Бұл тұлғаның дамуын, оқуын және тәрбиесін қамтамасыз етеді. Тұтас тұғыр жүйелі даму ретінде, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру барысында тұлғаның интегративтік сипаттамасына бағытталуды талап етеді. Педагогикалық жүйеде және дамушы тұлғада ең алдымен интегративтік және нұсқалық жүйе құрушы байланыстар мен қатынастарды бөліп алып зерттеуде, тұтас жүйе ретінде жеке компоненттердің тұлға дамуына қосатын үлесін анықтау керек. Осыған байланысты тұлғаның өзі құрылымы, қызметі мен ішкі құрылысы бар тұтас, күрделі психикалық жүйе деп қабылдануы тиіс [140].

Педагогикадағы *тұлғалық-қайраткерлік тұғыр* тұтас тұғырдан туындайды. Ол тұлғаның әлеуметтік, қайраткерлік және шығармашылық мәнін дәлелдейді. Тұлғалық тұғыр педагогикалық үдерісті құрастыру мен іске асыруда тұлғаға бағыттаушы мақсатты, субъектіні, оның тиімділігінің басты белгісін және нәтижені білдіреді. Адам қызметі мен өмірдің тұлғалық мәнін

калыптастырушы бағытты айқындайды. Тұлғаның бірегейлігін, оның қабілеттік және адамгершілік бостандығын, құрметке құқылы екендігін талап етеді. Ол тұлғаның шығармашылық қуаты мен өзіндік дамуының табиғи процесінде тәрбиеге сүйенеді және осыған сай жағдай жасайды. Қызметке тұлғаның дамуындағы негізгі құрал мен шешуші жағдай жатады. Тұлға қызметінде тұтас психологиялық процесс ретінде тәрбиеге сүйене отырып, қажеттілік, мотив, мақсат, әрекет пен операцияларды, жағдай мен құралдарды, нәтижені де қамтиды. Қайраткерлік тұғырға сәйкес оқыту оқушының белсенді оқу, танымдық және басқа да зерттеушілік, шығармашылық қызметі барысында жинақтаған практикалық тәжірибесінің қалыптасуы негізіне құрылады [23,б. 69].

Полисубъектілік (сұқбаттық) тұғыр адамның рухани дүниесінің адам қызметінен әлдеқайда бай, жан-жақты және күрделі екендігінен туындайды. Білімдендіру процесі субъектілерінің қатынастарына назар аудару қажеттігін мойындау олардың рухани дамуының маңызды бастауы болады. Тұлға сұқбаттық қарым-қатынастарда қалыптасатын қатынастардың жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл байланыста тұлға белгілі дәрежеде оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасының жемісі, нәтижесі, яғни полисубъектілік қалып болып саналады. М.М.Бахтин «адамдағы адам» басқалар үшін де, өзі үшін де тек қарым- қатынаста, өзара байланыста ғана ашылады». - деген болатын. Оның пікірінше, сұқбат - тұлғаны қалыптастыру құралы емес, ал соның өзі. Педагогикалық үдерісте сұқбат (диалог) қағида бойынша құрылған өзіндік даму және өзара әрекет бірлігін қамтамасыз ету керек. Сұқбаттық тұғыр тұлғалық-қайраткерлік тұғырмен бірлікте гуманистік педагогика әдіснамасының мазмұнын құрайды [141].

Мәдениеттанымдық тұғыр танымның нақты-ғылыми әдіснамасы ретінде әрекеттің өзара байланыстағы үш аспектісіне ие: аксиологиялық (құндылықты), технологиялық және тұлғалық-шығармашылық. Біріншіден, мәдениеттанымдық тұғырдың *аксиологиялық аспектісінде* адам қызметінің әр бір түріне өзіндік негіз, баға, бағалаудың басты шарты және тәсілдері тән болады. Мәдениеттанымдық тұғырдың бұл аспектісі моральдық сана мен адам мінезінің берік нормасы ретінде тұлғаның құндылықтар бағытын қалыптастыру және зерттеуді қамтамасыз ететін педагогикалық үдерісті ұйымдастыруды анықтайды. Екіншіден, мәдениеттанымдық тұғырдың *технологиялық аспектісі* мәдениетті адам қызметінің өзіндік тәсілі ретінде түсінумен байланысты. «Мәдениет» және «қайраткерлік» категориялары тарихи өзара шарттылықта болады. Яғни, тұлғаның мәдениеті игеруі практикалық қайраткерлікті игеруге жағдай жасайды немесе керісінше, үшіншіден, *тұлғалық-шығармашылық аспект* жеке тұлғаның, мәдениеттің объективтік байланысымен шартты болады. Жеке тұлға - мәдениетті таратушы. Осыған байланысты мәдениетті игерудің мәдениеттанымдық тұғырының тұлғалық-шығармашылық аспектісі дегенде адамның өзін өзгерту мәселесін, оның шығармашылық тұлға болып қалыптасуын, тұлғаның шығармашылық қызметімен мәдениеттің байланысын есепке алуды (адам мәдениеттің тек объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісі де болады) түсінуіміз керек [142].

Қарастырылып отырған әдіснамалық тұғырлардың арасында ең жақынды деп полингвалды тұғырды санаймыз. Полингвалды тұғыр орта мектеп оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың негізі деп айқындаймыз.

Полилингвалды тұғыр көптілді білім беру оқушылардың білім мазмұнын қалыптастырудың әдіснамалық негізі ретінде көптеген мәдениеттерді, әртүрлі ұлт өкілдерінің өмір салаларын түсінудегі, әртүрлі континенттердегі адамдардың жалпы өмір салтын меңгерудегі диалогтың, мәдениетаралық коммуникацияның маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Бірқатар ғалымдар көптеген мәдениеттермен тиімді қарым-қатынас жасау үшін тілдік дағдылар жеткіліксіз деп сендірді. Адамдардың тұлғааралық және этносаралық қатынастарының сипатын анықтайтын өмірдің көп тілді ортадағы мәдениетаралық байланыстары да маңызды болып табылады (Т.Н. Астафурова, Д.Б. Гудков, Б.Г. Зинченко, В.Г. Зусман, З.И. Керноза, О.А. Леонтович, В.П.Фурманова, Н.Л. Шамне және т.б.).

Наом Хомскийдің пайымдауынша, барлық тілдердің ішкі құрылымы негізінде бірдей [139,с. 29]. Яғни, екінші бір тілді игерген адам басқа да тілдерді тез игеріп кететіні ғылыми тұрғыдан анықталған. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру болашақ ұрпағымыздың білім көкжиегіне еркін самғауына ықпал жасайтын алтын көпірдің бірі. Қай заманда да тіл игеру дегенімізді ағартушылықпен ұштастырғанда ғана нәтижеге жете аламыз. Қызыл империя өз қысастығын көрсеткен заманда да еліміздің оқыған азаматтары Шоқан Уәлиханов, Салық Бабажанов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев тіл үйрену арқылы ілім жинауды басты мақсат еткен.

Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсатымызды анықтап алдық. Ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Көптілді және билингвалды білім беруде оқу-тәрбие үдерісінен күтілетін нәтижелер мыналардан тұрады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс тілінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;
- бітірушінің көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі;
- көп мәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;
- ұлттық және жалпықазақстандық, құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығу танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;
- бітірушілер еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамауы және т.б. [143].

Дегенмен, лингвистика ғылымында тек XX ғасырдың соңында қалыптасқан бұл бағыт салыстырмалы түрде жаңа болып саналады. «Тілдік

байланыс» терминін А. Мартине ұсынған және У.Вайнрахтың «Languages in contact» атты танымал еңбегінен кейін кең қолданыс тапқан [142,с. 264].

Алайда, У. Вайнрахтың өз зерттеуінде сілтемелер жасап отырған авторы Л.В.Щерба сонау 1926 жылдың өзінде «О понятии смещении языка» атты мақаласында «тілдік байланыс» терминінің қолданғанын атап өткен жөн. Қазіргі таңда, бұл терминге кеңінен жасалған талдаулар да, анықтамалар өте көп. Мысалға, Л.В. Щерба «екі немес одан да көп тілдерді меңгерген/ оқыған индивдте екі тілдің қатар өмір сүретіні туралы айтуға болады» деп жазған болатын [143,с. 74]. У. Вайнрах және Э.Хауген «тілдік байланысқа» бір адамның екі немесе одан да көп тілді кезекпен қолдана алуы деген анықтама берген.

Л.Заводский, У.Вайнрахтың анықтамасының ізімен бар дефиницияны одан әрі нақтылай түсті: «Егер сөйлеуші адам екі тілді қолданса (белсенді немесе енжар) немесе тек білсе, онда диалектілердің немесе тілдердің арасында байланыс болады. В.Ю. Розенцвейгтің пікіріне сәйкес, тілдік байланыс дегеніміз кез-келген «екі тілдік ұжымдар арасындағы сөздік байланыс» О.С.Ахманова бұл құбылысты «адамдар ұжымдарын тілдік қарым – қатынасқа итермелейтін ерекше географиялық, тарихи және әлеуметтік шарттардың себебінен пайда болатын тілдердің жанасуы» деп түсіндіреді [144].

Ю.А. Жлуктенко бойынша, жоғарыда келтірілген анықтамалар біршама нақты емес, біріншіден, «екі адамдар ұжымының арасындағы қатынас қандай да бір тілдік байланыссыз да бола береді», екіншіден, «әртүрлі ұжымдардың қатынасында берілген тілдердің біреуі, немесе тіпті, үшінші бір тілдің қолданылуы мүмкін» [145]. Демек, берілген анықтамалардың толықтылығы мен қамту көлемі аталған құбылыстың мәнін ашуға керек талаптарға сай келмейді. А.Е. Карлинский, «тілдік байланыс» түсінігін синхронды және диахронды аспектерде қарастырады және оған мынадай анықтама береді: «Екі тіл (А және В) А тілінде сөйленетін сөзде (мәтінде) В тілінің элементтері болса немесе екі тіл арасында қатынас болса және де керісінше болса, онда бұл екі тілдің арасында тілдік байланыс болғаны» [146]. Осыған байланысты, Р.А.Будагов бұл анықтаманы «коммуникативті және тілдік тәсілдемелерді үйлестіреді, тілдің жүйелілігін ескереді, жүзеге асырылуы өзгермелі сипатқа ие элементті абстрактты ұғыммен пайдаланады» деп санайды [147].

Біздің көзқарасымыз бойынша, соңғы келтірілген анықтама ең ойға қонымдысы деп санаймыз, себебі, осы құбылыстың лингвистикалық аспектегі барлық керек құрама бөліктерін қамтиды.

Тілдердің өзара араласуы мен әсерлесуі сұрақтарына арналған зерттеулерде, тілдік байланыстарды жіктеуге жасалған әртүрлі жұмыстарды табуға болады. Бір лингвистер өздерінің зерттеулеріне экстралингвистикалық факторларды арқау етсе, екіншілері өздерінің жіктемелерін интралингвистикалық факторларларға сүйеніп жасаған [148].

Ғылым дами келе және билингвизм феноменіне байланысты көптеген теориялық және тәжірибелік ақпараттарды теріске шығарған эмпирикалық нәтижелердің пайда болуы арқасында, сонша уақыт өмір сүрген түсіндірме мүлде басқа сипатқа ие болды [149].

Шетел лингвистикасында У.Вайнрахтың билингвизмге «екі тілді алма-кезек қолдану» деген анықтама берген «Тілдік байланыстар» атты классикалық еңбегі жарық көргеннен соң билингвизм зерттеу нысанына айналды.

Билингвизм сұрақтарына, контрастивті лингвистика тұрғысынан қазақ және орыс тілдерінің даму тенденцияларына, заманауи Қазақстандағы тілдік жағдай мен тілдік саясат сұрақтарына танымал қазақстандық лингвист Э.Д. Сүлейменованың бірқатар еңбектері арналған. Аталған мәселе бойынша қазақстандық зерттеушілер жұмысына жасалған шолу соңында билингвизм мәселесі ғалымдарды зерттеудің түрлі позицияларынан қызықтыратыны мәлім болды [150].

Ғылыми әдебиетте «көптілді білім беру - бұл білім беру мекемелерінде оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз оқыту» деген ұғым қалыптасқан [151]. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына жүгінсек, бүгінгі түлек-көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі дамыған, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейін меңгерген, қазақ елінің және жалпы қазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана сезімдері дамыған тұлға [142,с. 11].

Бельгиялық ғалымдар Ж.Ф. Хамерс және М.Бланк тілдік байланыс теориясында қолданылатын билингвизм және билингвалдылық деген екі терминнің, ара – жігін ажыратады. Зерттеушілер билингвалді деген сөздің астарында «индивидтің бірден артық тілдік кодқа қолы жететін психологиялық халі» деген мағына жатыр десе, билингвизм өз кезегінде билингвалдылық түсінігін қамтиды, бірақ екі тіл арасында тілдік байланыс орнаған қоғамды сипаттауға қолданылады [152].

Ю.Д. Дешериев, Л.Б. Никольский, И.Ф.Протченко, А.Д. Швейцер. Қазақстандық билингвистикада оның социлингвисттік аспектілері мәселесі Д.Х. Аканова, О.Б. Алтынбекова, М.К.Исаева, А.Е.Карлинский, М.М. Копыленко, Ж.С. Смағұлова, Э.Д.Сүлейменова, Б. Хасанұлы, Д.Д. Шайбақова, Н.Ж. Шаймерденова сынды ғалымдардың іргелі еңбектерінде көрініс тапты.

Билингвизмді социоллингвистикалық аспектіде қарастыра отырып, ғалымдар билингвизмді екі тілді басқаларға түсінікті формада өз ойын жеткізе алатын деңгейдейде осы тілдердің кең қолданыс тапқан өмір сүру формаларында білу деп анықтайды.

Тілдік байланыс теориясы негіздеріне терең талдау мен сипаттама жасаған А.Е. Карлинскийдің еңбегін атап өткен жөн. Ғалымның пікірінше, билингваның ерекшелігі оның үш тілдік топқа тиесілі екендігі:

- біріншілік топ (тек монолингвалардан тұратын – бірінші тілде сөйлейтіндер);

- екіншілік топ (тек монолингвалардан тұратын – екінші тілде сөйлейтіндер);

- екі тілді топ (билингвалардан тұратын – бірінші де екінші де тілдерде сөйлейтіндер).

Яғни, әрбір келесі тіл адамның коммуникативті ортадағы мүмкіншіліктерін бірнеше есе көбейтіп отырад. Мысалы, үш тіл білетін адам мүшесі болады:

- үш монолингвалық топтың;
- үш билингвалық топтың;
- бір трилингвалді топтың.

Демек, бұл адамның коммуникативті мүмкіндіктері 7 есеге дейін өсті.

Билингвизм анықтамасын зерттеу кезінде қолданылатын тілдер санына байланысты сұрақтар талас тудырады. Кей ғалымдар, билингвизмді екі тіл білу деп түсінеді, ал басқалары болса, билингвизмге екі тілден көбірек білуді жатқызады [153].

Л. Блумфилд, В. Гавранек, А. Мартине, Ли Вей, Э. Хауген және көптеген орыс ғалымдары (В.А.Аврорин, С.А.Беляева, Е.М.Верещагин, М.Ю.Розенцвейг, К.Х.Ханазаров) билингвизмді екі тілді меңгеру деп қарастырады. Дей тұрғанмен, билингвизмді екі тіл білумен шектелу дегенге келіспейтін де ғалымдар бар. К.Майерс – Скоттонның пікірінше билингвизм – күнделікті әңгіме жүргізе алу үшін жеткілікті дәрежеде екі немесе одан да көп тіл білу. Р.Аппел және П.Муйскен билингваны екі немесе одан да көп тілді кезек-кезек қолдана білетін адам деп анықтайды. Алайда, «билингвизм» терминінің өзі «екі тіл» деген мағынаны беретінін ескеру керек. Ал көптілділікті ғалымдар «мультилингвизм» немесе «полилингвизм» терминдерін қолданып жеткізеді.

Аталған құбылыстың кешенділігі себепті билингвизмнің типологиясы түрлі психолингвистикалық, социоллингвистикалық және лингвистикалық критерийлерге негізделген.

Белгілі бір критерийлерге сүйеніп, Е.М.Верещагин билингвизмнің келесідей жіктемесін ұсынады:

1) аталған дағдының негізінде орындалатын іс-әрекет саны бойынша:

- рецептивті билингвизм (қабылдаушы);
- репродуктивті билингвизм (орындаушы);
- продуктивті билингвизм (туындатушы).

2) екі сөйлеу механизмінің өзара қатынасы бойынша:

- таза билингвизм (тілдік жүйелер бір-бірінен тәуелсіз);
- аралас билингвизм (сөйлеу кезінде тілдік жүйелер бір-бірімен байланысты) [154].

Одан әрі кеңейтілген жіктемені Ли Вейдің еңбектерінен табуға болады. Оның еңбектерінде 40-тан астам жіктеме ұсынылған [155].

Әдебиеттерді шолу аталған құбылыстың кешенділігі себепті лингвистикада қазіргі таңнақты билингвизмнің анықтамасы жоқ.

Дегенмен де, анықтамалар мен жіктемелердің сонша көптүрлілігі жағдайында да, осы мәселемен айналысатын зерттеушілердің сүйенетін ең маңызды фактілерді бөліп қарастыруға болады:

- билингвизм екі тілді бірдей меңгеру ретінде анықталады;
- билингвизм екі тілді бірдей емес меңгеру ретінде қарастырылады;

- билингвизм, сондай-ақ, байланыстық тілдің элементарлы деңгейін меңгеру мен сол тілде еркін сөйлей алу шегінде жататын феномен болып табылады;

- билингвизм психоллингвистиканың пәні бола отырып, жеке дара қарастырылады;

- билингвизм социоллингвистиканың пәні бола отырып әлеуметтік тұрғыдан қарастырылады;

- билингвизм екі немесе одан да көп тіл білу деп тұжырымдалады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, билингвизмді түрлі тұрғылардың зерттеу бұл құбылыстың пайда болу себептерін ашып сипаттауға мүмкіндік береді және тілдік өзара байланыстың механизмін түсінуге жол ашады. Билингва деп бір тілден көп тілде сөйлейтін және бір тілден екінші тілге тілдік жағдайға сай оңай ауыса алатын адамды санаймыз. Бұл тұрғыда көптілде сөйлейтін адамдардың интеллектуалдық қабілеттігі де талдануы тиіс мәселе. Көптілділікті жеке тұлғаның интеллектуалды дамумен байланысы жайлы ежелден зерттеліп келеді. Ғалымдар бұл мәселені жан-жақты қарастыра келе үш кезеңді атап көрсетеді: негативті, нейтралды және позитивті кезеңдер. Көптілділіктің негативті кезеңінде көптілді тұлғаның бір тілді жеке тұлғадан интеллектуалды дамуы төмен деген тұжырым жасалған. Мұның негізгі дәлелі көптілді және біртілді адамдар арасында өткізілген IQ тесттері болған.

Билингвизмнің танымдық теориясының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар Л.С.Выготский, В.А.Артемов, Н.И.Жинкин, А.А.Леонтьев, Л.В.Щерба, Б.В.Беляев ішкі танымдық үдерістердің екінші бір тілде сөйлеудегі ойлаудың қарым-қатынасы туралы мәселелерді қарастырды.

Бұл тұрғыда екі түрлі көзқарас қалыптасты:

- біріншісі бойынша екінші бір тілде сөйлегенде ойлау мен сөйлеу жеке және өзіндік процесс деп қарастырды (В.А. Артемов, С.К.Шаумян);

- екіншісі бойынша екінші бір тілде сөйлегенде ойлау мен сөйлеу тығыз байланыста болады деп қарастырушылар (Л.С.Выготский, Н.И.Жинкин, А.А.Леонтьев, Б.В. Беляев).

Шетелдік ғалымдар тілдік жүйелердің өзара байланысына көп мән берді.

J.Cummins шетел тілін игеру құзыреттілігінің екі аспектісін атап көрсетті: “BICS” (basic interpersonal communicative skills) - күнделікті қатысымдағы негізгі коммуникативтік шеберлік және “CALP”- (cognitive/academic language proficiency)- танымдық/академиялық тіл білу құзыреттілігі [153,р. 60].

J.Cummins өзінің ғылыми жұмыстарында BICS және CALP арасындағы айырмашылықтарды көрсету үшін Блум Таксономиясын қолданды.

Төменгі кезеңдері яғни білу/тану, түсіну, қолдану кезеңдері “BICS” қатысты қарастырса, талдау, жинақтау және бағалау кезеңдерін “CALP” қатысты құзыреттілік деп есептеген. J.Cummins еңбегі ЖОО–дағы білім алушыларды көптілділікке қалыптастыруда BICS /CALP теориялары негізінде коммуникацияның екі факторын құрастырды [154,с. 7]. Бірінші фактор бойынша білім алушы тілдік қарым-қатынасқа төменгі деңгейде ауыз-екі сөйлеу (грамматика, фонетика, лексика) қолдануы яғни мұнда танымдық дағды мен шеберліктің қажеттілігі шамалы.

Екінші фактор бойынша танымдық дағды мен шеберлік деңгейінің қажеттілігі туындайды өйткені, мұнда білім алушы игерілген білімді талдау, жинақтау және бағалау процесстеріне қатысатындықтан коммуникативтік құзыреттіліктің қажеттілігі туындайды. CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдісі бойынша пән оқыту арқылы тілді де қоса игертудің тиімділігі қарастырылады. Бұл әдістің негізгі мақсаты: білім алушылардың өзіндік пәндік білімі мен тілдік құзыреттілігін кіріктіре отырып бойларында CALP қалыптастыру.

Л.С.Выготский, Cummins және Блум Таксономиясын қарастыра отырып төмендегідей қорытынды жасай аламыз: “CALP”- танымдық/ академиялық тілдік құзыреттіліктің жоғарғы деңгейдегі ойлау дағдысын талдау және оны екінші бір тілде жеткізу құралы болып табылады. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру жағдайында аталмыш әдісті пайдалануға болады. Себебі, танымдық/академиялық тілдік құзыреттіліктің құрылымы үш компоненттен тұрады: танымдық компонент (ойлау дағдысының жоғарғы деңгейімен анықталады) оқытылып отырған пәнді талдау, жинақтау және бағалау кезеңдерінде білім алушы өз ойын нақты жеткізуі, алынған қорытындыларды талқылау және сараптау, өз шешімін дәлелдеу, байланыстары мен ерекшеліктерін нақты талдау, толық қамту, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай білу, құбылыстарды бағалау және интерпретациялай алу шеберлігі қалыптасуы керек; академиялық компонент (терминологиялық минимумды, кілт сөздерді білуі, анықтама беру қабілетінің қалыптасуы, графикалық символдарды үш тілде білуі, сөздерді игеру және қолдана білуі); тілдік компонент (тілдік жүйенің құрылымынан білімінің болуы яғни, лексико-грамматикалық және фонетика) [155,с. 75]. Осыған орай, бір оқу орнында бір мезгілде бірнеше шет тілін меңгеруді қарастыратын білім беру жүйесін полилингвалды білім деп пайымдауға болады.

1.3 Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

Қазақстандық қоғамда қазақстандықтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруіне бағытталған үштілділік саясаты жүргізілуде. Үштілділік саясаты ана тілін ұмытуды емес, керісінше, қазақ тілін бірінші орынға қоюды алға шығарады.

Көптілді білім беру – бұл тұлғаның бір мезгілде бірнеше тілді меңгеріп, адамзат тәжірибесінің әлеуметтік маңызды «фрагменті» ретінде тіл білімі мен оны үйрену дағдысын, сөйлеу әрекетін нақты көрсете алатын, мәдениет пен тілге деген эмоционалды-құндылықтық қатынасты қалыптастыруға ықпал ететін, көптілді индивидтің мақсатты, ұйымдасқан, нормаға сәйкестенген оқытудың үштілділік үдерісіндегі тәрбиесі мен дамуы.

Көптілді тұлға дегеніміз - бұл бірнеше тілдерді белсенді тасымалдаушы. Сондықтан «лингвистикалық сана-сезімі дамыған индивидті» көпмәдениетті тұлға деп атайды.

Полилингвалды тұлға қалыптастыру - үдерісінің тіл қоғамдық қатынастардың объективтік қажеттілігінен жай пайда болып қана қойған жоқ,

сол қоғамдағы адамдардың бірлескен іс-әрекеттерін үйлестіру талап тілегін орындау үшін үздіксіз дамып отырды.

Сондықтан, ең алдымен, «коммуникация» ұғымын қарастырайық. Коммуникация латынның «*communication*» сөзінен шыққан, латын тілінен аударғанда, қарым-қатынас орнату, байланыс жасау, бір-бірімен араласу, қатысу деген ұғымды білдіреді [156]. Коммуникация теориясының пайда болуы, қалыптасуы, тарихи кезеңдері болды. Коммуникацияның теориялық үлгілері: психоаналитикалық (З. Фрейд, К. Юнг), экзистенциалистік (М. Бубер, К. Ясперс), көзқарастық (М. Вебер), футурологиялық (А. Тоффлер) еңбектерде талданып, ғылыми қолданысқа енді. Солардың нәтижесінде ХХ ғасырдың басында ғылыми әдебиетте «коммуникация» термині пайда болып, қоғамдық дамуға әсер ететін бірден-бір күш деп түсіндірілді, сонымен қатар, оның төмендегідей үш мазмұны нақтыланды:

- коммуникация — кез келген материалдық және рухани әлем объектісіндегі байланыс құралы (белгілі бір құрылым);

- коммуникация -тілдесу, қатынасу құралы (адамдардың бір-бірімен өзара әрекеті мен ақпарат алмасуы - жеке *аралық коммуникация*);

- коммуникация - (қарым-қатынас және қоғамда ақпарат алмасу құралы (қоғамдық санаға әсер ету - әлеуметтік *коммуникация*) [156,с. 18].

Коммуникация ұғымы дами келе, білім, техника, саясат салаларында кеңінен қолданыла бастады. Қазіргі таңда «коммуникация» термині қоғамның кез келген саласында кездеседі. Тіпті мектепте мұғалім мен оқушының байланысқа түсуін де осыған мысал етуге болады.

Ф.Ш.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас негіздері» атты еңбегінде: «Коммуникация - қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланысу деген мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді», - деп атап көрсетеді [94,б. 133].

Коммуникация арқылы адамдар бір-біріне ойын жеткізіп, белгілі бір нәрсені хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар олар өзара түсініседі, пікір алмасады, бірінің ойын екіншісі ұғады. Екі адамның бірінің жанын бірі ұғуы бір топтың түсінісуіне, ол топтың пікір алмасуы қоғамның жетілуіне әкеледі [157].

Коммуникативтік процесс, негізінен, вербалды (сөйлеу мен сөзге негізделген) және бейвербалды (сөзге негізделмеген) коммуникация деп екіге бөлінеді. Вербалды коммуникация сөйлеу барысында жүзеге асырылады. Сөйлеу арқылы негізгі лексикалық және синтаксистік мағынасын түсінеміз. Сөйлеу - коммуникацияның әмбебап құралы - адамдардың танымдық-еңбек процесінде бір-бірімен қарым-қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу, ақпарат беру, т.б. әрекеттерінің айрықша формасы болып табылады.

Коммуникация вербалды және бейвербалды жүзеге асуы мүмкін. Вербалды, яғни тілдік коммуникация адамдар үшін негізгі қатынас көзі болып саналады. Тілдік құралға ауызша және жазбаша түрлерін жатқызамыз. Тілсіз қатынас өте көне қарым-қатынас түріне жатады.

Қарым-қатынас кезінде белгілі бір хабар, ақпарат жеткізіледі. Ақпарат әдетте сөйлемдер және мәтіндер арқылы беріледі. Ал бейвербалды коммуникацияда түрлі таңбалар, заттар ақпарат көзі бола алады. Демек, ақпарат түрлі сипаттағы таңбалардан тұрады. Олар тілдік және тілдік емес таңбаларды құрайды. Оны таңбалар туралы ғылым семиотика немесе семиология зерттейді [158].

«Коммуникация» терминінің тіл білімі саласындағы адамдардың танымдық-еңбек процесінде бір-бірімен қарым-қатынас жасау тұрғысындағы мағынасына сәйкес «коммуникативтік әрекет», «коммуникативтік қабілет», «коммуникативтік құзыреттіліктер» терминдері қолданысқа енді. Алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздейік.

Адамның іс-әрекеті-күрделі құбылыс. Оның түрлі жақтарын әртүрлі ғалымдар зерттейді. Ал қоғамдық мағынасы қоғамдық ғылымдардың пәні, физиологиялық механизмдер - физиология пәні болып табылады. Адам, еңбектің қай түрімен айналысса да, өмірге ең алдымен қайраткер, іскер және жасампаз болып келеді. Іс-әрекет арқылы адамның рухани өмір байлығы: ақыл-ой тереңдігі, күйіну-сүйіну, қиялдау қабілеті мен ерік-жігері, икемділігі мен мінез-құлық сипаты ашылады [73, с. 111].

Іс-әрекеттің негізгі сипаттамасы болып оның мағыналығы саналады. «Мағынасыз әрекет» деген ұғымға ешқандай түсінік берілмейді. Іс-әрекеттің мағынасыз болуы мүмкін, бірақ іс-әрекетті ғылыми зерттеу оның мағынасының ашылуын талап етеді.

Іс-әрекет тарихи қоғамдық дәреже. Кез келген іс-әрекет қоғам әрекетімен үздіксіз байланыста, кез-келген жеке адам басқа адамдармен байланыста болады. Жекелеген іс-әрекет қоғамдық байланыстар мен қатынастардан тыс бола алмайды. Психологияны жекелеген іс-әрекеттің несі қызықтырады? Оның сараптамасының объектісі болып іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі жеке адам саналады.

А.Н. Леонтьевтің пікірі бойынша, іс-әрекет құрамына психика енетін, объекті мен субъект арасындағы шынайы байланыс. Жеке адам қандай да бір іс-әрекетті орындай отырып, қабылдайды, есте сақтайды, ойлайды, зейін салады, оның үрдісі кезінде адамда эмоциялар пайда болады, еріктік қасиеттер көрінеді, қатынастар, көзқарастар қалыптасады және т.б. [64, б. 115]. Орындау кезінде адам қабылдамайтын, ойламаймын, уайымдамайтын іс -әрекеттің болуы мүмкін емес. Егер жеке адамда әрекетті қозғаушы мотивтер болмаса, оның мақсаты болмаса, өзінің әрекетіне себеп болатын нәрселерді немесе модельдерді қабылдмаса, егер ол нені қалай істеу керек екендігі есінде сақтамаса онда іс-әрекет жүзеге аспайды. Қысқаша айтқанда, психикалық деп аталатын адамның күйлерінің, ерекшеліктерінің және үрдістерінің жүйесі іс -әрекетте білінеді, дамиды, қалыптасады.

Іс-әрекетті зерттеу кезінде психологияны, ең алдымен, қоғамдық қатынастардың субъективтік бейнеленуінің түрлерін білдіретін эмоциялар ерігі, мақсаттың қалыптасуы, мотивтер қызықтырады. Субъектіге қатынасыз қарастырылатын іс-әрекеттің ешқандай психологиялық сипаттамалары болмайды. Олар тек іс -әрекет субъектісіне ғана тән болады.

Адамды белгілі бір жағдайда белгілі іс-әрекет жасауға не итермелейді. Кез-келген тіршілік иесі сияқты адамның да белсенділігінің көзі оның қажеттіліктері, яғни адамның өз тіршілігі мен дамуының белгілі бір шарттарына тәуелді болатынын білдіретін оның күйлері. Адамның қажеттіліктері өндіріс пен мәдениеттің дамуы салдарынан пайда болады. Егер жануарлардың қажеттіліктерін органикалық деп атауға болатын болса, онда адамның қажеттіліктері «органикалық жоғары» болып түрленеді [73,с. 112] Алайда, қажеттілік өздігінен саналы іс-әрекетті тудырмайды. Саналы қажеттілік мінез-құлықтың-мотиві болып табылады. Іс-әрекетті психологиялық тұрғыдан талдағанда мотив пен мақсат ұғымдары маңызды орын алады. Мақсатсыз, мотивсіз іс-әрекеттің болуы мүмкін емес. Мотив пен мақсат іс-әрекет кезінде субъект дамытатын күштер шамасы мен іс-әрекеттің бағытын көрсететін, іс-әрекет шамасын қалыптастырады. Адамның қажеттіліктері олардың мінез-құлқына әмірін жүргізеді.

Мотивтің қалыптасу кезеңдері:

1 Түрткіні мойындау кезеңі: мотивациялық түрткі мойындалып, бағыттаушы қызметін атқара бастайды. Бұл кезеңнің болмауы соқыр ізденіске, серпілістік мінез-құлыққа әкеледі.

2 Мотивті қабылдау кезеңі: мойындалған түрткіні тұлғалық мотивке түрлендіреді.

3 Мотивті жүзеге асыру кезеңі: оның мазмұны толықтырылады. Мотив жүзеге аспаса түрткі фрустрацияға ұшырайды.

4 Мотивті бекіту кезеңі: бірнеше рет қайталау мотивтің мінез ерекшелігіне, бірқалыпты түрткі потенциясына түрленуіне әкеледі.


5 Түрткіні белсендіру кезеңі: адамның мінез ерекшеліктеріне қаланады. Одан мотивациялық құрылымдарды қалыптастырудың жаңа жиынтығы басталуы мүмкін.

Алай да, әрекеттің ішкі түрткісі бола тұрып, мотив оның нақты сипаттамаларын көрсетпейді. Қажеттілік пен оның қанағаттандыру арасында анық қатаң байланыс болмайды. Бір мотивке сүйене отырып, бірнеше мақсаттарды қалыптастыруға болады. Егер мотив әрекеттің түрткісі болса, онда мақсат әрекеттің сипаттамасы мен динамикасын көрсете отырып, «құрастырады». Мотив әрекетке түрткі болатын қажеттілікке, ал мақсат-іс-әрекет бағытталған және оның орындалуы барысында өнімге түрленетін затқа жатады. Іс-әрекет мақсаты бұл адамның әрекетінің сипаты мен амалын анықтайтын заң сияқты, іс-әрекеттің болашақ нәтижесін анық елестету. Мақсат жеке іс-әрекетке сырттан енгізілмейді, адамның өзі қалыптастырады. Қалыптастырылмаған мақсат жеке іс-әрекетте жүзеге асырылады. Іс-әрекеттің күрделілігі мақсаттың пәнінен қаншалықты алыс екеніне, сондай-ақ адамдағы бір амалдарға байланысты болады. Сонымен біз мақсаттарды алыс және жақын деп бөле аламыз. Егер адам жақын мақсаттарды ғана басшылыққа алса- оның әрекеттінің болашағы болмайды. Жақын мақсатты көздейтін адамдар қиыншылыққа төзе алмайды.

Алыс мотивацияны басшылыққа алатын адам - жақын мақсаттарды қажетті кезең ретінде ғана, өз іс-әрекетінің басты мақсатына жету жолындағы

баспалдақ ретінде ғана қарастырылады. Мұндай адамның жұмыстан бас тартуына қиыншылықтар түрткі болмайды, олардың қойылған мәселені шешуге ұмтылысын күшейтеді. Психология іс-әрекетті зерттей отырып, шындықтың субъективтік бейнеленуінің динамикасын, деңгейлері мен түрлерін және бұл әрекетті психикалық реттеудің механизмін ашып көрсетуі керек. Психикалық үрдістердің дамуын, адамның күйлері мен қасиеттерін, тұлғаның жалпы психологиялық қалпына іс-әрекеттің ықпал етуін зерттеуде де психологияның міндеті болып табылады [73,с. 55].

Егер іс-әрекеттің сыртқы көрінісі мен ішкі жобасы арасындағы байланысты түсіндіруге тырыссақ онда мынадай сұраққа жауап беру керек: Психикада әлі жасалмаған әрекеттер нәтижесі қалай білінеді? Мұндай мүмкіншілікті қоршаған әлемдегі құбылыстардың заңдылықтары тудырады. Адам бұл заңдылықтарды түсініп, өз іс-әрекетінде пайдалануы мүмкін. Объектіге жасалған әрекеттер психикалық операциялармен алмастырылады. Шынайы сыртқы әрекеттен ішкі психикалық әрекетке өту үрдісі интериоризацияның көрнекті мысалы ретінде балалардың санауды меңгеру үрдісін келтіруге болады. Адамның іс-әрекетінің сыртқы (физикалық) және ішкі (психикалық) жақтары үздіксіз байланыста болады. Сыртқы жағы адамның сыртқы әлемге ықпал етуін қамтамасыз ететін қозғалыстар. Оларды ішкі (психикалық) әрекет анықтайды және реттейді. Сыртқы әрекетті ішкі әрекеттің экстериоризациясы ретінде қарастыруға болады, өйткені адам іс-әрекетте оның анық елестетілген жобасын жүзеге асырады. Адам жасалатын әрекетті бейне және ой түрінде алдын ала жобаланған әрекетпен салыстырады. 2 суретке сәйкес, егер іс-әрекет үрдісін үлгі түрінде көрсетсек, онда ішкі жобадағы құрылымдар мынадай ретпен жасалады: қажеттілік мотив мақсат міндет, ал бұл кездегі сыртқы жоба көрінісі мынадай: іс- әрекет қылық операция қозғалыс, түрінде іске асады.



Сурет 2 - Коммуникативтік іс- әрекеттер құрылымы

Іс-әрекеттің «сыртқы жағын» зерттей отырып «ішкі жағын» ашу, нақтырақ айтқанда, психиканың іс-әрекеттегі шынайы рөлін түсіну психологияның міндеті. Іс-әрекеттің құрылысын талдаудың алғашқы ұмтылыстары оның элементтерін елестетумен байланысты болды. Оларға алу, көтеру, қою сияқты қарапайым қозғалыстар жатады.

Психологиялық талдау іс-әрекетті күрделі, көп өлшемді және көп деңгейлі, динамикалық дамушы құбылыс ретінде қарастыруды ұсынады. Әр түрлі концепциялар іс-әрекеттің жекелеген аспектілерін (жақтарын) қарастырды; екіншісі - іс-әрекеттің мотивациялық аспектісін зерттеуді негіз етті; үшіншісі - іс-әрекеттің реттеуші механизмдерін қарастырады. Бұл көзқарастардың бәрі құнды ғылыми нәтиже берді. Алайды, олардың біреуі де жалпылама бола алмады.

Іс-әрекет мәселесі - бұл адамның әлеммен қарым-қатынастарының динамикалық жүйесі. Осы қатынастар кезінде объектіде психикалық бейне пайда болады. Бұл бейне іс-әрекеттің мойындалған мақсаты түрінде болады. Іс-әрекеттің басқа жақтары: мотив, іс-әрекетті жобалау, ақпаратты өңдеу, шешім қабылдау – мойындалуы да, мойындалмауы да мүмкін.

Адамның арнайы әрекеті еңбекте, еңбек іс-әрекетінің актісі түрінде қалыптасады. Олардың нәтижесі мақсат сияқты мойындалмайтындықтан, олар жекелеген әрекеттер болып саналмайды, бірақ қозғалыстарға қарағанда, операциялар әрекетті жүзеге асыратын жәй механизмдер ғана емес, әрекеттің құрамды бөлшектері болып табылады. Еңбек іс-әрекеттері - сыртқы әлем заттарының күйлерін немесе қасиеттерін өзгертуге бағытталған әрекеттер. Заттық әрекеттің орындалуын белгілі бір қозғалыстар жүйесі қамтамасыз етеді. Қандай да бір әрекетті жүзеге асыратын адам қозғалысы жеке көзқарастармен, қозғалыс орындайтын тапсырманы ойлаумен байланыста болады. Жеке көзқарастардың өзгеруі қозғалыс саласының өзгеруіне әкеледі. Іс-әрекеттің әрбір сәтінде талдағыштарға көптеген сигналдар - көру, есту, тактильдік және т.б. келеді. Бұлардың ішінен адам тапсырмаға сәйкес сигналдарды таңдап алады да, оларды іс-әрекет затының күйін мақсатқа байланысты бағалайтын белгілі бір құрылымдарға біріктіреді.

Бұл механизмдегі әрекет нәтижелері жайлы ақпарат әкелетін кері байланыс сигналдарының атқаратын рөлі үлкен. Қандайда бір әрекетті жасай отырып, адам іс-әрекет затының күйін өзгереді. Бұл кезде сигнал іс-әрекет іс-әрекеткек мәселенің шешімі туралы ақпаратты ғана әкеліп қоймай, бұл сигнал бейнесі мақсат бейнесімен үйлеседі. Кез-келген әрекет айналымды құрылымда болады. Ол үлгі түрінде былай көрінеді: объект рецепторлар сенсорлық біріктіру мақсат бейнесімен қиылысу коррекция бұлшық ет объект.

Дағды әрекетті орындаудың қалыптасқан тәсілі. Көпшілік дағдының негізінде кең тарапты, ақылға салынған әрекет жатады. Іс-әрекетті игерудің кең тарапты, ақылға салынған әрекет жатады. Іс-әрекетті игерудің бастапқы кезеңінде бұл әрекеттер оның негізгі компоненттері болды. Мысалы, оқуға үйрету кезіндегі сөзді буынға бөлу буындарды қосу арқылы оны мағыналы сөзге айналдыру оқудың негізгі мазмұны болып табылады. Оқуға жаттығу үстінде оқушы тез оқуға дағдыланады. Яғни, ол бұдан былай сөзді буынға бөлуді, буындарды қосуды мақсат етіп қоймайды. Өйткені оның әрекеті енді жеңіл, жүгіртіп оқитын дағдыға айналды. Қандай да болсын дағдының негізгі шартты рефлекторлық байланыстарды қалыптастыру және бекіту жатады. Әрекетті тұрақты қайталау нәтижесінде жүйке жолын соған икемдеу белгілі бір жүйке жүйесінде қозу үрдісін дәлме дәл тұрақтандыруға жеткізеді. Жіктей тежеу, қозу үрдісін шегіне шоғырландырады. Сөйтіп реакция мерзімін қысқартатын, бір жүйеден екінші жүйеге қатесіз көшіп отыратын шартты рефлекторлық байланыстар жүйесі пайда болады [73, с. 129].

Жақсы жаттыққан қимыл дағдысы нәтижесінде еңбек өнімділігі артады, жұмыс сапасы жақсарады және адам тез шаршамайтын болады. Жаттыққан қимыл дағдысы іс-әрекет құрылымын қайта құруға мүмкіндік береді. Әрекеттің орындалуын қадағалайтын сезу жүйелерінің арақатынасы өзгереді. Дағдыны жаттықтырғанға дейін заттармен қимыл жасаудың дәлдігі мен дұрыстығы - көру және қимыл талдағыштарының біріккен қызметі арқылы бақыланады [73, с. 41].

Ал, іс-әрекетті педагогикалық тұрғыдан қарастыруымызда, біздің зерттеуімізде басшылыққа алынатын К.Р.Қалкеева және басқалар тарапынан

берілген [159]. «Іс-әрекет – адамдардың қажеттіліктен туындайтын, (ерекшелеу біз тарапымыздан Тойбекова Багдат) танымға, сыртқы әлемді және адамның өзін өзгертуге бағытталған, сана арқылы реттелінетін белсенділік» тұжырымы болып саналады.

Ал, *коммуникативтік іс-әрекет* - тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен *қарым-қатынас жасауы*; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу, яғни *адамзаттың тіл* арқылы қатынасқа түсуі яғни, тілдік қатынас дегенді білдіреді.

Сондықтан осындай нақтылы ұғымды білдіру үшін, біз сөйлесім тілі деген тіркесті қолданамыз. Себебі «сөйлесім», «сөйлеу», түбірі арқылы жасала келіп, сөйлеу процесінің тек адамның ойын жарыққа шығару қасиетін білдіретіндіктен, көбінесе біржақты әрекет ретінде қабылданады.

Өмірде адамдар тек тілмен сөйлесу арқылы ғана бір-бірімен түсініспейді, кейде әр түрлі жағдайларға байланысты олар бір-бірін тілсіз-ақ ұғып, соған қарай іс-әрекет жасайды.

Кейде адамдар белгілі бір шартты келісімдер немесе белгілер арқылы тілсіз-ақ ұғынысады. Бұл да - адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі. Осы басқа да адамдардың бірін-бірі түсінудің көптеген жолдары бар.

Мұндай семиотикалық таңба - белгілерден өзгеше адамдардың ыммен түсінісуі және көздің, ауыздың, қабақтың қимыл-қозғалыстары мен жалпы бет-әлпеттің өзгеруі арқылы ұғынысуы сияқты қаншама көп белгілер бар. Тіптен дене мүшелерінің /қолдың, аяқтың, иықтың т.б./ әр түрлі қимыл-әрекеттерінің өзін неше жаққа жүгіртуге болады.

Жалпы адамдардың қарым-қатынасына қатысты әрекеттер екі үлкен тармақтан тұрады. Оның бірі -тілдік қатынас, екіншісі - тілсіз қатынас.

Тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Бұл қатынастардың сәйкес жақтары: олардың екеуі де, біріншіден, адамдардың бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді, яғни адамдар арасындағы қатынасқа қызмет етеді.

Екіншіден, тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір нәрсе хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты түрде болуы мүмкін.

Үшіншіден, тілдік, тілсіз қатынас та адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Ұғынысу тікелей жолмен емес, сырттай болуы да мүмкін, бәрібір адамның белгілі бір хабарды ұғып, соған қатысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік болады. Алайда тілдік қатынас адамдардың бір-бірімен ұғынысуын, ойын еркін, толық жеткізуінде ерекше қызмет атқарады. Оның осы ерекшелігіне ғалымдар баса көңіл аударады. Мәселен, Г.В.Колшанский: «Языковая коммуникация -это прежде всего общение с помощью языка в целях установления взаимопонимания» [160], - деп, тілдік қатынасты өзара түсінісудің тіл арқылы жүзеге асуы деп бағаласа, И.М.Кобозева [161] оны ойдың тіл арқылы берілу тәсілі дей отырып, бұл процесті сөйлеуге қатысты қарым-қатынаспен байланыстырады: «...это способ передачи мысли посредством языка, объективируемый в форме речевого акта -этого элементарного звена речевого общения».

Тілдік қатынас-тілсіз қатынастан әлдеқайда күрделі және бөлек. Сондықтан да тіл білімі - адамдардың қарым-қатынас құралы тіл туралы және сол қарым-қатынасқа негіз болатын тілдік қатынас туралы ғылым.

Лингвистикадағы тілдік қатынас мәселесін жан-жақты қарастырып, белгілі бір тұжырымға келген автордың бірі - Э.П.Шубин [162] шет тілдерін оқытудың қағидалары мен әдістемелерін сөз ете отырып, жалпы тілдік қатынастың құрамын, олардың атқаратын қызметін, оқытудың мақсаты мен мазмұнын, тілдік құралдары анықтауға тырысады. Оның бұл проблемаға қатысты өзіндік пікірлері бар. Ол көзқарастардың ұғымды жақтары да, субъективтік жақтары да кездеседі. Э.П.Шубин тілдік қатынасы хабармен алмасудың тұтас жиынтығы дей келіп, негізінен, тілдің дыбыстық жүйесі мен таңбалық ерекшелігіне көңіл аударады: «Естественно было бы определить языковую коммуникацию как комплекс явлений, связанных с обменом информацией между людьми через посредство универсальной системы звуковых или графических знаков, именуемой языком» [162,б. 88]. Тілдің таңбалық қасиетімен қатар автор хабардың берілуі мен қабылдау түрлеріне, оны жеткізуші шарттарға ерекше көңіл бөледі. Тілдік қатынастың осындай ерекшеліктерін атап өте келіп, Э.П.Шубин оның /тілдік қатынастан/ тілсіз қатынастың екі түрлі айырмашылығы бар деп есептейді.

Біріншіден, тілдік қатынас әмбебап, яғни жан-жақты, өйткені ол адамдардың барлық саналық және физикалық әрекетіне қызмет етеді. Екіншіден, тілдік қатынас бірінші пайда болады, яғни алғашқы кезеңде тұрады, өйткені оған адамның ойдау қабілеті негіз болады. Э.П.Шубин айтып отырған тілдік қатынас бүкіл хабардың тұтас жиынтығы деген анықтамамен келісуге болады. Бірақ мәселенің негізі мынада: тілдік қатынас жалпы хабардың, ақпараттың тұтас жиынтығынан тұратын болса, онда хабардың тұтас /комплекті/ жиынтығы неден құралады, оның басты құрамы қандай деген сауалды шешуге тура келеді. Бұл ретте тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушы хабарға қатысты барлық құрамды бөліктер жеке-жеке жіктеле келіп, олардың әрқайсысының өзіндік қызметі анықталуы тиіс [162,б. 112].

Ең алдымен, ерекше орын алатын тілдік қатынастың негізгі мазмұны, мәні, мағынасы болып табылатын - хабарды іс жүзіне асырушылар, хабарға тікелей қатысушылар. Олар мынадай құрамнан тұрады:

Белгілі бір ақпаратты, деректі хабарлайтын - Баяндаушы.

Ақпаратты жеткізетін - Тұлғалар.

Ақпаратты не деректі - Қабылдаушы.

Баяндаушы - сыртқы объективтік әсерді, өмірді сезінуден, пайымдаудан туған санадағы ойды түрлі тілдік амал-құралдардың, тұлғалардың көмегімен екінші біреуге баяндауды, хабарлауды жүзеге асыру үшін тілдік байланысқа қатысушы, тілдік қарым-қатынасқа түсуші.

Тұлғалар - хабарлаушыдан шыққан дерек туралы басқа адамның санасындағы ұғым тудыратын, оған ақпараттың түсінікті болуын қамтамасыз ететін, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысшы ретінде қызмет атқаратын қатысымдық бірліктер.

Қабылдаушы - белгілі бір хабарды қабылдап, алып, оның мәнін тілдік тұлғалар арқылы түсініп, ой мен пайымдау арқылы өз санасынан өткізіп ұғынудың нәтижесінде тілдік қатынасты ары қарай іске асырушы.

Баяндаушы да, қабылдаушыға да бәріне ортақ әрекет - байланыс, қатынас. Ал байланыс, тілдік қатынас тіл арқылы жүзеге асады. Адамдар арасындағы өзара байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті де жүзеге аспайды. Байланыс -тілдік қатынастың негізін жасайтын, оны іске асырушы өзек, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың қажетті шарты.

Сонымен қоса, алғашқы - хабарлауға қатысты құбылыстарды - трансмиссивті/трансмиссивные/.

Продуктивті /продуктивные/; ал қабылдауға қатысты құбылыстарды - рецептивті /рецептивные/ деп көрсетеді. Э.П.Шубиннің айтуынша, хабар /Р/ трансмиссордан /Т/ шығады да, реципиентке /R/ жетеді [162,б. 120].

Сонда тілдік қатынас жүзеге асу үшін Баяндаушы /Б/ шыққан Хабар /Х/ Тұлғалар /Т/ арқылы Қабылдаушыға /Қ/ келіп, одан ары қарай қайтадан байланысқа түсіп, тілдік айналымда жұмсалады. 3 Әңгімелесуші - екінші адамның хабарды дұрыс қабылдауы.

Е.И.Пассов осы үш кезеңді баяндай келіп, тілдік қатынастың толық жүзеге асуы үшін ең бастысы –үшінші кезең, алдыңғы екі кезең қарым-қатынасты іске асырмайды, бірақ өкінішке орай тілдік қатынаста біз осы үшінші кезеңге жете бермейсіз, яғни қарым -қатынаста бірінші және екінші кезеңдерде тоқтап қалып қоямыз деп көрсетеді. Біздің пікірімізше, тілдік қатынас жалпы адамзат арасындағы ойға, санаға қатысты болса, ол, ең алдымен, сыртқы объективтік шындықты қабылдаудан, жеткізейін деген хабарды пайымдаудан туады [163].

Сондықтан да шет тілін, екінші тілді оқыту әдістемесін зерттеуші ғалымдар қатысым /коммуникативтік/ әдісіне қазір ерекше назар аударып жүр. Тілді оқыту қазір тілдің түрлі заңдылықтарының теориясын үйретуге емес, тілдің адамдар арасындағы қатынастық қызметін меңгертуге, екінші тіл арқылы адамдар бір-бірімен қатынас жасай алатын болуына бағыттталып отыр.

Ғалым-тілшілердің қатысымдық /коммуникативтік/ теорияны әлі бір жүйеге келтірмеуі оның анықталуына уақытты сарапшы санауға әкеліп отыр. Бұл мәселенің шешілуінің қиын да, күрделі екенін аңғартса керек.

Тілдік қатынастың басты белгілері мен түрлерін ажыратып алған соң, оның құрамдық бөліктерін саралаған жөн.

Тілдік қатынасты іс-жүзіне асырушылардың қатарына Баяндаушы /Б/, Тұлғалар /Т/ және Қабылдаушылар /Қ/ жатады. Олардың әрқайсысы туралы қысқаша мәлімет жоғарыда берілді.

Тілдік қатынасқа түсушілердің ең басты қызметі - қатысымдық, байланыстырушылық, экспрессивтік.

Қатысымдық қызмет бойынша баяндаушы мен қабылдаушылар тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін іс жүзіне асыра келіп, хабар арқылы бір-бірімен қарым-қатынастық қызмет атқарады.

Байланыстырушылық қызмет тілдік қатынаста жүзеге асырушылардың бір-бірімен тығыз байланысынан көрінеді. Мұнда негізгі қызмет атқаратын -

хабарды жеткізетін тұлғалар. Ол баяншы мен қабылдаушыны өзара байланыстырады және тілдік қатынастың түсінікті болуын қамтамасыз етеді.

Экспрессивтік қызмет тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің берілген хабарды түсініп қана қоймай, оның айырықша мәнін, күшейту реңкін толық білуінің нәтижесінде орындалады. Баяншы хабарды жай айтып қана қоймайды, ондағы қандай ойға ерекше көңіл бөлу керектігін де, өзінің көңіл-күй, сезімдерін, көзқарастарын да жеткізуге тырысады. Ал қабылдаушы осыны дәл танып, жете түсінуі қажет болады.

Сөйлеу мүшелерінің бірлігі олардың әрқайсысының өзіне тән қимыл-қозғалысынан және сол қимыл-әрекеттің тілдік тұлғаларды айтуға қатысты бүтіндігінен байқалады. Әр дыбыстау мүшесі әр бөлек қимылдаса, онда дыбыс та анық айтылмайды, сөз де түсінікті болмайды, айтылар ой да жеткізілмейді. Сондықтан тілдік қатынас үшін, сөйлеу мүшелерінің бірлескен, дұрыс қимыл-қозғалысы аса маңызды орын алады.

Сөйлеу мүшелерінің қимыл-әрекетімен тілдік қатынасқа қажет тұлғалардың мән-мағынасы пайда болады. Жалпы тілдік қатынастың негізгі құрамын көрсететін ең басты көрсеткіш, ол - тілдік қарым-қатынасты тікелей жүзеге асыратын қатысымдық тұлғалар.

Тіл білімнің қай саласында болсын тілдік тұлғалар туралы мәселе мен осыған қатысты терминдер бұрыннан сөз болып келеді. Бірақ бұл мәселелер әлі толық өз шешімін тапқан жоқ.

Терминдердің қолданылу ерекшелігіне мән берсек, олар тек тілдік бірліктер ғана емес, қатынастық бірліктер деп те атала бастады.

Байыптап қарасақ, мұнда негізгі мәселе олардың тілдік тұлға /лексикалық, грамматикалық, синтаксистік/ немесе қатысымдық тұлғалардың аталуы жөнінде емес, тілдік тұлғаға не жатады, оның қатысымдық тұлғалардан айырмашылығы бар ма, әлде тілдік тұлға мен қатысым тұлғалары бірдей ме деген сұрақтардың басын ашып алуға келіп тіреледі.

Тілдік қатынас күрделі қоғамдық-әлеуметтік құбылыс бола келіп, көптеген ғылым салаларымен тығыз байланысты. Бұл саланың басқа ғылымдар негізінде қалыптасып, тіл білімінде жетекші орын ала бастауы - кейінгі жылдардың жемісі. Сондықтан тілдік қатынас мәселесінің түпкі тамырларын белгілей отырып, оның ғылымдағы орнын және онымен тікелей байланысты ілімдермен ара қатысын айқындаған жөн.

Тілдік коммуникацияның лингвистикалық негізі қарым-қатынас құралы тілге байланысты екені анық. Лингвистика тіл туралы ілім болса, тілдік қатынас сол тілдің қарым-қатынасқа қатысты ерекшеліктерін қамтиды.

Тілдік қатынас /ТҚ/ қатысымдық тұлғалар арқылы жүзеге асады. Оның қоғамда алатын орны тілдің атқаратын қызметінен көрінеді. Қатысымдық тұлғалар тіл ғылымының салалары-лексикология, семасиология, грамматиканың зерттеу объектілерімен қатар қолданылады. Қатысымдық тұлғалар мен тілдік тұлғалардың өзіндік ара қатысы, байланысы бар [164].

Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас сөздік құрам мен сөздік қордың мол болуына қарай еркін жүзеге асады, түсінісу тез жүреді. Лексикалық қор тілдің өсуімен бірге тілдік қатынастың мүмкіндігін арттырады.

Лингвистиканың қай саласындағы қағидалар мен заңдар болсын тілдік қатынастың қағидаларымен тығыз бірлікте дамиды және оған әсер етеді.

Тілдік қатынастың қоғамдық негізі қарым-қатынас құралы тілдің қоғамдағы рөлі мен мәніне байланысты.

Қазақ тілінің қатысымдық ерекшелігін зерттеуде оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, қазақ тілінің қоғамдық мәнін жете түсіндірудің ерекше маңызы бар. Бұл - біріншіден, жалпы дүниеге деген қоғамдық-ғылыми көзқарастың негізінде танылса, екіншіден, қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қатынас құралы ретінде алатын орнына байланысты қарастырылады.

Кез келген тіл, сол сияқты қазақ тілі - «адам қатынасының аса маңызды құралы» бола келіп, адамзаттың бір-бірімен түсінісу, пікір алысу, сөйлесуіне жол ашып қана қоймайды. Сонымен қатар ішкі, сыртқы қоғамдық жағдайларға әсер етеді, халыққа қажетті әлеуметтік, экономикалық істерді аңғаруға мүмкіндік жасайды; бірлесіп еңбек етуге дәнекер болады; қоғамдық-саяси күштердің өз мақсаттары үшін күресуіне қызмет ететін саяси құралы болады. Сөйтіп, жалпы көпшілік қауым мен саяси топтар арасындағы көпір болып табылады.

Қоғам мен табиғаттағы ең күрделі құбылыс адамзаттың ой-санасы мен тілі болғандықтан, адамның ойлау жүйесі де, сөйлесе білу қабілеті де - ерекше қоғамдық мәні үрдістер.

Адамның ойы мен санасы қаншама күрделі болғанымен, тілсіз ой жүзеге аспайды. Сондықтан да тіл - қоғамдық объективті шындықты танудың, оны өмірде пайдаланудың құралы болып табылады.

Тіл арқылы оқушылардың іскерлігін, сөйлеу дағдыларын, әдептерін қалыптастырамыз. Осы тұрғыдан келгенде, тілді үйретуге бөлінген білім көлемі неғұрлым көп болса, мазмұны қаншалықты сапалы болса, әдіс-тәсілдері неғұрлым тиімді болса, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас соғұрлым жан-жақты болып, тілді үйренудің нәтижесі терең болады. Тілдік қатынастың психологиялық негізі тіл арқылы ойды айту, жеткізу, қабылдау, сезіну құбылыстарымен байланысты.

Сыртқы объективтік шындықтың әсерінен адамның есту, көру сезімдері дамып, адамның ойлау қабілеті артады. Ойлау тіл арқылы сыртқа шығып, тіл адамның ойын жеткізуші құралдың рөлін атқарады.

Белгілі бір тілде сөйлеу үшін адам тілдік құралдарды саналы, дұрыс пайдалана білу керек. Оны дұрыс қолданудың ережелері көзбен көру, құлақпен есту, мимен ойлау арқылы іске асады.


Адамның ойлау жүйесіне байланысты болғандықтан, тілдік коммуникацияның психологиялық негізі күрделі болады. Ойлау жүйесінің нәтижесінде тілдік және қатысымдық тұлғалар дұрыс қолданылып, тілдегі сөйлесім әрекеті маңызды рөлін атқарады. Сондықтан тілді үйретуде әрбір оқушының жеке қабілеті, саналылығы еске алынып, жан дүниесі ескеріледі, оның ойлау дағдысын бекітуге күш салынады. Тілдік қатынастың психологиялық негізі - тілді оқыту барысында оқушының сана-сезіміне әсер етіп, оның қажеттігі мен маңызын түсіндіріп, пәнге деген дұрыс көзқарасты

калыптастыру. Сонымен, тілдік қатынастың ең басты психологиялық негізі тіл, ойлау және сөйлесім құбылыстарына келіп тіреледі.

Полилингвалды тұлғаны қалыптасуын іс-әрекеттік тұғыр тұрғысынан карау білім, білік және дағды арқылы мәселелерді өз бетінше шешетін, өзін-өзі реттей алатын тұлғалық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында бұл мәселе көптілді коммуникативтік, құзыреттілігі дамыған көпмәдениетті, ұлтаралық қатынастарды меңгерген оқушыларға тән. Ғылыми әдебиеттерде құзыреттілік дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды, іскерлік, әрекет тәсілі) жиынтығы.

Тұлғаның коммуникативтік іс-әрекеттері компоненттері, тұлғаның қарым-қатынастың әртүрлі құралдарын қаншалықты меңгергеніне, жағдаятқа қатысу нормалары мен ережелерін білу шамасына мінез-құлық амалдарын пайдалана білу қабілет шамасымен өзінің жеке бос ресурстарын қолдана білу амалдарын тұлғаның коммуникативтік құзіреттілігін көрсетеді.



Сурет 3 - Полилингвалды тұлғаның коммуникативтік құзыреттіліктері

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н. Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіліктер ұғымын берген.

Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық *іс-әрекеті (біздің ерекшеліуіміз Т.Б.)* тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді.

Құзыреттілік дегеніміз - тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш жігердің болуы. В.А.Якунин, Э.Ф.Зеер, М.Е.Бершанский, В.В.Гузеев, Л.И.Денисович, О.М.Карпенко, Г.М.Кожаспирова, О.Е.Лебедев, О.И. Лукьяненко, Г.К.Селевко, И.И. Серегина және т.б.және Отандық педагогика ғылымында құзыреттілік мәселесі Н.Д.Хмель, А.Г.Қазмағамбетов, А.М. Мұхамбетжанова, А.А.Калюный, Ш.Х.Құрманалина, А.Х.Аренова, С.Т. Каргин, О.С. Сәлімбаев, М.К.Қаламқалиев, Ж.И. Сардарова, Н.Н.Хан және тағы да басқа ғалымдар зерттеді.

Білім мазмұны құрылымы бойынша адамның мәдениетіне теңестірілмейтін ескерсек, онда оны адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі ретінде қарастыруға болады. Сондықтан ол, негізгі төрт элементтен тұрады: танымдық іс-әрекет тәжірибесі, іс-әрекеттің белгілі амалдарын жүзеге асыру тәжірибесі; шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, эмоциялық құндылық қатынастар жасау тәжірибесі деуге болады. Осы төрт тұрпатты тәжірибені меңгеру оқушыларда әрекет етудің мәдениеттілікке сыймды қабілеттерін қалыптастырады. Бұл қабілеттер құзыреттілік деп аталады.

Кордуэлл М. «Психология от А до Я» атты анықтамалық – сөздікте адамның құзыреттілігінің бірнеше түрінің анықтамасын ұсынады: когнитивті құзыреттілік - мәселені шешу және мақсатқа жету қабілеттілігі; әлеуметтік құзыреттілік - өзге адамдармен қарым - қатынас орнату қабілеттілігі [165].

Білімнің тұлғалық және әлеуметтік мәнін байланыстырудағы құзыреттіліктің маңыздылығына тоқтала келе, А.В. Хуторской оны қазіргі білім берудегі дағдарыстан шығудың бір жолы және жеке тұлғаның өзара байланысты сапаларының үйлесімі ретінде қарастырады [166].

Құзыреттілік және құзырет ұғымдары мәселесін талдаған ғалымдардың (Дж. Равен, Р. Уайт, Н. Хомский, А.В. Хуторской, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова т.б.) пікірлеріне сүйене отырып, И.А. Зимняя өзінің ғылыми пікір алмасуында білім берудегі құзыреттіліктің үш кезеңін атап көрсетеді [93,с. 211].

Сонымен, «құзыреттілік» оқушылардың қалыптасқан тұлғалық сапасы және белгілі бір іс-әрекеті (біздің ерекшеліуіміз Т.Б.) қатысты жинақталған тәжірибесі болып табылады. Құзыреттіліктің мұндай әлеуметтік және тұлғалық сипаты, оның ажырамас бөлігі болып табылатын «коммуникативтік құзыреттіліктер» алға тартады.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere»- қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Оқушы хат жаза, анкета толтыра, арыз жаза, сұрақ қоя, пікір таластыра т.б. білуі тиіс. Коммуникативтік құзыреттілік екінші тілді үйренуші оқушыларға

тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру [167].

«Коммуникативтік құзыреттілік» ұғымына қатысты жүргізілген зерттеулерді қарастыра келе, бүгінгі таңда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде бұл ұғымды түсіндіруде, мән-мағынасын ашуда бірізділік жоқ екені байқалады. Себебі бір еңбектерде «тілдік білім, білік және дағдыларды меңгеру десе, екіншілерінде «коммуникативтік дағдылар», үшіншілерінде «коммуникативтік қабілет», кейінгі қолданыста «коммуникативтік құзыреттіліктер» -деп аталып жүр.

Құзыреттілік- бітірушілердің кәсіби әрекетінің міндеттері мен түрлерін білім беру бағдарламасының мақсатқа байланысты қарастырамыз. Сол себепті *«құзыреттілікті» бір пән мазмұнында қалыптастыру мүмкін емес, бұл циклдік түрде интегративті үдеріс.*

Сондықтан біз зерттеуімізде оқушының коммуникативтік іс-әрекеттік деңгейлерін меңгеру индикаторы болып саналатын «оқыту нәтижесі» ұғымын пайдаланамыз өйткені, ол білім беру бағдарламасының әртүрлі бірліктерінде, әртүрлі оқыту кезеңдерінде қалыптасады, ол бір пәннің практикалық аумағында оқушы білім беру элементтерін меңгерген соң күтілетін және құзыреттілік «құраушылары» болып табылатын: *білім, практикалық іс-әрекет, әрекет тәжірибесі және т.с.с.*

Сондықтан, тілдік білім тек тілдік білім, біліктер мен дағдыларды меңгеру ғана емес, сонымен қатар коммуникативті іс-әрекеттерді дамытудың жоғары деңгейі болып табылады. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл білім беру субъектілерімен тікелей қарым қатынас жағдайында өтетін педагогикалық іс-әрекеті жүзеге асырудың маңызды шарты болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілік құрылымын Л.К.Гейхман, И.И.Рыданова, И.И.Зарецкая, Н.В.Кузьмина; коммуникативтің даму кезеңдерін С.В.Кривцова, Ю.Н.Емельянова, Н.В. Кузьмина, А.К.Маркова; білім беру үдерісінде болашақ мұғалімдердің коммуникативтік икемділіктерін қалыптастыру мәселелерін А.Н.Леонтьев, Е.Б.Быстрай, В.Г.Костомаров, А.В.Мудрик және т.б. қарастырды.

Коммуникативтік құзыреттілік тиімді қарым-қатынас жасаудың жетекші факторы және қазіргі өмір сүру жағдайында табысты әлеуметтену, бейімдеу және өзін-өзі жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және көп жағдайда тұлғаның жетістігі мен бәсекеге қабілеттілігін анықтайды.

Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз жазбаша және ауызша коммуникация мақсаттарын қойып, оны жүзеге асыра білу, өзара қарым қатынас кезінде өз көзқарасын сауатты түрде білдіру және көпшілік алдында өзге адамдардың түрлі позициялары мен құндылықтарды (діни, этникалық, кәсіби, тұлғалық және т.б.) құрметтей отырып сөз сөйлеу.

Осылайша, коммуникативтік құзыреттілікті кең ауқымды зерттеулер, аталған мәселе қазіргі заманғы педагогика ғылымы мен білім беру практикасында маңызды деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл мәселенің теориялық тұрғыдан негізделгеніне қарамастан, мектепте пәнді оқыту үдерісінде оқушылардың коммуникативтік іс-әрекеті түбегейлі өзгеріске

ұшырады деп тұжырым жасауға болмайды. Пәнді оқыту барысында *коммуникациялық қажеттілік* орын ала бермейді [168].

Қазіргі заманғы зерттеулерде берілген ұғымдарды талдау мен пайымдау жалғасуда, ол жаңа мазмұнымен толықтырылуда. Осыдан аз уақыт бұрын коммуникативтік құзыреттілік тиімді қарым-қатынас жасауға қажетті дағдылар мен икемділіктердің жиынтығы ретінде түсінілсе, ал қазіргі таңда неғұрлым кең мағынаны қамтып, тұлғалық аспектіні кірістіріп отыр.

Коммуникативтік құзыреттілікті іскерлік әлемдегі өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықты ұйымдастыру саласындағы білімдер, біліктіліктер мен дағдылардың жиынтығы; тиімді коммуникативтік тұлғааралық қарым-қатынасты құруға қажетті тұлғаның ішкі қорының жүйесі ретінде қарастырамыз.

Коммуникативтік құзыреттілік - бұл оқушының қандай бір әрекетке қосылғандығын анықтайтын және тұлғаның бүкіл даму үдерісінде қалыптасатын тұлғалық сапа болып табылады. Коммуникативтік іс-әрекеттер оқушының қарым-қатынастың мақсаты, мәні, құрылымы, құралдары мен ерекшеліктері жайлы мәліметтерінің болуы, осы іс-әрекеттің технологиясын меңгеруі (коммуникативтік икемділік пен дағдылар). қарым-қатынастың маңыздылығын саналы түрде ұғынуын қамтамасыз ететін дербес-психологиялық сапасы. Дегенмен, бүгінгі дейін аталған ұғымның мазмұнына деген ортақ көзқарас жоқ, яғни коммуникативтік іс-әрекеттер қабілет пе, әлде қасиет пе, болмаса білім, біліктілік пен дағдылардың жиынтығы ма?- деген сұрақтарға жауап іздедік.

Біздің көзқарасымызша, коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын білім, білік пен құндылықтың бағыт-бағдардың қосындысы.

Коммуникативтік құзыреттілікке арналған ғылыми еңбектерге отырып теориялық талдау жасай және практикалық мәліметтерге сүйеніп, коммуникативтік құзыреттілік білім, білік және құндылықтық бағыт- бағдардан тұратын тұлғалық сапа деген пікірге келеміз. Коммуникативтік іс-әрекеттер құрылымында үш құрамдас бөлікті; тиімді қарым-қатынасты жүзеге асыруға қажетті позициялар мен сапалардан тұратын мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық -когнитивтік, операциялық іс-әрекеттік құрайды.

Коммуникативтік құзыреттілік ұғымын, оның құрамдас бөліктерінің мазмұны анықтау оқушылардың коммуникативтік іс-әрекеті арқылы полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың педагогикалық проблемаларын шешудің алғашқы қадамы болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілік өз ана тілін және басқа тілді білудегі қабілеттілігін қарастырады.

Ол құрамына қарай 5 негізгі бөлікке бөлінеді.

1Грамматикалық құзыреттілік.

2Социолингвистикалық құзыреттілік.

3Дискурсивті құзыреттілік.

4Стратегиялық құзыреттілік.

5Социомәдениеттік құзыреттілік.

Грамматикалық құзыреттілік - тіл ережелерін білу, грамматикалық ережелерді оқыту. Оқушыларға грамматикалық кестелер арқылы жан-жақты білім беруді негізге ала отырып, оқулықта берілген грамматикалық ережелерді жаттату, талдату.

Социолингвистикалық құзыреттілік - мәтіндердің шығу және танып білу үрдістерін меңгеру



Сурет 4 - Оқушылардың коммуникативтік әрекетін дамыту әдістері

Адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Оқушыны білім, білік, дағдылармен қаруландырып қана қоймай, оны тұлға етіп қалыптастыратын алғашқы баспалдақ - мектеп.

Коммуникативтік іс-әрекеттің түрлері мен ерекшеліктері

Сонымен, оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастыратын коммуникативтік іс-әрекеттеріне:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) жазылым;
- 4) оқылым.

Осылардың ішінде басқа әрекеттерді қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады.

Тыңдалым дағдысының адамның ойлау қабілетінің дамуына ықпалы зор. Ж.Пиаженің интеллектінің даму теориясы бойынша тыңдалымның дамуы сенсомоторлық кезеңге (0 – 2 жас) сәйкес келеді. Өйткені жаңа туған сәби тілді бірден үйренбейді, ең алдымен, өзін қоршаған әртүрлі дыбыстарды, анасының үнін, үйдегілердің сөздерін, ойыншықтардың сылдырын тыңдап үйренеді, қабылдайды. Бірте-бірте өзіне таныс дыбыстарды, сылдырларды танып, оны түсінгенін білдіру үшін белгілі бір реакция жасайды немесе жауап ретінде ым-ишара көрсетеді. Сөйтіп, күнделікті өмірде адам көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, тыңдап, түсініп, қабылдауға жаттығады.

Тыңдалым («аудирование»)- соңғы жылдары көп сөз болып жүрген, оқу процесінде кеңінен орын алған маңызды салалардың бірі. Тыңдалым деген терминнің білдіретін мағынасы - есту арқылы түсіну. Бұл термин айтылған не

техникалық ақпараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді.

Тыңдалымды жете меңгеру оған қатысты мынадай белгілерді үйретумен байланысты:

1 Басқа дыбыстардан тілдік дыбыс толқынын, олардың ерекшеліктерін ажырата білу.

2 Аудиолық тілдік тұлғалардың мағынасы мен мәнін дұрыс қабылдай білу.

3 Мәтіннен қажетті деректі тауып, пайдалана білу.

4 Тыңдалымға қатысты негізгі көрсеткіштерді жан-жақты меңгеру.

Тілді үйретуде тыңдалымның сапалы болуы екі факторға байланысты: Объективтік және субъективтік.

Тыңдалымға арналған мәтін әр түрлі ерекшелігіне сай таңдалады:

1 Үйренетін тілдің айрықша белгілері мен тілдік ерекшелігіне қарай.

2 Тақырыбына қарай.

3 Мазмұнына қарай.

4 Қатысымдық тұлғалардың құрылымына қарай.

Тыңдалым процесіне қатысты жүргізілген жұмыстарды, мәтінді, тапсырмаларды тіл үйренушілер қаншалықты дәрежеде меңгергенін, түсінгенін түсінбегенін білу үшін, оқушылардың арасында бақылаудың тестік түрін өткізуге болады.

Тыңдалым дағдысы – адамның акустикалық тілдік белгілерді (сигналдарды) қабылдауы және оны түсінуі.

Тыңдалым («аудирование») деген терминнің мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл – айтылған немесе техникалық құралдарға жазылған сөздерді, сөйлемдерді, аудиомәтіндерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым. Ал Ф.Ш. Оразбаеваның кітабында тыңдалымға келесі анықтама берілген: «Тыңдалым кезінде тілді меңгерген тыңдаушы бір не бірнеше адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап өңдейді» [90,б. 76].

Айтылым - адамдар арасында тілмен түсінісуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын шығару процесі.

Айтылым, яғни сөйлеу, негізінен бір адамға тән әрекет болғанымен, тілдік қатынаста екі жақты байланыстың болуын қажет етеді. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізу үшін айтады, сол үшін сыртқа шығарады.

Сөйлеуге үйрету - тілді жалаң меңгеру емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру деген сөз. Айтылымда сөйлеуге үйрету сапалы болуы үшін басты мынадай жағдайларды ескеру қажет:

1 Үйренетін тілді сөйлеуге деген қажеттілік.

2 Қоршаған орта, жағдайдың әсері.

3 Жеке бастың қабілетін ескеру.

4 Сөйлеудің түпкі мақсатын айқындау.

Олай болса, айтылым дағдысы дегеніміз не?

М.Р. Львовтың анықтауынша: «айтылым – белгілі бір ақпаратты тілдік акустикалық сигналдардың көмегімен сыртқа шығару» [166,б. 30] болса, отандық ғалым Ф.Ш. Оразбаеваның пайымдауынша: «айтылым – адамдар

арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізуі» [90,б. 47].

Баланың мектеп табалдырығын аттауымен байланысты жаңа әрекет – «жетекші әрекет» (А.Н. Леонтьев) [64,б. 176], яғни оқу әрекеті пайда болады. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі – бала ауызекі сөйлеу тілімен қатар, осы кезеңде пайда болатын «жаңа түзілімдер» (Л.С. Выготский) [69,с. 35] оқуды және жазуды меңгереді.

Оқылым графикалық таңбаларды арқылы қағаз бетіне түскен сөздермен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу.

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың жұмысына байланысты болса, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін танып білуге қатысты.

Оқылымның бірнеше түрлері бар: танымдық оқылым, зерделік оқылым, ізденімдік оқылым, көрсетімдік оқылым.

Оқылым дегеніміз – «графикалық таңбаларды қабылдап, оның мағынасын түсіну» [167,б. 92] немесе «графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу».

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың бірлескен жұмысына байланысты болады, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін дұрыс танып білуге қатысты. Үшіншіден, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің рөлі зор. Осындай ерекшеліктер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынып, оқушының қажетіне жарайды.

Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әр түрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі, тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алуы. Оқылым бойынша біліктілік деңгейін анықтау және бағалау келесі нәтижелермен айқындалады:

- түсініп оқу;
- зерттеп оқу;
- шолып оқу;
- мәселені сын тұрғысынан бағалау;
- негізгі аргументті анықтап, дәлелдеу.

Сөйлеуді қабылдауда тыңдалым және оқылым төмендегі кезеңдерден тұрады:

- акустикалық кодтан немесе графикалық кодтан іштей сөйлеу кодына өту, мұнда (айтылымда) фонемалар маңызды рөл атқарады;
- синтаксистік құрылымдарды, морфологиялық формаларды, пәкәрдәі немесе ақпараттың жалпы жобасын қабылдап түсіну;
- пікірдің мотивін және ойын түсіну;
- алынған ақпаратты бағалау (ақпараттың мазмұны, оның басты ойы, идеясы, жазушының позициясына баға беру);
- тілдік құралдарды, стилистикасын, т.б. түсіну.

Ал жазылымға келер болсақ, ол да айтылым сияқты қарым-қатынас құралы. Бұл екеуінің атқарар қызметтері ұқсас болғанымен, екеуі екі басқа психикалық процесс: «оның айырмашылығы – жазба сөздің ерекшелігінде, оның психологиялық құрылысында», – дейді академик Т. Тәжібаев [169,170]. Тағы бір ерекшелігі – жазбаша сөйлеу кезінде әңгімелесуші адам болмайды, сондықтан ойды жазып білдірудің мазмұны жүйелі, логикалық байланысы берік және ауызша сөйлескендегіден толығырақ болуы тиіс. Оған қоса, «ол өте қиын, саналы, әдейі, бір мақсатпен жұмсалады». Сондықтан жазылым дағдыларын қалыптастыруға алғашқы күннен бастап ерекше мән берілуі керек.

Жазылым графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазу арқылы адам айтатын ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалы адамзатқа жеткізуді мақсат тұтады.

Жазылым лингвистикалық мәнін белгілейтін мәселелер мынадай:

- 1 Графика.
- 2 Орфография.
- 3 Жазып алу.
- 4 Жазбаша сөйлеу.

Жазылымның бір ерекшелігі бір қарағанда мұнда қатысымдық байланыс жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін

Жазылым графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазылым арқылы адам айтайын деген ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалпы адамзатқа жеткізуді мақсат тұтады, яғни адам ойын басқаға жеткізу үшін жазуды үйренеді. Мұнда сөздер мен сөз тіркесі, сөйлемдер бір-бірімен байланысты болады. Ойдың жүйесі үзілмей, келесі сөйлемдерде жалғасып, толығып отырады. Сол себепті жазба материалдар бүтіндігімен көзге түсіп, басқа адамдарға түсінікті болады.

Жазылымның психологиялық ерекшелігі – жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау.

Жазылымның әдістемелік ерекшелігі – графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту, жазылым процесін тез әрі сауатты үйренудің ұтымды тәсілдерін пайдалану.

Жазылымның физиологиялық ерекшелігі – жазу кезінде дене мүшелерінің қимыл-қозғалысын дұрыс игеруді үйрету. Қолдың, саусақтың іс-әрекеті, көз бен бастың қозғалысы, т.б. – барлық адамның физиологиялық түр-тұрпатының жазылымда алатын орны мен маңызы, қызметі ескеріп отыруды қажет етеді [171].

Қорыта келе, оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыруда тек коммуникативтік әрекет негізінде ғана бұл мақсатқа қол жеткізуге болатыны анық.

2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ПОЛИЛИНГВАЛДЫ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Полингвалды тұғыр орта мектеп оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың негізгі тұжырымдамалық бағыты

Қазақстанда және әлем елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жалпыға орта білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздерін анықтау мәселелерін өзектендіреді. Тұжырымдама (латын-conceptio-түсіну, жүйе) - қандайда бір түсінік, негізгі көз қараста түсіну, кез-келген табиғаттың мінсіз нысандарын құрт алатын ұғымдар мен көзқарастардың орамды жиынтығы (жүйесі).

Педагогикалық тұжырымдама - бұл (жеке немесе өзгеден алынған) кәсіби идеялардың сипатталған және негізделген құрылымдар жиынтығы ретінде қарастырылады. Зерттеу мәселемізге байланысты тұжырымдамалық негізін жасау оны нобайлау үдерісіндегі күрделі мәселелердің бірі. Сондықтан мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыруға қатысты авторлық идеяның тұжырымдамалық сипаттамасын беру алдында оның әдіснамалық-теориялық негіздеріне талдау жасап кетуді орынды деп есептейміз.

Ғылыми әдебиеттерді сараптауда полилингвалды тұлғаның қалыптастыру мәселесін шешудің теориялық алғышарттары зерделенді. Кез-келген даму, ақиқат дүниенің нақты бір мәселесін зерттеу, оның әдіснамасын талдаумен тығыз байланысты жүзеге асырылады. Мұнда тек тәжірибе, интуиция жеткіліксіз, әдіснама қажет.

Ғылым дамуының басты шарты - жаңа деректермен үздіксіз толығып отыру. Ал, деректердің жинақталуы мен олардың түсініктемесі ғылыми негізделген зерттеу әдістеріне тәуелді келеді, әдістер, өз кезегінде, ғылым аймағында әдіснама атауын алған теориялық принциптердің бірлікті тобымен міндетті байланыста болады.

Зерттеу барысында «полилингвалды тұлға» ұғымының тұлға, тіл, билингвалды, полилингвалды, т.б. деген бір-бірінен туындайтын ұғымдармен тікелей байланысы айқындалды. Қоғамның қарқынды даму жағдайындағы қазіргі өзгерістер, адамның жаңа әлеуметтік рөлге ие болуы, білім мен тәрбие беру мәселелерін қайта қарап, жан-жақты білімді, полилингвалды мәдениеті жоғары, қоғамға еркін араласуға дайын, қабілетті тұлғаны тәрбиелеуді талап етіп отыр. Адамдардың іс-әрекеті көптеген факторларға байланысты. Кім, қандай бағытта, не үшін, қалай әрекет етеді деген көптеген сұрақтар пайда болады. Түптеп келгенде бұл әдіснама мәселесіне әкеледі.

Ғылыми әдебиеттерде «әдіснама» термині «методология» түрінде де жазылып келе жатқаны белгілі. Методология грек тілінен аударғанда, -metodos -жол, -logos-ілім дегенді білдіреді, яғни «әдіс туралы ілім» немесе «әдістің теориясы», зерттеу жолы немесе таным, теория, ілім деген мағыналарды білдіреді [172].

Әдіснама – (грекше methodos) «бір нәрсеге жол», субъектің іс-әрекетінің тәсілі. Бұл ұғымның екі мағынасы бар: белгілі бір іс-әрекетте, ғылымда,

саясатта, өнерде қолданылатын тәсілдер мен жолдардың белгілі бір жүйесі, осы жүйе туралы ілім, әдістің жалпы теориясы [173].

Әдіснаманың негізгі қызметі – таным үдерісін реттеу және іштей ұйымдастыру немесе нысанды практикалық өзгертудің жолын анықтау. Сондықтан да, әдіс белгілі ережелер мен жолдардың, тәсілдердің таным мен әрекет нормаларының жиынтығы. Белгілі бір міндетті орындауға жағдай жасайтын шешімдердің, ұстанымдардың, талаптардың жүйесі. Ақиқатты іздеуді жүйелейді, уақыт пен күшті үнемдеуге көмектеседі, мақсатқа қысқа жолмен жетуге мүмкіндік береді. Ф.Бэкон әдісті жолаушыға қараңғы түнде жолды көрсететін шыраққа теңеген. Философ танымның сенімді құралы болатын әдістерді жасауға тырысқан [174]. Р.Декарт әдісті өтірікті ақиқаттан ажыратып, білімді кеңейтуге көмектесетін нақты қарапайым ережелер деп атайды [175].

Материалистік диалектикада объективті шындықтың таным әдістерінің негізіне табиғат, қоғам және адамның ойлау заңдары алынады. Таным әдісі табиғат пен қоғамның объективті заңдарын бейнелеген де ғана ғылыми болады. Сондықтан, ғылыми таным қағидалары, оның категориялары мен ұғымдары адамның ақыл-ойымен құрылған еркін ережелердің қосындысы емес, ол табиғаттың да, адамның да, қоғамның да заңдылықтарының бейнеленуі.

Осыдан полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың әдіснамалық негіздері философиялық диалектикаға негізделуі қажет. Зерттеу жұмысымызда диалектиканың заңдылықтарына сәйкес тұлға, тіл мен көптілдікке баулудың маңызы мен мәні, тұлғаның қалыптасуындағы алатын орны, мазмұны ашып көрсетіліп, түрлері мен атқаратын қызметтерінің жетіле түскендігі, оның ғылымның әр саласында категория ретінде қалыптасуы айқындалды.

Кравец А.С. «Методология науки» деген еңбегінде «ғылымда бір-бірімен байланысқан екі маңызды бағыт көзге түседі, оның бірі нысандардың қасиеттерін зерттеу, ал екіншісі ғылыми танымның тәсілі мен түрін зерттеу» деп жазады [176].

Ғылым әдіснамасын анықтаудың эмпирикалық негізі философиялық, қоғамдық – тарихи, әлеуметтік – мәдени көкжиек тұрғысынан алынған ғылым тарихы болып табылады. Кез-келген ғылыми әдіс белгілі теорияның негізінде қалыптасады. Әдістің пәрменділігі мен күші әдіске айналатын теорияның тереңдігімен, мағыналылығымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, әдістің өзі де теория деңгейіне дейін кеңеюі мүмкін, яғни оның өзі басқа да тың білімдерге негіз, тірек бола алады. Теорияның дамуы мен әдістің жетілдірілуі бір-бірімен тығыз байланысты үдеріс. Дегенмен бұл екеуін бір-бірімен алмастыруға да болмайды. Өйткені, әдіс тікелей теория, ал теория тікелей әдіс бола алмайды. Өйткені:

а) теория – бұрынғы іс-әрекет пен ізденістің нәтижесі, ал әдіс кейінгі іс-әрекеттің, бастамасы және алғы шарты;

ә) теорияның негізгі міндеті – түсіндіру және болжам жасау, ал әдістің негізгі міндеті – реттеу және бағыт – бағдар беру;

б) теория нысандардың мәні мен заңдылықтарын бейнелейтін идеалды түсініктер жүйесі, ал әдіс шындықты өзгерту мен ақиқатты тануға жол көрсететін реттеу, ережелер, кеңестер жүйесі;

в) теория мәселені шешуге бағытталады, ал әдіс оны зерттеудің тетігі мен жолын айқындайды [177].

Демек, әдіснама кез-келген ғылымда қолданылатын әдістердің жиынтығы; теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың және құрудың қағидалары мен тәсілдерінің жүйесі. Ол кез келген ғылым саласын ғылыми нақты зерттеуге және практика мен теорияның өзін дамыту үшін қажетті жаңа білімді алуға мүмкіндік беретін идеялардың, ережелердің, теориялардың, қағидалардың (философиялық, психологиялық, педагогикалық т.б.) жиынтығы.

Осындай ережелерді ғалымдар да, тәжірибелер де өзінің кәсіби іс-әрекетінде басшылыққа алады. Сондықтан да, кез-келген теория, заңдар, категориялар әдіс бола алмайды. Әдіснамалық қызметті атқару үшін олар түсіндіру қызметінен арылып, реттеушілік, жол сілтеушілік, ережелік сипаты бар қағидаларға айналуы тиіс.

Әрбір ғылымның негізгі тұғыры - әдіснама екенін ескере отырып, полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың негізін айқындау барысында философтардың, психологтардың, педагогтардың, әлеуметтанушылардың, мәдениеттанушылардың және т.б. берген ғылыми ой-тұжырымдары біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамасын ашуға негіз болды.

Жалпы орта білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың әдіснамалық базасы ретінде бірқатар тұғырларды атауға болады: тұлғалық-іс-әрекеттік, жүйелілік-тұтастық, аксиологиялық, мәдениеттілік, құзыреттілік. Яғни, қазіргі білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастыру аталмыш үдерістің әдіснамалық тұғырларын анықтаумен байланысты шешіледі.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастыру *тұлғалық-іс-әрекеттік* тұрғыдан қарау бағыты тұлғаны адамның жеке белсенділігінің нәтижесінде қалыптасқан оның әлеуметтік сипаттамасы ретінде түсінуге негізделеді.

Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады. Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр психологтар Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Б.Г.Ананьевтердің еңбектерінде айқын көрініс тапты. Авторлар тұлғаны іс-әрекеттің субъектісі деп танып, ол өзге адамдармен қарым-қатынас әрекетінде қалыптасады деп тұжырым жасайды.

Аталмыш тәсіл (В.В.Давыдов, О.С.Газман, Л.В.Загрекова, А.Н.Леонтьев, Н.Ф.Родионова, А.П.Тряпицына, Н.Е.Щуркова) өзінде адамның дамуы адамдық іс-әрекетті меңгеру арқылы жүретіндігін мойындауды қамтиды.

Белгілі психолог А.Н.Леонтьев адамзат мәдениетінің жетістіктерін игеруде іс-әрекет атқару арқылы оның жетістіктерін одан әрі жетілдіреді деп түсіндіреді. Сондықтан, білім алушыларды өмірге және жан-жақты іс-әрекеттерге дайындауда олардың мүмкіндіктерін ескеріп, өмір тіршіліктеріне қажетті істерге тартып, олардың өмірін әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан ұйымдастыру қажет.

Яғни, бұл тұғыр мектеп оқушыларының полилингвалдыққа баулудағы тұлғалық-бейімделген тәсіл (Е.В.Бондаревская, О.С.Газман, В.А.Караковский, В.В.Сериков, И.С.Якиманская) тұлғаның бірігейлігін, оның өнегелі еріктілігін, құрметті болу құқын мойындауды талап етеді, баланы тәрбиелеу үдерісінің белсенді субъектісі деп мойындауды, әрбір баланың қабілетін мен дарындылықтарын дамыту үшін жағдай жасауды; өзінің іс-әрекетін және басқа оқушылармен қатынастарын ынтымақтастық, төлеранттылық, теңдік, әділеттік және ізгілік негізінде құру дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

Полилингвалды тұлғаны *жүйелілік-тұтастық* тұрғыдан қарастыру оның құрылымдық компоненттерін, олардың қызметтерін ажыратуды, функционалдық-иерархиялық байланыстарын орнатуды, жүйе құрастырушы факторын анықтауды, сыртқы байланыстарын талдауды көздейді. Жүйелі тұғыр нысанды тұтастай ашып көрсету, оның ішкі байланыстарын және қатынастарын анықтау; зерттелген мәселені оның жекелеген бөліктерімен және оны қоршаған ортамен өзара байланысын қоса тұтас қарастыру көптеген өзара байланысты, қызметтері мен мақсаттарының ортақтығымен бірлескен, басқару және істі атқаруының бірлігі бар нысандарды талдауға қолданылатын тұғыр. Білім беру мәселесінде жүйелік-тұтастық тұғыр негізі И.В.Блауберг, Э.Г.Юдин, В.В.Краевский, М.Н.Скаткин, Ю.К.Бабанскийдің еңбектерінде кеңінен көрініс алған [178-179].

Білім беру жүйесіне жүйелік-тұтастық тұрғысынан қарап, тұтастық ұстанымына негізделген полилингвалды тұлға қалыптастыру үрдістің кей жақтарын, элементтерін, қарым-қатынастарын бөлшектеп қарастырғанда өте сақтықпен қарау қажет екендігін практика көрсетуде. Себебі, тұтас педагогикалық үрдісті, оның кейбір жақтарын, элементтерін, қарым-қатынастарын бөліп алып арнайы зерттегендегі алған нәтижені, әр уақытта тұтас үдерісті ұйымдастырып жүргізу барысымен және қорытынды нәтижесімен салыстырылып отырылады.

Әдістемелік бағыт ретіндегі аталмыш тәсіл мектептің оқу-тәрбие үдерісін, оның компоненттерінің: мақсат пен міндеттері, оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, мазмұны, формалары мен әдістері тығыз байланысындағы тұтас әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Оқушылар бір-бірімен қарым-қатынастарда болып, бір-біріне өзара ықпалдар жасағанымен әлеуметтік ортаның жеке тұлғаларды қалыптастырудағы ықпалы үстемдік алады. Бұл, оқушының дүниетанымын, бағыт-бағдарын, қажеттілігін, ынта-ықыласын, мұратын, талпыныс-тілегін қалыптастырады.

Мектептің оқу-тәрбие жүйесі әлеуметтік жүйе. Оның түйіні адамдар мен олардың қажеттіліктері, себептері, мүдделері, өнегелі құндылықтық бейімделулері, әрекеттері, қатынастары. Ол келесі міндеттерді қамтитын педагогикалық жүйе: табиғат, қоғам, мәдениет, адам туралы ғылыми білімдердің тұтас жүйесін қалыптастыру; баланың тілдік қабілеттерін дамыту; қоршаған болмысқа және өзі-өзіне деген құндылықтық қатынастарды тәрбиелеу; оқушыларда өзін-өзі танып білуге, өзін-өзі ұйымдастыруға және

өзін-өзі бекітуге деген ынтасын дамыту; білім беру мекемесінде балалар мен үлкендердің дамуы мен тіршілік әрекеті үшін қолайлы жағдай жасау.

Сондықтан, мектептің оқу-тәрбие жүйесі- келесі белгілермен сипатталатын құндылықтық - бейімделген жүйе: тәрбиелеу жүйесінің мақсаттары балалар үшін де, үлкендер үшін де маңызды болып табылады; педагогтардың, оқушылардың және ата-аналардың бірлескен тіршілік іс-әрекеті субъектілік өзара әрекеттесу мен өнегелі құндылықтардың негізінде құрылады. Ондағы педагогикалық іс-әрекет бала тұлғасының жеке бастылығы мен субъективтілігін дамыту шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған; үлкендер мен оқушылар оқу мекемесіндегі тіршілік әрекетінің ыңғайлылығын, қорғалғандығын сезінеді. Сонымен қатар, мектептің оқу-тәрбие жүйесі - ашық жүйе екендігін атап кеткен жөн. Оның, жүйенің әрекет етуі мен дамуын қамтамасыз ететін, сыртқы әлеуметтік және табиғи ортамен көптеген байланыстары мен қатынастары бар.

«Сабақтан тыс жұмыс» - дегеніміз мектептің сабақтан тыс уақытта оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын, кеңейту және тереңдету үшін, дербестігін, дара қабілеттерін дамыту үшін, соны мен бірге олардың қызығушылықтарын қанағаттандыру және бос уақытын белсенді, саналы өткізуді қамтамасыз ету үшін оқушылармен жүргізілетін ұйымдастырылған және мақсатты бағыттағы сабақтарды айтады [180].

Соңғы кезде мектептердің алдына қойылып отырған оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру міндеттері сабақтан тыс уақытта жүргізілетін іс-шаралардың мазмұнына өзіндік әсер етіп отыр. Себебі, мектептердегі білім стандарты, тұжырымдамасы, жалпы білім беретін мектептің бағдарламалары, жаңа ұлттық негізде жазылған оқулықтар, әдістемелік құралдар, сабақтан тыс уақытта жүргізілетін іс-шараларға жаңаша көзқарасты, оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау тәсілдерін талап етеді.

Аталмыш жұмыс формасы мұғалімге әртүрлі жағдайда баланы зерттеп, ол туралы мәлімет жинауға мүмкіндік береді, ал оқушылар коммуникативтік қажеттіліктеріне байланысты сабақтан тыс уақытта өзара қарым-қатынас жасай алады.

Демек, сабақтан тыс жұмыс - көптілділікті кеңейтуге жол ашатын, оқушылардың өзара қарым-қатынасын және әртүрлі ішкі байланыстарды айқындайтын, өзара коммуникациялық әрекеттерін ұйымдастырудың маңызды формасы болып табылады [181].

Сабақтан тыс жұмысы ұйымдастырылуына байланысты: жаппай, топтық, жеке формасында жүзеге асырылады. Мұнда оқушылардың коммуникативтік іс-әрекеттілігін дамытуға түрлі әдіс-тәсілдер қолдануға болады. Мәселен: рөлдік ойындар, конференция, ток-шоу, хабарлар, баяндама, пікірталас, дебат, кездесулер және т.б.

Сондықтан, мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастырудағы сабақтан тыс жұмыстардың арасында ерекше орын алатын формасы бұл *факультативтік* курсы [182]. Осы ретте біз мектеп мұғалімдеріне, тілдерді меңгертуде, ортақ сипатқа ие оқыту технологиялары мен олардың негізгі элементтерін (оқыту құралдарын) анықтауды және оларды

рангілеуді ұсындық. Осыған байланысты айқындаушы эксперимент алға тартылды.

В.Франкл құндылықтың үш категориясын қарастырады: 1) Жасампаздық құндылық. Ол шығармашылық іс-әрекетте көрініс табады. 2) Әсерленушілік құндылық. Өнер туындылары мен табиғат көріністері алдында, махаббат сезімінде көрінеді. 3) Қарым-қатынастық құндылық. Тұлға кез-келген, тіпті қолайсыз, күрделі жағдайларда жүзеге асыруға міндетті [183].

Ғалымдар Ш.А.Амонашвили мен В.И.Загвязинский аксиологиялық тұғырды бірнешеге бөліп қарау керектігін айтады. Олар: ізгіліктік, шығармашылық, ақпараттық құндылықтық. Авторлар өз еңбектерінде осы құндылықтар арқылы тұлға қоршаған ортасына жағымды әсер қалдырып, дүниетанымын байыта отырып, мәдени адамгершіліктік асқақтыққа қол жеткізе білу керектігін айтады [184].

Сонымен қатар тұлғаның құндылықтарды игеруі күрделі диалектикалық үдеріс екенін ұмытпауымыз қажет. С.Ф.Анисимов аталған үдерісті екі сатылы деп сипаттайды: әлеуметтік (тұлға аралық), психологиялық (тұлға ішілік). Әлеуметтік сатыда - тұлға аралық қатынастар реттеліп, іріктеледі [185].

Психологиялық сатыда тұлға таныған құндылықтар құндылықтық бағытқа айналады. Құндылықтың реттеліп, сараланып, мәндік қатары толығыады. Жалпы орта білім бағдарламасы бойынша білім алып жатқан тұлғалар үшін құндылық мәселесінің мәні зор.

Құндылық тұлға негізі, қозғаушы күші, жақсы қасиеттерді дамыту мен тәрбиелеу кепілі, мәдени идеалдың қалыптасуы. Демек, құндылық (грек тілінде «*axios*», аударғанда - құндылық дегенді білдіреді) – жеке адамның және басқа субъектілердің тіршілігінде олардың қажеттілігін қанағаттандыру мен қызығушылығын жүзеге асыруға арналған маңызды істер.

Субъектілердің бағытталған құндылықтарына қарай жеке, топтық, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар болып бөлінетіндігі айқындалған. Адамдар қоршаған заттарға, құбылыстарға, үдерістерге, басқа адамдарға және өзіне жай қарамаған, оны шындық пен жалған, жақсылық пен жамандық, көркемдік пен ұсқынсыздық, мейірімділік пен зұлымдық, әділеттілік пен әділетсіздік және т.б. тұрғылардан бағалап отырған [186].

Бұл адамзаттың әлемге қатынасының және оған деген көзқарасының ерекшелігі болып есептеледі. Әрине адамзаттың әлемге қатынасының мұндай ерекшелігінің философиялық түсініктен тыс қалмауы заңдылық. Құндылық – белгілі бір тарихи-мәдени жағынан шоғырланған және жалпыадамзат пен жеке этнос мәдениетінің мәнін көрсететін адамның өзінің мінез-құлық нормалары мен мақсаты туралы жалпы түсінігі, дүниетанымы.

Мәдениеттілік тұғырдан қарау полилингвалды тұлғаны қалыптасуы жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуіне бағытталған, жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін ұлттық мәдениеттің құндылықтары мен нормаларына сәйкес құрылады.

Мәдениеттілік тұғыры арқылы жеке тұлғаның мәдениетпен объективтік байланысы негізінде оның мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін анықтайды. Өйткені, адам мәдениет арқылы дамығандықтан сол мәдениетке жаңа

элементтер енгізуге үлес қосады. Сол себептен адам мәдениет құндылықтарының жүйесін игеріп өзін-өзі дамытса, екінші жағынан, оның шығармашылықты жеке тұлға болып дамуына жағдай туады. Білім беруде мәдениеттанушылық тұғырды ұсынушылар (М.С.Каган, Е.В.Бондаревская және т.б.). Бұл М.С.Каган, Е.В.Бондаревская Е.В.Бондаревская және т.б. тарапынан білім беру саласында да ерекше мәнге ие емес қарастырылмаған.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастырудағы осы тұғырдың ерекшелігі - ол мәдениетті, ғылыми білімдерді және рухани тәжірибені интеграциялап, адамдық (өнегелі) мағыналарды іздеуге бейімдейтіндігінде. Мәдениеттілік тұғыр «мәдениет адамын» еркін, адамгершілікті, шығармашылық түрде ойлайтын, өнегелі және рухани бай, белгілі бір мәдени кеңістікте өмір сүруге практикалық дайындығы бар адам ретінде көреді.

Яғни, мәдениеттілік тұғыры – білім алушының жеке тұлғасын зерттеп, құндылық бағдарын қалыптастыруда аксиологиялық құндылық іліміне сүйеніп, нақты ғылыми әдіснама ретінде таным мен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар береді.

Полилингвалды тұлғаны қалыптасуын *құзыреттілік тұғыр* тұрғысынан қарау білім, білік және дағды арқылы мәселелерді өз бетінше шешетін, өзін-өзі реттей алатын тұлғаның іс-әрекеттерін пайдалана алу мүмкіндігі. Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, полилингвалды тұлға түсінік қалыптастыруға баса мән беріледі. Бұл тұғыр өмірдің әр түрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілікті және қоғамда (социумда) табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді [187].

Тұлғаның нақты әрекет пен үдерістерде тиімді, өнімді әрекеттер жасай алу қабілетін, дара тұлға сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды (В.А.Сластенин, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, А.К.Маркова, М.В.Прохорова, Дж.Равен, А.И.Пискунов, В.И.Журавлев, А.А.Реан, А.А.Вербицкий).

Полилингвалды тұлға қалыптасуының алғы шарттарына ғылыми талдау жасау барысында жалпы орта білім беру жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың әдіснамалық негізін тұлғалық, іс-әрекеттік, әлеуметтік, аксиологиялық, мәдениеттану, жүйелілік тұғырларын саралай отырып, бүгінгі оқушы-жастарды полилингвальды тұлға ретінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық тұрғылары негізделді.

Жоғарыда көрсетілген әдіснамалық тұғырлардың өзара ықпалдасуы полилингвалды тұлғаның қалыптастыратын микрофакторлар (отбасы, ағайын-тұма, жолдас, әртүрлі қоғамдық ұйымдар, т.б.); мезофакторлар (ауыл, қала, аймақ, облыс, т.б.); макрофакторлар (мемлекет, әлеуметтік орта, қоғам, ел, т.б.), мегафакторлар (әлемдік кеңістік) өзара кіріктіру арқылы жағдай тудыра отырып полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Осындай қабілеттерді жалпы орта білім беру жүйесі жағдайында оқушылардың бойына дарытуда мектептің оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Осыған байланысты мектеп оқушыларында полилингвалды тұлғасын қалыптастыру қандай шарттарды сақтағанда жүзеге

асуы мүмкін екенін анықтап алған жөн. Диссертация жұмысының келесі тармақшасында осы мәселе қарастырылады.

2.2 Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Білім беру жүйесінде «шарттар» және «факторлар» ұғымдарының мазмұнын нақтылау үрдісі байқалады. Педагогикалық әдебиеттерде аталған ұғымдар көпжағдайда синонимдер ретінде тұлғаны қалыптастырудың факторлары мен шарттары қатар қолданылады.

Аталған ұғымдардың семантикалық айырмашылықтарын анықтау үшін педагогикалық шарт ретінде тұлғалық сипаттамаларға субъектіден тыс талдау жасау қажет болса, педагогикалық факторлар ретінде оқушылардың дамуы т.б., полилингвалды тұлға ретінде қалыптасудағы субъективтік сапалар есепке алынады.

Педагогикалық жүйе белгілі педагогикалық шарттарды сақтағанда ғана қызмет етеді және дамиды. Осы орайда тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру жолдары мен шарттарын қарастыруда жалпы педагогика ғылымындағы қалыптасқан тәжірибеге назар аудардық. Алдымен *шарт* дегеніміз не екендігіне талдау жасасақ, ол белгілі бір жағдайдың туындауы, тіршілік жасау, оқу, еңбек ету, өзгерістер, түрлендірулер үшін қажетті объектілердің жиынтығы. Әрбір нысанның бір-бірімен тікелей және жанама байланыстары бар, олар белгілі бір шамамен сипатталатындықтан, жиынтық мөлшерде жеткілікті педагогикалық шарттарды құрайды. Әр құбылыстың ақырғы нәтижесі әсер етуші жеке себептерге ғана емес, ішкі және сыртқы шарттардың нәтижесінің ара қатынасынан туындайды. Ғылыми әдебиет көздерінде «шарт» ұғымына бірнеше анықтамалары берілген. Шарт - қоршаған ортаның қандай да бір үдерісіне ықпал ететін жағдайлар мен факторларды түсіну деп анықталады [188].

Ғалымдар С.И.Ожегов пен Н.Ю.Шведова шарт түсінігін өзіне тәуелді, бағынышты болатын жағдай деп анықтайды [189]. Философиялық түсіндірме сөздікте «шарт» біріншіден, онсыз өмір сүру мүмкін емес орта, екіншіден, бір жайт жүргізіліп жатқан жер деп анықталады [190].

«Шарт» - бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайтын зат пен қоршаған ортаның арасындағы қарым-қатынас категориясы тұрғысынан түсіндіріледі. Белгілі бір құбылыстар пайда болатын, өмір сүретін макро не микро әлем сол шартты құрайды. Шарт - ол объектілер (заттардың, олардың жағдайының, арақатынасының) комплексінің компоненті, бұлардың өміршеңдігінен осы құбылыстардың да өмір сүру қажеттілігі туындайды» [190,б. 312].

Ал қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: «Шарт – бұл: тәуелді болатын бір жағдай; өмірдің, іс-әрекеттің белгілі бір саласында қалыптасқан ережелер; бір нәрсе жүзеге асырылатын жағдай; негізге алынатын мәліметтер мен талаптар». Философиялық сөздікте: «Шарт - заттың қоршаған құбылыстарға қатынасын білдіретін философиялық категория. Шарт өзі пайда болатын өмір сүретін және дамиды жағдайда ортаны құрайды» деп берілсе, педагогикалық зерттеуде, көп

жағдайда, тәуелді болатын жағдай; бір нәрсе жүзеге асырылатын жағдай ретінде қарастырылады [191].

Шарттар адамның өзінің ішкі ресурстарын жұмылдыруға, өзіне қолайлы тәсілдерді іздеуге, өмірлік іс-әрекетте адамның баламалы қабылдауының себептерінің бірі болып табылады. Осылайша, білім беру кеңістігінің шарттары, білім беру үдерісіне қатысушылардың ішкі ағзалық өмірлерін белсендірудің шарты болады. Олай болса, педагогикалық шарттардың мәні, педагогикалық үдерістің компоненттері мен шарттарының арақатынасын көрсету болып табылады.

Бірқатар ғалымдар, соның ішінде Н.В.Останина «шартты» кең мағынасында қарастырады және оны «қоғам дамуының аталған кезеңінде, әлеуметтік-педагогикалық үдерістердегі әрекетінің соңғы нәтижесінің жиынтығы», деп анықтайды [192].

С.А.Мухамедьянов педагогикалық шарттар деп, жеке тұлғаның белгілі бір сапаларын аса жоғары деңгейде дамытуда, білім алушылардың мақсатқа жетудегі білім беру үдерісінде жүзеге асырылатын, өзара байланысты іс-шаралардың жиынтығын айтады [193].

В.И.Андреева педагогикалық шарттарға анықтама бере келе, оқу-тәрбие процесс шаралары-оқытудың мазмұны, әдістері, сонымен бірге ұйымдастырушылық формасы екендігін көрсетеді [194]. О.А.Свириденко бұл анықтаманы «.... әлеуметтік маңызға ие жеке тұлғаның дамуымен байланысты оқу-таным кезіндегі уәждемелік шарттылық; арнайы пәндердің оқу материалын дидактикалық өңдеу, оқытудың заңдары, ұстанымдары, ережелер», деп толықтырады [195].

Педагогикалық зерттеулерде қарастырылатын мәселеге байланысты шарттар жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ететін себеп-салдар; оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыруға қойылатын талаптар; әрекеттің реті; педагогикалық міндеттерді шешу үдерісін жүзеге асыратын орта; педагогикалық әсерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ережелер мен қарым-қатынас түрлері ретінде ұсынылады. Зерттеу барысында жасалған талдау нәтижесі педагогика теориясы мен практикасында ұйымдастырушылық-педагогикалық (В.А.Беликов, Е.И.Козырева, С.Н.Павлов және т.б.); психологиялық-педагогикалық (Н.В. Журавская, А.В.Лысенко және т.б.); дидактикалық (М.В.Рутовская және т.б.) шарттардың кездестінін көрсетеді. Сонымен шарт - бұл белгілі бір объектінің қызмет етуінің негізі болып, объективті және субъективті, қажетті және жеткілікті деп те жіктеледі.

Жоғарыдағы анықтамалармен зерттеу нәтижелерін басшылыққа ала отырып, жалпы орта білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісіндегі *педагогикалық шарттарды* оқушы мен мұғалімнің өзара түсінісуі, *серіктестікпен бірлесіп әрекет етуге бейімділігі, бірлескен шығармашылық жұмыстарға негізделетін диалогтық, субъектаралық қатынастарынан жасалған, сонымен бірге тұлғааралық қарым-қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік тудыратын, ынтымақтастық іс-әрекеттерге жетелейтін, коммуникативтілік іс-*

әрекеттерді қалыптастыратын жағымды педагогикалық жағдай деп есептейміз.

Сондай-ақ, педагогикалық, шарттар оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталады. Осыдан педагогикалық шарттар қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен оны ұйымдастыру түрлерінің объективті және оларды іске асырудың материалдық мүмкіндіктерінің жиынтығы, жоспарланған нәтижені қамтамасыз ететін, міндетті түрде сақтауды қажет ететін сыртқы талаптар ретінде олардың іс-әрекетте жүзеге асырылуы жоғарыда санамалап берілген педагогикалық шарттардың қызметтік жүйесіне тікелей байланысты.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу, жалпы орта мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру үдерісінің келесі педагогикалық шарттар жиынтығын ескеру арқылы табысты іске асырылатындығын анықталды.

Жалпы білім беретін мектепте сабақтан тыс жұмыстар негізінде оқушылардың полилингвалды тұлға ретінде қалыптастырудың педагогикалық шарттары-оқушылардың тұлғалық өсуін және өзіндік жеке мүмкіндіктерінің толығы, психологиялық, әлеуметтік және мәдени шығармашылығының белсенді ретін оқыту үдерісінің түрлі аспектілерін ұйымдастыру болып саналады.

Бұл педагогикалық шарттар, жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлға ерекшеліктерін анықтауға, бағалауға, түзету мен жетілдіруге, оларды өзгермелі өмірге бейімдеуге бағытталған.

Бірінші педагогикалық шарт- оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыруындағы коммуникативтік іс-әрекет көрсеткіштерін есепке алу. Бұл көрсеткіш тұлғаның әлеуметтік өзара қарым-қатынас үшін маңызды сапалардың дамытылуы, тұлғаның жеке даралық, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекетті сапалы тұрғыда атқаруға даярлығы болып саналады.(ойдың қалыптасуы, бейімделуі).

Зерттеу нәтижесі оқушылардың басым бөлігінің тыңдау дағдысы ғана, ал материалдар негізінде өз ойларын жаза білмейтіндігі (дұрыс мазмұнының 18-20% ғана дәптерге түсіріледі) көрсетіледі. Оқушылардың сөйлеу дағдылары қалыптаспағаны (28,8%) пікір талас жүргізу тәртібі меңгерілмегені (18,6%), мәселеге аналитикалық талдау жасай алмауды (16,3%) көрсетеді. Сондықтан оқушыларда ойлау, оған бейімделуді қалыптастыру мақсатында оларды жоспарлау, ұйымдастыруға, іс-әрекет нәтижесін болжай білуге дағдыландыру шарт. Осыған сәйкес тұлғаға- бағдарланған білім беруді полилингвалды тұлғаның қалыптасуының негізгі шарты ретінде қарастырдық. Бұл шарт оқушының сұранысымен қажеттіліктерін өтеуге және оған өзінің жеке мүмкіндіктерін анықтауға: өзіне маңыздыларды таңдауға, нақты шешім жолдарын, басқаруды үйренуге көмектесуге бағытталған.

Екінші шарт- пәннен алған білімді (ана тілі), тілдік бірліктерді өз ойын жеткізу тәсілдеріне айналдыру, тілдік құрал ретінде пайдалану. Яғни, оқушылардың тілдік құралдарды таңдап алу әрекеті, оны шығармашылық актіге айналдыру, сөйлеу мәнін, міндетін өзара қарым-қатынас шартына,

мотивіне айналдыру полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың – маңызды шарты болып табылады.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың *үшінші шарты* ретінде сабақ пен сабақтан тыс аясында сөйлеу тапсырмаларын құрылымдау және олардың кезеңдерін анықтау. Мұғалім оқу-тәрбие үдерісін, оның заңдылықтарын, принциптерін, тұлғаны дамытып, оның бойындағы полилингвалдық құзыреттерді қалыптастырудағы барлық компоненттердің мәнін дұрыс түсінуі, яғни мектептің сыныптан тыс жұмыстың тәрбиелік потенциалын ұтымды түрде пайдалануы тиіс [196]. Көптілдікке баулу жұмысының нәтижелі болуы мұғалімнің білім мен тәрбие беру тәсілдерін жетік меңгеріп, қажет жағдайда тиімдісін таңдай білуіне байланысты. Соның ішінде оқыту мен тәрбиелеудің интерактивті формаларын, әдістерін қолдану оқушылардың ұйымшылдық, ұжымшылдық, белсенділік, шешімпаздық, көшбасшылық, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру сапаларын бекітеді.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың *төртінші шарты*– оқушылардың субъективтік белсенділігінің дамытылуы. Белсенділік ұғымы алғашында тұлғаның сапаның деңгейі және іс-әрекетті жүзеге асыру тәсілі ретінде анықталды. Өйткені, субъективтік белсенділік дегеніміз адамның автор ретінде өз ерік жігерін дамыту, өзінің іс-әрекетке оралуы мен мақсатқа шығармашылық тұрғыда қол жеткізу өлшемін белгілеуі болып табылады.

Жалпы білім беретін мектеп жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамдағы төмендегідей мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік береді:

- 1) полилингвалды тұлға мазмұны мен мағынасын айқындайтын немесе толықтыратын ұғымдар жүйесін құру;
- 2) философиялық, психологиялық және білім беру парадигмаларының полилингвалды тұлғаның қалыптасуына әсерін анықтау;
- 3) полилингвалды тұлғаға ықпал ету жүйесінің нақты шарттарын белгілеу;
- 4) қоғамның және білім беру жүйесінің педагогикалық тәсілдерін жасақтау мақсатында полилингвалды тұлға деңгейдерін анықтау;
- 5) қазіргі жалпы білім беретін мектептердегі полилингвалды тұлғаның нақтылы деңгейін бағалау;
- 6) полилингвалды тұлғаны қалыптастыру мақсатында оқыту үдерісін жаңарту немесе қайта құруға қажетті нұсқаулар мен ұсыныстар әзірлеуге ықпал етеді.

Қорыта келгенде, аталмыш әдіснамалық тұғырлар полилингвалды тұлғаны қалыптастыру мәселесін зерттеп-зерделеуге, бұл үдерістің негізгі шарттарын анықтауға негіз бола отырып, бұдан үдерісті модельдеуге, сонымен бірге оны тиімді жүзеге асыру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

2.3 Орта мектеп оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың мазмұндық- құрылымдық моделі

Жалпы орта білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптасуын жетілдіру үшін Платон, Аристотель кезеңінен басталатын үлгілеу (моделдеу) әдісіне назар аудардық. Моделдеу зерттелетін нысанның мінездемесін

көрсететін ұқсастықтарды, көрініс пен үдерісті бейнелеу үшін керек екені белгілі.

Модель-түпнұсқа туралы ақпаратты құрастыру және көбейту, жаңа құрылымын жасау, басшылық ету мен дамыту қызметін көрсетеді. Моделді құрастыру іске асырудан әрекетке даярлықты бейнелейтін аралықты көрсетеді. Моделдеу әдістемесі танымның көрінісі мен нысанын саналы талдаудың белгілі түрі [197]. Мазмұны жағынан моделдеу абстракциялау және дәріптеушілік деген математикалық түсініктер аясында пайда болған, себебі математика ұғымында абстракциялау деген бір заттың бір немесе бірнеше қасиеттерін ойша бөлуді түсіндіреді, осындай қасиеттер біздің зерттеу жұмысымыз үшін өте қажет.

Оқыту моделі нақтылы оқыту үдерісінде қолданылатын оқытудың дидактикалық негіздері мен педагогикалық техникасы жүйесі болып табылады. Моделдің дидактикалық негізі, оны жүзеге асыратын, оқыту әдістері және ұйымдастыру формалары болса, педагогикалық техника оқыту үдерісінде тікелей қолданылатын оқыту құралдары мен тәсілдері саналады.

Ш.Т.Таубаева «Педагогика әдіснамасы» [170,б. 78] атты еңбегінде педагогика саласындағы моделдеу мәселесіне кеңірек тоқталған. «Модель» түсінігі, латынның «modules» сөзінен туындаған, ол «өлшем», «бейне» деген түсінікті білдіреді. «Моделдеу» түсінігі ғылым саласында әртүрлі мағынада пайдаланылады. Нақты мағынада «моделдеу» объектінің арнайы жасалған пішінінің, нақты нысанның сипаттамасын өңдеп жасауы. Логикалық түсіндірме сөздікте «модельдеу» нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық-математикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар құрастырулар т.б.

Модельдеу зерттеу нысанына сәйкес, құрылымы мен құрылысын түсінікті түрде қайта өңдеп бейнелейді. Зерттеу нысанының элементтері арасындағы қарым-қатынастары мен байланыстарын, қасиеттерін көрсетіп, түсінуге қиын, көп уақыт жұмсауды талап ететін қиын мәселелерді шешіп, өзінің қажетті мәлімет алу үдерісін тиімді етеді. «Моделдеу» даяр зерттеу нысанының түпнұсқа делінеді [180,б. 23].

Д.Қ.Пошаев модель - құбылыстарды (үдеріс,жағдаят және т.с.с) жасанды түрде оқып үйренуге, оларды зерттеуге қиын соғатын немесе зерттеуге мүмкін болмайтын ұқсас құбылыстарға құрылған жасанды құралған нәрсені айтамыз. Модельдеу - ғылыми танымның әдіс ретінде құбылыстың дамуын, соңғы нәтижесінен озық болжап білуге мүмкіндік береді [198].

Осы бағыттағы басқа да ғылыми зерттеулерді талдап қорыту жалпы орта білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға, орта мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастыру үдерісінің мақсат пен міндеттерін, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін 5 суретке сәйкес анықтауға мүмкіндік береді.

Мақсаттылық компоненттің тигізетін мектептің сабақтан тыс жұмыстар аясында ұстанымдар анықталды:

-балаларды тұлғалық-іс әрекеттік тұғыр ережелерінің негізінде дамыту;

-рухани құндылықтарды дамыту және оларды халықтық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жаңғырту арқылы мектеп оқушыларының санасы мен мінез-құлқында бекіту;

-полилингвалды тұлғаны психологиялық, педагогикалық қолдау;

- оқушыларға ана тілін терең және жан-жақты меңгерту;


- оқушыларға орыс тілі мен шет тілін меңгеруге деген қызығушылықты ынталандыру;

- оқушыларды мемлекеттік тіл негізінде Қазақстандағы және әлемдегі мәдениеттердің алуан түрлілігі туралы түсінігін қалыптастыру мен қазақ ұлтының және Қазақстан мәдениетіне кіріктіруге жағдай жасау

- оқушылардың коммуникативті іс-әрекеттерін дамыту;

- қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу мен этнотолеранттылықты дамыту;

Сонымен бірге аталмыш компонент жалпы білім беретін орта мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастыру үдерісінде мына қағидаларды басшылыққа алуды қажет етеді.



Сурет 5 - Полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың мазмұндық - құрылымдық теориялық моделі

Сана мен әрекеттің бірлігі қазғидасы – адам санасы белгілі бір істі жүзеге асыру барысында ішкі жоспарына сай қалыптасады; сана тұлғаның

коммуникативтік әрекетінің өнімділігін реттейді; сана қоғамда бағаланатын және тұлғалық-құнды мінез-құлықты игерудегі мүмкіндікті көрсетеді.

Жеке тұлғаның әлеуетін дамыту қағидасы, мұнда әлеует (лат. potential - күш, қор, бастау, мүмкіндік) - жағымды әсер қалдыратын жағдаятта белгілі бір істі жүзеге асыру арқылы аса байқала бермейтін қабілетті (көбінесе көрінбеген, жасырын) айқындау. Адам және оның әлеуеттік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының объективті заңдылықтарын көрсетеді. Бұдан «өзекті» және «әлеуетті» қабілет түсінігі пайда болады. Бұл ұстаным әрбір адамның өзіндік дамуы мен келешекте кәсіби шығармашылыққа қол жеткізуіндегі жеке әлеуетін ашу мен дамытуға септігін тигізеді.

Іс-әрекет субъектісі ретінде жеке тұлғаның белсенділік қағидасы - тұлғаны белсенді субъект (орындаушы, бастамашы (инициатор), үйлестіруші) ретінде қарастыру индивидтің көкейкесті міндеттерді шешу үшін мотивациясын түсінуге мүмкіндік береді және ақиқат шындықты қайтадан өндіруге қарым-қатынасын айқындайды, берілген шығармашылық жұмыстардан тыс іздестірулерді қамтамасыз етеді.

Жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениеттің тірек болу қағидасы - тұлғаны қалыптастыру қазіргі әлемдегі, елдегі, қоғамдағы құнды - мағыналы басымдылықтарға, ұлттық құндылықтардың жиынтығына, Қазақстандағы адамзаттық қоғамның рухани өмірін сипаттайтын моно-кросс мәдени әрекеттестігін, этноәлеуметтік-мәдени дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, нормаларды сақтауға негізделеді. Қазақстандағы қоғамдық ұжымның рухани өмірін сипаттайды. Бұл өзара ықпалдасқан полилингвалды тұлғаның тілдік мәдениеттің, қалыптасуына әсер етеді.

Мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру үдерісі. Ондағы негізгі өзек - лингвистикалық дүниетанымдық бағыттылығы мен қатынастағы ұстанымы: қоғамның мәдениетіне, іс-әрекетіне, басқа адамдарға және өзіне, жалпы қоршаған әлемге қатынасы. Мәнді қасиеттері адамның ақиқат шындыққа теориялық және іс-әрекеттік қатынасының бірлігін, рухани-практикалық маңызын негіздейді.

Оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру үдерісінде ықпалдасты іс-әрекеттердің арқасында тәрбиелену дұрыс ұсынылған ұйымдастырылған, белгілі тәжірибені игереді.

Осыдан, тәрбиелеушінің басты міндеті - оқушыны көргенін, оқығанын қайталап, оларды өз бойына сіңіріп, өзінің меншікті әрекеті ретінде қайта жаңғырта алатындай жолдарын табу.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, типтік оқу бағдарламаларына, оқулықтардағы көптілдікке баулу мен полилингвалдыққа байланысты тақырыптарға талдау жасалып, сұрыпталды.

Мектеп оқушыларының бойына полилингвалды тұлғаның қасиеттерін қалыптастыруда оқу-тәрбие жұмыстарына қойылатын негізгі талаптар:

- пән сабақтарының мектептегі және сабақтан тыс жүргізілетін көптілдік жүйесімен өзара байланыста жүргізілуі, пән аралық байланыс, өткен тақырыптармен жүйелі сабақтастық, оқушылардың іс-тәжірибесі;

- факультативтік сабақтарының алдына қойылатын мақсатының нақты болуы және педагогикалық тұрғыда негізделуі;
- факультативтік сабақтың құрылымында тілдердің үштұғырлығына арналған мазмұнның қамтылуы, сабақ мазмұнының оқушылардың полилингвалдық іс-әрекетінің негізі болуы, берілетін білім мен оқушылардың іс-әрекеті арасында байланыстың болуы;
- пән сабақтарында оқушылардың көптілдікке қызығушылыққа ықпал ететін материалдардың қамтылуы;
- сабақ пен сабақтан тыс жұмыстарда оқушылардың танымдық, белсенділік іс-әрекеттеріне ықпал ету, сабақтағы қамтылған материалдар олардың санасына, көңіл-күйіне әсерлі болуын ескеру;
- сабақ пен сабақтан тыс жұмыстардың құрылымы, мазмұны, қолданылатын әдістері мен тәсілдерін айқындауда полилингвалды бағыттарына баса көңіл аударылу керектігін айқындалды.

Мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру жүйесін моделдеудің *мазмұндық компонентіне тән ерекшелігі*, ол жүйе құрушы рөлді атқаруы және оқу-тәрбиелеу жүйесінің реттілігі мен тұтастығын, оның негізгі элементтері мен байланыстарының әрекет етуі мен дамуын қамтамасыз етуі. Яғни, оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптасуына бағытталған оқу-тәрбие жүйесі субъектілерінің бірлескен іс-әрекеті мазмұндық компоненттің негізін құрайды.

Мазмұндық компонент келесі: *бейімдеу (оқушыларды полилингвалды тұлға мағынасын түсінуге үйрету); өзі мен басқа адамдармен қарым-қатынасын айқындауға негізделген субъектілік-тұлғалық; операциялық - үш тұғырлы тілдік қатынасын құру, оның қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіну және ұғыну; тілдік-эстетикалық талғамдары мен рухани құндылықтарға, мінез-құлықтағы және қылықтағы ережелер мен нормаларға бейімделу қызметтерін атқарады.*

Сонымен, сабақтан тыс жұмыстар негізінде полилингвалды тұлғаны қалыптастыру - бұл оқушылардың әрқилы іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру үдерісі.

Оның мәні: адам барша әлеуметтік тәжірибеден өзіне табиғаты жағынан жақын, әрі қызықтысын таңдайды. Сондықтан да, тұлғалық - іс-әрекеттік бағыттың негізгі мазмұндық бірліктері-ортақтасу (общение); іс-әрекет барысында тұлға дамуына басшылық жасау; тұлға дамуы мен әлеуметтенуі болып табылады. Оларды іске асыруда бүкіл оқу-тәрбие үдерісінің де бірлік элементі ретінде психологиялық-педагогикалық диагностика маңызды роль атқарады [199]. Осыдан, полилингвалды тұлғаны зерттеудің әрқилы әдістерін білу және олар негізінде тұлға мен ұжымды зерттеудің бағдарламаларын түзе алу қажеттіктері туындайды. Мұндай бағдарлама мазмұнында оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру үдерісінің ерекшеліктері:

- бұл үдеріс өз ішіне оқу элементтерін қамтиды: қандай да ережені орындауды талап етуден бұрын оның іске асырылу жолдарын үйрету қажет;

- оқу үдерісі мұғалім мен оқушы арасындағы ықпалдасты іс-әрекеттің ұйымдастырылу формасына сәйкес болуын. Өз қызметі барысында мұғалім оқушыға тәрбиелік ықпал жасау;

- оқу және тәрбие үдерістерінде бірдей әдістер (түсіндіру, қадағалау және т.б.) пайдалану ескерілді.

Десекте, мұғалімнің компонентін негізін құраушы бөлігі – сабақтан тыс жұмыстар. Өйткені, бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен-күнге ұяғаю түсуде. Соңғы кезде мектептердің алдына қойылып отырған тәрбие міндеттері сабақтан тыс уақытта жүргізілетін іс -шаралардың мазмұнына өзіндік әсер етіп отыр. Себебі, оқушы жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді.

Сондай-ақ, сабақтан тыс жұмыстар мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады.

Яғни, сабақтан тыс жұмыстар тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына жағдай жасайтын мектеп ұстаздары басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін мектептің оқу-тәрбие жұмысының дербес түрі.

Сондай -ақ заман талабына сай мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғам жағдайында өмір сүруге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын, шығармашылыққа бейім, құзіретті және бәсекеге қабілетті көптілді тұлғаны қалыптастыру міндетін алға тартады. Осыған байланысты, жалпы білім беретін мектептің бағдарламалары, жаңа ұлттық негізде жазылған оқулықтар, әдістемелік құралдар, сыныптан тыс уақытта жүргізілетін оқушыларды көптілділікке баулуға іс- шараларға жаңаша көзқарасты талап етеді.

Алайда, оқушылар сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстардың ішінде ең қомақты үлес қосатын формасы ретінде факультативтік сабақтар танылады. Өйткені, олар оқушылардың ой санасының дамуына, пәнге деген белсенді танымдық қызығушылығының қалыптасуына, жас жеткіншектердің зерттеу қызметіне деген қызығушылығын арттыруға ықпалын тигізеді.

Сондықтан, мектеп практикасында сабақтан тыс жұмыстарына тек белсенді оқушыларды тарту әдетке айналуы кемшіліктердің бірі болып келеді. Неғұрлым барлық балаларды қызықты факультативтік курстарға тарту- олардың оқу үлгеріміне, білім сапасын арттыруына, ұжымдық іс әрекетке қатысу ынтасының тууына ықпалын тигізеді.

Осыған байланысты, оқушыларды полилингвалдыққа баулу мақсатында «Тілдер әлемі» факультативті курс бағдарламасы жасалды. Аталмыш курстың бағдарламасының негізінде ол бес кезеңде орындалатын деңгейлі тапсырмалар. Бағдарлама сабақтан тыс уақытта пікірталас, рөлдік ойындар, тренингтер, тіл білушілер турнирлеріндегі оқушылардың өзара әрекеттесудің әр түрлі формаларында іске асырылады.

Коммуникативтік іс-әрекет негізінде оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру үшін оқу үдерісін ұйымдастырғанда, оқытудың мазмұны, принциптері ерекше іріктелгенде, жоспарлау, оқытудың сәйкестігі көзделген арнайы технология жасалып, осы оқытудың нәтижесі назарда ұсталғанда көп тіл білетін тұлғаның қалыптасуы мүмкін.

Әдебиеттерге және күнделікті оқушылардың өзара қарым-қатынастарына талдау жасауда көптілділік оны коммуникациялық қажетсіну, барысында дамитыны және оны ұйымдастыруда бірқатар дидактикалық шараларды қажет ететіні байқалды.

Коммуникация үдерісі белсенді немесе пассив, жеке немесе көпшілік серіктің және әрекет мотивін қажет етеді. Сондықтан оқыту жағдайын табиғи қатынаста болу шартына жақындату үшін, оқушыларды сөйлеу жағдайына және ондағы бағдарлылыққа, сөйлесіп отырған адамды анық ұғыну, сөйлеу мен өзара қарым-қатынаста болудың негізгі мақсатына үйрету алынды.

Бұл міндеттер тілдік стилистика қызметінің мәліметтері көмегімен шешімін табады. Олар: біріншіден, сөйлеу стилі талаптарын қанағаттандыратын экстроллингвистік факторларды; екіншіден, өзара қарым-қатынаста болу аясын ресми немесе бейресми түрінде өткізу; үшіншіден, өзара қарым-қатынаста болу шарты жеке немесе көпшілік коммуникация; төртіншіден, сөйлеу қызметі өзара қарым-қатынаста болу, хабарлау, ықпал ету және т.с.с. болуы керек.

Мұндай шарттар жиынтығы белгілері, типтік, сөйлеу жағдаятының стилистикалық мәнін, бағдарлық фазасында талдау жасауға алып келеді.

Стилистика оқушыларды сабақ барысында жасанды ойлауға, сөйлеу жағдаятын және оларда «коммуникацияға қажеттілік» тудырыға көмектеседі.

Осылайша оқушылар сөйлеу әрекеттері арқылы өзара қарым-қатынаста болу (коммуникациялық) әрекеті арқылы жасанды түрде айту, сөйлеу үшін сөйлеу, табиғи, нақтылы, өмірде қажетті сөйлеу мақсатын үйренеді.

Сөз сөйлеуді дамытуға коммуникативтік бағыт беру оқыту әдістерін елеулі түрде өзгертеді, сөйлеу моделін алдыңғы қатарға шығарады. Ол әртүрлі жағдаятқа байланысты жаттығулар мазмұнға байланысты фактілерді ескертуге негізделінген және сөз сөйлеуді жағдаятқа байланысты даярлауды алға тартады.

Десекте, дәстүрлі сабақ барысында сөйлеуді дамыту әдістеріне назар аударатын болсақ, 2-кестеде көріп тұрғандай оқыту үдерісінде (сабақ жүйесінде) сөйлеу әрекетін құрылымдауға уақыт жетіспеуі мүмкін, сонымен қатар ол тіпті өзара пікір алмасуға да бағдарланбағаны көрініп тұр. Сол себепті зерттеуіміз барысында сөйлеу тапсырмаларын жасау, оларды тілді үйрену және сөйлеуді дамыту құралы ретінде пайдалануды жөн көрдік.

«Тілді» - өзара қарым-қатынаста болу әрекетіне қосу грамматикада байланысқан сөздерді дамыту жұмысына тығыз байланысты. Тілді үйренудің функциональды - стилистикалық бағыттағы, тілдік құралдарда кешенді талдау жүзеге асырылатын, оқушылардың тілді үйренудегі грамматикалық жұмыстармен сөйлеуін дамыту арасындағы байланысты жүзеге асыратын тиімді құралы болып -сөйлеу тапсырмалары орын алды.

Сөйлеу тапсырмалары- деп:

1) Ойды жеткізуге, түріне нақтылы бағыт беретін;

2) Өзара қарым-қатынаста болу міндеттеріне байланысты оқушылар өз беттерінше тілдік құралдарды таңдауды талап ететін;

3) Меңгерілген білімдерді өзара қарым-қатынас әрекетіне пайдалануға мүмкіндік тудыратын тапсырмаларды- айтамыз.

Сөйлеу тапсырмалары коммуникациялық мақсатымен анықталатын танымдық тапсырмалардың бір түрі деп түсінеміз. Мұндай тапсырмаларды орындау барысында, оқушылар басқада кез-келген танымдық тапсырмаларды орындағандай, алға тартылған мәселеге байланысты меңгерілген білімдерге сүйене отырып қойылған сұрақтарға бойынша кейбір қиындықтарды жеңе отырып және оны таба білуге үйренді. Мұндай тапсырмаларды шешу, оқушылардың ойлау қабілетін шыңдайды, дамытады, біліктілігін дамытуға қамтамасыз етеді. Сөйлеу тапсырмаларын орындау үдерісінде оқушылар лексикалық, грамматикалық, стилистикалық нормаларды меңгереді, тілдік формада сөз сөйлеу, пікір айту міндеттері мен мақсатын салыстырады, осылайша меңгерілген білімдерін өзара қарым-қатынас әрекетіне қосады (кесте 1).

Кесте 1 - Сөйлеуді дамыту әдісі бойынша жұмыс

Сөйлеу әрекеті құрылымы		Репродуктивті әдіс		Продуктивті әдіс	
		тілдік жүйе деңгейі және нормасы	текст деңгейі	сөйлеу әрекеті деңгейі	
		норма, синонимка	шығарма түрлері	байланысқан сөздерін білуі	стилистика
Бағдарлама лық	Қарым - қатынас жағдаятында	-	-	-	Қарым-қатынас жағдаятын талдау
Бағдарлама лық	Өз ойын айту мазмұнында	-	-	Шығарма тақырыбының негізгі ой	-
Ұйымдастыру		-	Шығарма бойынша жұмыс	Материалдарды жинау, жүйелеу	Ойын айту бойынша сөйлеу стиліне талап
Жүзеге асыру		Тілдік нормаларды меңгеру лексика, грамматиканы меңгеру	Шығарма бойынша жұмыс	Өз ойын сөйлеуге даярлау, құрылымдау	Өз ойын айтуға, құрылымдауға талаптар
Бақылау		Грамматикалық кателерді тексеруді түзету	Шығармада жіберілген кателерді түзету	Негізгі ойға сәйкестендіру (сөйлеуде айтатын)	Стилистикалық кателерді түзету

Сөйлеу тапсырмаларын орындау тікелей төмендегі жағдайлармен:

1) Оқушылардың сөйлеуін дамытумен грамматикалық өзара байланыс мәселесін шешу орын алады, егерде сабақ барысында қолданылатын тапсырмалар белгілі бір жүйемен нақтылы бірлігі мен, тапсырманың әрбір бөлігі өзінің мақсаты мен орыны қисынды (логикалық) түрде тұтастыққа ие болуымен;

2) Қосымша оқыту уақытын қажет етпейді, егерде қолданылып отырған дидактикалық материалдарда грамматикалық, пунктуациялық, орфографиялық тапсырмалар кешенді түрде орын алатын болса (сабақ жүйесінде бұл жағдай көбінесе шешімін таба бермейтін мәселе Тойбекова Бағдат);

3) Көптеген әдістемелік құралдарда көрсетілгендей сөйлеуді дамытуға арналған жаттығулар грамматикалық материалдарды оқып үйренудің соңғы кезеңінде пайдалануды нұсқауымен, тілдік құралдардың орын алуы коммуникация қажеттілік құрал барлық тақырыптарды оқу барысында екенін көрсетуімен;

4) Оқушылардың ойлау қабілетін белсендірулері және оқып үйреніп жатқан грамматикалық құбылысты жеке түсінуге алып келуі мен анықталады.

Зерттеу барысында келесі *типтік* сөйлеу тапсырмалары орын алды.

I Мұғалім ұсынған тезиске дәлелдерді таңдау.

Бұл тапсырманың мәні берілген тезистің дәйектілігін мұғалім көрсеткен әдебиеттерге сүйене отырып талдауды нақты мысалдарда көрсетеді. Оқушылар тезис мазмұнының құрылымының дұрыс не бұрыс екендігін дәлелдейді. Осылайша өз ойларының (сөйлеу құрылымын жасауға қатысты) құрылымын жасайды.

II Тапсырмалардың немесе сөйлеу құралының негізділігін (дұрыстығын) дәйектеу.

Мұндай тапсырмалардың мақсаты оқушылардың ойларын жеткізудегі тілдік құралдардың таңдап алуға мүмкіндік береді. Тапсырманы орындау барысында автор таңдап алған тексттің грамматикалық құрылымын талдай отырып оқушылар ана тілінің грамматикасына түзіліміне, сөйлеу техникасының шығармашылығына ұмтылатын болады.

III Тілдік құралдарды таңдау тапсырмасы. Тапсырманың негізгі идеясы салыстыру тәсіліне арналған. Тапсырманы орындау барысында оқушылар бірнеше ойды өзара салыстыра отырып, тілдік құралдарды таңдау мүмкіндігіне ие болады. Мұнда бірғана ойды жеткізуде әртүрлі сөйлеу құралдарын пайдалануға болатынын және сөйлеуді әртүрлі құрылымдау мүмкіндіктерін меңгеретін болады.

Сөйлеу тапсырмаларын тілдік құралдарды таңдауы бойынша 2 топқа бөлдік.

1) нұсқаларды таңдауға арналған;

2) грамматикалық құрылымдаудың функционалдық мүмкіндіктерін шектеуге арналған.

IV Сөйлеуге арналған мәтінді редакциялау. Мәтінмен жұмыс істеуге үйрету, нормадан тыс шығып кетпеуге бағытталған. Мұнда ұжым болып мәтінді талдауға, оны дұрыс құрылымдауға мүмкіндік туады. Олардың өзін бірнеше типтерге:

- а) қате жіберілген сөздер және олардың дұрыс нұсқасын көрсету;
- ә) грамматикалық нормаларында жіберілген қателерді табу, жөндеу;
- б) таңдалған тілдік құралдар бойынша қателерді анықтау;
- в) редакциялау, мәтінді дұрыс құрылымдау;
- г) сөйлеуде қандай стилистикалық қате болды, қандай қатарлар дұрыс немесе дұрыс орнында тұрған жоқтығын анықтау;
- д) сөз сөйлеуге арналған мәтінді құру, онда сөйлеу формасы, сөйлеу қатесі бар сөйлемдер құру;
- е) сөйлеу әрекетін меңгеретіндей ауызша немесе жазбаша мәтінді қорытындылауға бөлдік.

V Шығармашылық тапсырмалар.

Бұл тапсырмаларды орындау оқушыларды өзбетінше дәл, толық тілдік құралдарды, сөйлеу мақсатына байланысты, сөйлеу стилін ойын құрылымдауға арналған. Өзбетіншелік дәрежесіне сәйкес шығармашылық тапсырмаларды 3 топқа бөлдік:

- 1) жұмысшы материалдарға негізделінген шығармашылық тапсырмалар;
- 2) айтатын ойдың өзгеруіне байланысты мәтіндерді қайта құрылымдау, ауыстыру;
- 3) жағдай сипатындағы шығармашылық тапсырма.

Зерттеу көрсеткеніндей оқытуды оқушылардың қызығушылығы, қажетсінушіліктеріне сәйкес ұйымдастыру *факультативтілік* принципін алға тартады. Оқушы өз әрекетініне мақсатына білгенде, дидактикалық жағдаят (ситуация): оқушы оқыту объектінен оқу үдерісіне белсенді араласатын оның субъектісіне айналады.

Тапсырмаларды орындау барысында субъект және объект тараптарында бірқатар нақтылы өзгерістер орын алады. Өйткені, тапсырмадағы белгісіз жайттарға тап болған оқушы оны шешуге талаптанады. Оның бұл талаптануы объектіге қатысты арнайы әрекеттерін тудырады, нақтырағы оны өзгертуге қатысты әрекет болып саналады. Объектіні өзгерте отырып оқушы бір мезгілде өзінің білімін және танымдық қабілетін дамытады. Оқушының танымдық әрекет құрылымы сонымен қатар, таным объектісінің алғашқы құрылымы сипаты да өзгертін болады.

Бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу мектеп оқушыларында коммуникативтік іс-әрекеттер негізінде полилингвалды тұлғаны қалыптасуына бағытталған аталмыш модельдің мазмұндық мәнін ашады [200-201].

Сонымен мазмұндық компонент жүйенің барлық элементтерін тұтас бірлікке байланыстырады және сыртқы ортамен коммуникативтік байланысты қамтамасыз етеді. Аталмыш міндеттерді жүзеге асырылуы дәстүрлі тәрбиелік әдіс-тәсілдермен қатар психологиялық тренингтер, тұлғалық өсу тренингтері, іскерлік, рольдік және коммуникативтік ойындар, табыстылық жағдайларын жасау, даму және қатынас сағаттары, тәрбиелеу жобаларын құрастыру және т.с.с. тиімді болып табылады.

Сабақтан тыс жұмыстарды интеграцияланған технологияға негізделінген топтық оқыту арқылы ұйымдастырылды. Өйткені, оқушылардың өмірлік ынтасы мен әрекеті өз құрбыларының арасында *өзін-өзі танытуға* бағытталған

әрекет болып табылады және ал тек топ ішінде ғана көрініс таба алады. Бұл, әрі оқушының *әлеуметтенуіне* де алып келеді.

Факультативтік сабақтарды ұйымдастыруда төмендегі қағидаларды пайдалану тиімді болады:

достарының жетістіктерін байқай алады;

тапсырмаларды орындауда, аяқтауда бірін-бірі қуаттап отыру;

материалға бірлесе пікір таластыру;

тапсырма түрін анықтау, мақсатын талдау;

ақпараттарды формасын өзгерту- өз сөзімен берілген тапсырма материалдарын бұрынғылармен салыстыру;

бірлесе жұмыс жасау тәжірибесіне мақтанышпен қарау;

жеке тұлғалық өзгешеліктеріне қарамастан достасуға үйрену.

Полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың *операциялық іс-әрекеттік* оқушының бойында полилингвалды мәдениетті зерттеудің формаларын, әдістерін және тәсілдерін; нәтижелер тиімділігінің критерийлері мен көрсеткіштерін қамтиды.

Бұл компонентке мектеп оқушыларын полилингвалды тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған мотивациялық, когнитивтік және операциялық іс-әрекеттік құрауыш (құрамдас) компоненттер, сонымен қатар олардың құрамында өлшемдері мен көрсеткіштері, өздерінің жиынтықтарымен мектеп оқушыларды полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық моделін құрайды.

Көрсетілген өлшемдермен көрсеткіштердің негізінде мектептің оқу - тәрбие үдерісінде оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру деңгейлері анықталды.

Төмен деңгейде мектеп оқушылары тілдерді оқып үйренуге қызықпайды, топта енжар, оқу материалының тек кейбір бөліктерін қабылдайды. Бұл деңгейде оқушылар тілді үйренуді нөлден бастайды, оған қарапайым фразалар мен ережелер, оқу және жазу кіреді. Оқушылар қарапайым үлгідегі тапсырмаларды орындайды, мағыналық құрылымда бағдар жасай алмайды, ойы шашыраңқы. Оқушылар топтық жұмысты ұйымдастыра алмайды, топта негізінен орындаушы қызметін атқарады, топтық пікірталастарда белсенділік танытпайды. Бұл деңгейде оқушылар түсініксіз тақырыптарға ақпаратпен тікелей алмасуды талап ететін қарапайым тұрмыстық жағдайларда ағылшын тілінде түсінісе алмайды, ағылшын тіліндегі қарапайым хатты оқи да, түсінеде алмайды.

Орта деңгейде олар көбірек тәжірибелік жаттығуларды орындайды және құрылымы күрделірек сөйлемдерді айтуға үйренеді. Оқушы өз ойын берілген үлгіге сәйкес мұғалім жетекшілігімен рәсімдейді, мәселені баяндайды, қосымша құралдарды толық пайдалана білмейді. Оқушы диалогты ұйымдастыруда енжар, диалог аясында әріптесінің пікірін тыңдайды, топта топтық жұмысты орындау барысында міндеттерді бөліседі. Бұл кезеңде мәтіндер барған сайын көбірек ақпараттық және ұзартылған құрылымға ие бола бастайды. Бұл деңгейде оқушы сұхбаттасты жақсы түсіне алады және диалогты оңай қолдай алады.

Жоғары деңгей мектеп оқушылары ағылшын тілін мәселені шешуде шынайы қызығушылық танытады, білуге қызығушылығы басым, топтық қарым-қатынасты орнатуға бейім. Бұл деңгейде оқушылар ағылшын тілінде еркін сөйлеседі және түсінеді. Бұл деңгейді оқып үйрену үшін тілде сөйлескенде шапшаңдықты қалайтын біледі. Оқушы өз ойын еркін түрде күрделі құрылымдағы рәсімдейді, мәселені толық баяндайды. Қосымша құралдарды (вербальды және вербальды емес құралдарды) сауатты пайдаланады. Оқушы диалог, пікірталаста ақпараттың талап етілетін мазмұнын қабылдайды, диалогта белсенді, талқылауға белсенді араласады, топтық жұмысты орындау барысында міндеттерді белгілейді.

Оқушылардың коммуникативтік іс-әрекеттерін қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау мақсатында Түркістан облысы жалпы білім беретін орта мектептерінде 8-9 сынып оқушыларымен тәжірибе-эксперимент жұмысы ұйымдастырылып, сынақтан өткізілді.

Зерттеулер көрсеткендей, қалыптастыру міндеттерінің ішінде негізгісі мотивациялық компонент болып табылады. Бұл компонентте полилингвалды тұлғаның басты сапасы ретінде коммуникативтік іс-әрекеттер көрсеткіштері айқын. Оқушының полилингвалды тұлғасының құрамындағы когнитивтік компонент тілдің мәні мен мазмұны туралы түсінігін, білімін арттыруды қамтиды. Ал, оның құрамындағы операциялық-іс-әрекеттік компоненті болса алдымен оқушының коммуникативтік дағдысының қалыптасуымен сипатталады.

Диагностикалық-нәтижелік компонентті моделдің негізгі элементтерінің тізіміне қосу оқушылар полилингвалды тұлғасын қалыптасуы траекториясы туралы шынайы ақпарат алу үшін, сыныпта полилингвалды тұлғаны қалыптастырудағы мектеп мұғалімдері мен ата-аналар бірлескен әрекетін қалыптасуы үшін қажет.

Сонымен, полилингвалды тұлғаны қалыптастыру тәжірибесінде нәтиженің қалыптасқан қатынастарға тәуелділігі, мақсат пен іс-әрекет, практика мен тәрбиелік ықпалдар, субъектив және объектив жағдаяттардың байланысы, әсері, тәрбие және өзіндік тәрбие қарқындылығы және т.б. өз дәлелін өмір барысында тауып отыр (2 кесте). Полилингвалды тұлғаны қалыптастыру негізгі ұстанымдары бұл үдерісінің мазмұнына, әдістеріне, ұйымдастыру жолдарына қойылатын негізгі талаптарды айғақтайтын жалпы бастау тұжырымдары. Олар тәрбие үдерісін аңдатып, мектеп ұстаздарына педагогикалық міндеттерді шешуде бағыт-бағдар береді. Бұл, полилингвалды тұлғаны қалыптастыру үдерісіне арқау болар принциптерді алға тартады. Яғни: тұлғалық бағыт принципі; тәрбиенің жеке тұлғалық және қоғамдық бағыттарының бірлігі принципі; тәрбиенің өмір, еңбекпен байланыстылық принципі; тәрбиеде ұнамды өнегені пайдалану принципі; тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципі.

Кесте 2 - Мектеп оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	Мотивациялық	Когнитивтік	Операциялық іс-әрекеттік
1	2	3	4
Өлшемдер, көрсеткіштер	1 Ниет тілігі көзқарасы, талап қоюы 1.1 Ана тілімен орыс және ағылшын тілін үйренуге талпынысы 1.2 Өзінің және өзге ортада коммуникация құруға талап қоя білуі 1.3 Тілдерді дамытуға қызығушылығы	2 Білімі, түсінігі 2.1 Өз ұлтының мәдени құндылықтарын білу 2.2 Орыс, ағылшын мәдениеті туралы білім мен толеранты қатынасы 2.3 Басқалармен қарым қатынас түсе алуы.	3 Өзінің білімі мен практикалық іс-әрекеттерінде үш тілді жеткізе білу қабілеті мен даярлығы 3.1 Үш тілде өз ойын жеткізе білу қабілеті 3.1 Басқа дыбыстарды тілдік дыбыс толқынын, олардың олардың ерекшеліктерін ажырата білу. 3.3 Мәтіннен қажетті деректі тауып, пайдалана білу.
Төмен деңгей	Оқушылардың тілдерді игеруге деген қызығушылығынан және белсенділігінен, топты қарым-қатынастық құндылық ретінде тануынан көрініс табады. Мектеп оқушылары тілдерді оқып үйренуге қызықпайды, топта енжар, оқу материалының тек кейбір бөліктерін қабылдайды. Бұл деңгейде оқушылар тілді үйренуді нөлден бастайды, оған қарапайым фразалар мен ережелер, оқу және жазу кіреді.	Оқушылар қазақ, орыс және шет тілдің көмегі мен айтатын ойын жеткізу, жинақтау мен сөйлем құрылымдау, оның барысында пайдаланған іс-әрекеттері. Оқушылар қарапайым үлгідегі тапсырмаларды орын дайды, мағыналық құрылымда бағдар жасай алмайды, ойы шашыраңқы. Оқушылар топтық жұмысты ұйымдастыра алмайды, топта негізінен орындаушы қызметін атқарады, топтық пікірталастарда белсенділік танытпайды	Ұжымдық өзара қарым-қатынасқа түсуді, өзара міндеттер бөлісуді, коммуникативтік іс-әрекет нормаларын бірлесе меңгеруді, топтық пікірталастарда белсене араласуды қажет етеді Бұл деңгейде оқушылар түсініксіз тақырыптарға ақпаратпен тікелей алмасуды талап ететін қарапайым тұрмыстық жағдайларда ағылшын тілінде түсінісе алмайды, ағылшын тіліндегі қарапайым хатты оқи да, түсінеде алмайды.
Орта деңгей	Тілді дамытуға мұғалімнің талап қоюымен іздейді, шешімін өз бетімен табуға сенімсіз, қатесін табады, бірақ оны түзете алмайды, қарым-қатынас орнатуда білімді мақсат тұтпайды оқушылар ағылшын тілін осы деңгейде	Оқушы өз ойын берілген үлгіге сәйкес мұғалім жетекшілігімен рәсімдейді, мәселені баяндайды, қосымша құралдарды толық пайдалана білмейді. Оқушы диалогты ұйымдастыруда енжар, диалог аясында әріптесінің пікірін тындайды,	Бұл кезеңде мәтіндер барған сайын көбірек ақпараттық және ұзартылған құрылымға ие бола бастайды. Бұл деңгейде оқушы сұхбаттасты жақсы түсіне алады және диалогты оңай қолдай алады.

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
	тілді үйренуге кірісе отырып, тыңдаушылар кейбір фразаларды қалай дұрыс айту керектігін және кейбір тақырыптарға қысқаша сөйлесу керектігін әлдеқашан біледі. Бұл деңгейде олар көбірек тәжірибелік жаттығуларды орындайды және құрылымы күрделірек сөйлемдерді айтуға үйренеді.	топта топтық жұмысты орындау барысында міндеттерді бөліседі.	
Жоғары деңгей	мектеп оқушылары ағылшын тілін мәселені шешуде шынайы қызығушылық танытады, білуге қызығушылығы басым, топтық қарым-қатынасты орнатуға бейім.	Бұл деңгейде оқушылар ағылшын тілінде еркін сөйлеседі және түсінеді. Бұл деңгейді оқып үйрену үшін тілде сөйлескенде шапшаңдықты қалайтын біледі. Оқушы өз ойын еркін түрде күрделі құрылымдағы рәсімдейді, мәселені толық баяндайды.	Қосымша құралдарды (вербальды және вербальды емес құралдарды) сауатты пайдаланады. Оқушы диалог, пікірталаста ақпараттың талап етілетін мазмұнын қабылдайды, диалогта белсенді, талқылауға белсенді араласады, топтық жұмысты орындау барысында міндеттерді белгілейді.

Демек, бүгінгі таңдағы полилингвалды тұлғаны қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру талабы гуманистік педагогика ұстанған принциптерін: тәрбиені нақты тұлғаға бағыттау; жеке және қоғамдық тәрбие бағыттарын үйлестіре, байланыстыру; тәрбиені өмір және еңбекпен ұштастыру; тәрбиелік ұнамды үлгі - өнегені арқау ету; тәрбиелік ықпалдарды біріктіре, пайдалануға саяды.

Полилингвалды тұлғаның бұл компоненттері арқылы дүниеге көзқараспен әлемді қабылдауды, сонымен бірге тұлғалық өзін-өзі жетілдіруді, өзін-өзі анықтауды, өзін-өзі қайтадан құруды айқындайды. Жалпы орта білім беру жағдайында оқушылардың осы сапаларын анықтауға мүмкіндіктер туады. Бұл мүмкіндіктер бізге жалпы орта білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастыру көрсеткіштеріне сәйкес меңгерудегі компоненттері, өлшемдер мен көрсеткіштерін анықтауға негіз болды.

Сөйлеу тапсырмаларды орындау барысында оқушы өз бетінше, ішкі қажетсінуін мақсатқа жетуде интеллектуалдық және ерік жігерін күшейтуге

арнайды. Яғни тапсырмалар орындау барысында мақсат ынтаға, оқудың ішкі ынталануына айналады.

Мектеп оқушыларының көптілдігі, сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру олардың түрлі коммуникативті әрекетінде өз көрінісін береді. Полилингвалды тұлғаның негізгі өзегі - лингвистикалық дүниетанымдық бағыттылығы мен қатынастағы ұстанымы: қоғамның мәдениетіне, іс-әрекетіне, басқа адамдарға және өзіне, жалпы қоршаған әлемге қатынасы. Мәнді қасиеттері адамның ақиқат шындыққа теориялық және іс-әрекеттік қатынасының бірлігін, рухани-практикалық маңызын негіздейді. Бұл мүмкіндіктер бізге жалпы орта білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделін жасауға негіз болды.

Сонымен, оқушылардың сабақтан тыс полилингвалды тұлғасын қалыптастыру моделін жасағанда және модельді жүзеге асыру барысында жоғарыда анықталған педагогикалық шарттарды ұстанудың тиімділігі зор. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың келесі бөлімінде мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесін мектеп жағдайында жүзеге асыру жайлы баяндалады.

3 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПОЛИЛИНГВАЛДЫ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ

3.1 Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру бойынша тәжірибелік–эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, мектеп оқушыларының әлемдегі сұраныстарына сай білім алуы мен іскерлікті, жеке тұлғалық сапалық қасиеттерді меңгеруі қоғамның негізгі талабы ретінде қарастырылуда. Яғни, полилингвалды тұлға ғана қоғам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеуіне үлес қосатын бәсекеге қабілетті маман бола алады. Осы себепті, диссертациялық жұмыстың 1 бөлімінде бүгінгі қоғам талаптары мен сұраныстарына сәйкес полилингвалды тұлғаның, соның ішінде мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру қажеттігін теориялық тұрғыдан дәйектелінді. Ал 2 бөлімінде жалпы орта мектептер бұл үдерісті мүмкін ететін шарттарды анықтадық. Оны нәтижелі жүзеге асыру мақсатында мәселенің өзіміз жасаған теориялық негізіне сүйене отырып және жалпы орта мектептің сабақтан тыс жұмыстар мүмкіндіктеріне негізделіп 2.1 бөлімнің 2.2 тармағында мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушының полилингвалды тұлғасын сабақтан тыс жұмыстар негізінде қалыптастырудың мазмұндық -құрылымдық моделі ұсынылған.

Тәжірибелік–эксперименттік жұмыстардың міндеттері:

1 Зерттеу мәселенің жағдайын жалпы орта мектеп оқушыларында полилингвалды тұлғасын қалыптасуын тәжірибеде зерделеу.

2 Мұғалімдердің іс-әрекетінде мектеп оқушыларында полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын сынақтан өткізу.

3 Орта мектеп мұғалімдеріне арналған оқушыларды полилингвалды тұлға ретінде қалыптастыру бойынша ғылыми-практикалық нұсқауларды өңдеу, сынақтан өткізу және енгізу.

Педагогикалық экспериментте Шымкент қаласының №25 Т.Рысқұлов атындағы мектеп- гимназия, М.Х. Дулаты атындағы №8 мектеп гимназиясы және Мақтарал ауданы №42 С.Қожанов атындағы жалпы орта мектебі, мектеп оқушылары мен мұғалімдері қамтылған. Жалпы экспериментке 291 оқушы мен 50 мұғалім қатысты. Тәжірибелік–эксперименттік жұмысты жүргізудің кезеңде 3 кестеде көрсетілген. Эксперимент 8-9 сынып оқушыларда өткізілген.

Педагогикалық эксперимент орта мектеп мұғалімдерін отбасымен өзара әрекеттесуімен, көптілдік ортаның құрылуымен, психологиялық, педагогикалық қолдау ұйымдастыруымен, тұлғалық-бағдарланған оқыту үдерісі тәрбиелеушілік жағдайларында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыруды ұйымдастыру, мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптасуын қамтитын педагогикалық шарттардың дидактикалық құралдардың тиімділігін тексеруге бағытталған (кесте 3).

Кесте 3 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізудің негізгі кезеңдері, мақсаттары, мазмұны, диагностикасы

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдері	Диагностикалық мақсаттар	Міндеттер	Диагностика әдістері
I кезең: Анықтаушы	Мәселенің жағдайын жалпы білім беру мектептерінің тәжірибесінде зерттеу	Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру бойынша жалпы орта мектептерінің тәжірибесінде жағдайын айқындау	Оқушылар мен мұғалімдерге сауалнама жүргізу Оқу-тәрбие үдерісін бақылау Эксперименттік бағалау Моделдеу
II кезең: Қалыптастыру	Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың моделін жасау, шарттар жиынтығын өңдеу, полилингвалды тұлғаны қалыптастыру бағдарламасын құрастыру	Мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың моделін тәжірибеде сынау	Бақылау Мектеп ұжымы және оқушылармен әңгімелесу Сауалнама жүргізу, Статистикалық өңдеу әдістері
III кезең: Бақылау	Эксперимент нәтижелерін өңдеу. Педагогикалық шарттарды айқындау. Мектеп оқушыларының сабақтан тыс жұмыстар полилингвалды тұлғасын қалыптасуының негізгі компоненттерін нақтылау	Факультативтік курстың барысында алған нәтижелерді анықтау	Іс-әрекет нәтижелерін талдау. Бақылау. Математикалық өңдеу әдісі. Қорытындылау. Алынған нәтижелерді жүйелеу және баяндау.

Тәжірибелік-эксперименттің анықтаушы кезеңі барысында алынған мектептерге байланысты оқушылардың полилингвалды тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік-мәдени кеңістік айқындалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру барысында төмендегі іс-шаралар атқарылды:

- жалпы білім беретін мектептің бағыттылығы мен әлеуметтік даму жағдайы және мектептегі сабақтан тыс жұмыстар ерекшеліктерін ескере отырып, полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың
- жалпы мектептік бағдарламасы жасалды;
- факультативтік сабақтарды, сабақтан тыс уақыттағы іс-шараларды ұйымдастыру жөнінде әдістемелік ұсыныстар дайындалды;
- жалпы білім беретін жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастыру формалары мен әдістері таңдалып алынды тәжірибелік зерттеу жұмысы барысында сынақтан өтті;

- зерттеудің аралық және қорытынды нәтижелерін айқындау бағытында диагностикалау мен бақылау жүргізілді;
- жинақталған мәліметтер талданып, салыстырылды;
- негізделген және нақтыланған әдістемелік ұсыныстар эксперимент барысында мектептің сыныптан тыс жұмыстарында енгізілді.

Анықтаушы эксперимент кезеңінде полилингвалды тұлғаны қалыптасуындағы нақты жағдайын анықтау мақсатында мектеп директоры, оқу-тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің жоспары зерделенді.

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы басшылыққа алынды.

Жұмыста орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын талдау жүзеге асырылады.

Аталған білім стандартында «Тіл және әдебиет» білім саласында «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Шетел тілі» пәндері бойынша мынадай ерекшеліктері қарастырылған.

Мемлекеттік базистік оқу жоспарында міндетті оқылатын қазақ тілі, оқу және тіл дамыту, екінші тіл - орыс тілі. Оқу жоспары - тиісті білім беру деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбегі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын реттейтін негізгі құжат. Әр сатыдағы білім мазмұны.

Бірінші саты - бастауыш мектеп. Бұл сатыдағы білім мазмұны дүниені тұтас қабылдауды қамтамасыз ететін білім салаларымен интегративтік курстармен анықталады.

Екінші саты - негізгі мектеп. Бұл мектепке арналған білім мазмұны орта (толық) жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерде оқытуды жалғастыруға негіз болып, өздігінен білім алуға жағдай жасайды. Білімнің екінші сатысына бес жыл (5-9 сыныптар) бөлінген. Осы сатыда бастауыш сатыдағы білімдерін жалғастырып отырған 5-6 сынып оқушыларына берілетін білім мазмұны бастауыш мектептегі білім мазмұнымен тығыз байланысты болады.

Жоғары сатыда (10-11) негізгі мектептің барлық пәндері бойынша жалпы білімдік дайындық аяқталады. Енді оқушының бір білімдік бағытты саналы түрде таңдауына жағдай жасалып, базистік жоспардағы міндетті емес бөліктер оқушының жекелеген білім салаларын тереңдетіп оқуы үшін және зерттеу-ізденіс сипатындағы жұмыстарды жүргізуі үшін қолданылады. Бұл сатыда оқушылардың қажеттіліктері, икемділіктері, танымдық қызығушылықтарына қарай оларға арналған түрлі курстар оқытылады. 3 сатыға арналған базистік оқу жоспарына барлық бағыттар үшін білім мазмұнының міндетті минимумы енгізілген. Мектептің өзі анықтайтын пәндерді көбейтуі оларға іштей, сырттай, дистанциялық оқыту түрлерін қолдануға, ал оқушылардың жеке білімдік бағдарлама бойынша білім алуына мүмкіндік береді.

«Тіл және әдебиет» білім саласындағы пәндердің негізгі ерекшелігі - оқушының алдағы уақытта оқу әрекетін меңгеруіне негіз болатын

коммуникативтік немесе тілдік дағдылардың алғашқы нышандарын қалыптастыру. Олар:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) жазылым;
- 4) оқылым дағдылары.

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым және айтылым дағдылары болып табылады. Тыңдалым дағдысының адамның ойлау қабілетінің дамуына ықпалы зор. Оқушы айтылған немесе техникалық құралдарға жазылған сөздерді, сөйлемдерді, аудиомәтіндерді тыңдап, қабылдап және оны түсінуге үйренбейінше, басқа дағдыларды жеткілікті деңгейде меңгере алмайды.

Айтылым дағдысының дұрыс қалыптасуының да адам үшін маңызы өте зор. Өйткені оқушы сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйренуі керек. Оның мектепте оқытылатын барлық пәндерден жақсы нәтижеге қол жеткізуі осы айтылым дағдысына, яғни белгілі бір мәселеге (тақырыпқа) байланысты өз ойын, пікірін немесе қандай да бір ақпаратты түсінікті, толық, жүйелі жеткізе білуіне байланысты.

Баланың мектеп табалдырығын аттауымен байланысты жаңа әрекет – «жетекші әрекет» (А.Н. Леонтьев), яғни оқу әрекеті пайда болады. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі - бала ауызекі сөйлеу тілімен қатар, осы кезеңде пайда болатын «жаңа түзілімдер» (Л.С. Выготский) оқуды және жазуды меңгереді.

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың бірлескен жұмысына байланысты болады, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін дұрыс танып білуге қатысты. Үшіншіден, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің рөлі зор.

Осындай ерекшеліктер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынып, оқушының қажетіне жарайды.

Оқылымның мақсаты - мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі, тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алуы.

Оқылым бойынша біліктілік деңгейін анықтау және бағалау келесі нәтижелермен айқындалады:

- түсініп оқуы;
- зерттеп оқуы;
- шолып оқуы;
- мәселені сын тұрғысынан бағалауы;
- негізгі аргументті анықтап, дәлелдеуі.

Жазылым да айтылым сияқты қарым-қатынас құралы. Бұл екеуінің атқарар қызметтері ұқсас болғанымен, екеуі екі басқа психикалық процесс: «оның айырмашылығы-жазба сөздің ерекшелігінде, оның психологиялық құрылысында», - дейді академик Т. Тәжібаев.

Тағы бір ерекшелігі - жазбаша сөйлеу кезінде әңгімелесуші адам болмайды, сондықтан ойды жазып білдірудің мазмұны жүйелі, логикалық байланысы берік және ауызша сөйлескендегіден толығырақ болуы тиіс. Оған

қоса, «ол өте қиын, саналы, әдейі, бір мақсатпен жұмсалады». Сондықтан жазылым дағдыларын қалыптастыруға алғашқы күннен бастап ерекше мән берілуі керек. «Жазылым» «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Жазылымның ерекшелігі - оқушыларды жазу кезінде дене мүшелерінің қимыл-қозғалысын, қолдың, саусақтың іс-әрекеті, көз бен бастың қозғалысы дұрыс игеруді үйретуді, т.б. ескеріп отыруды қажет етеді.

Жазылымда: сөз ішіндегі әріптерді дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі ырғақты жазу; шағын мәтінді дұрыс көшіріп жазу; есту арқылы жатқа жазу, көргенін есте сақтау арқылы сөздерді, сөйлемдерді, шағын мәтіндерді жатқа жазу; жазғанын өздігінен тексеру; көркем, таза, қатесіз, сауатты жазу дағдыларының қалыптасуына мән беріледі.

Оқыту орыс тілінде емес мектептердегі «Орыс тілі» пәні қазақстандық қоғамда айтарлықтай орын алады. Мектептің міндеті – оқушыларға бұл тілді ұлтаралық қатынас тілі ретінде меңгертуді жетілдіре түсу. Мектептегі білім берудің барлық деңгейінде оқытудың нәтижесі оқушылардың бұл тілді «Шет тілді меңгерудің жалпы еуропалық құзіреттілігіне» сай еркін меңгеруінен көрінуі тиіс: зерттеу, оқыту, бағалау. Қазіргі таңда мектепте оқытылып жатқан орыс тілі пәнінен У.А.Жанпейс, Н.А.Озекбаева, Р.Д.Даркембаева, Г.А.Атембаеваның авторлық бірлестікте дайындалған оқулық оқу үдерісінде қолдануда [202].

2014-2015 оқу жылында 5-7 сыныптарда А2 деңгейі анықталады: өмірдегі негізгі салалар бойынша (мысалы, өзің және жанұяң, сатып алған заттарың, жұмысқа тұру сияқты жайлы негізгі мағлұматтар), кейбір сөйлемдер мен жиі кездесетін сөздерді түсіне білу; күнделікті таныс немесе тұрмыстық тақырыптарға байланысты жай ғана ақпарат алмасуға қатысты тапсырмаларды орындау; жай сөздермен өзің, туған-туыстарың, жақындарың жайлы әңгіме айта білу, күнделікті өмірдің негізгі кезеңдерін суреттеп беру; 8-9 сыныптарда В2-деңгейі: әдетте жұмыста, оқуда, демалыс кезінде кездесетін әртүрлі тақырыптарда жасалған нақты хабарламаның негізгі идеясын түсіну; үйреніп отырған тілде сөйлейтін елге барғанда кездесетін кездейсоқ жағдайларда тілдесе білу; әйгілі немесе өзінді қатты қызықтыратын тақырыпта байланысқан хабарлама жасай білу; алған әсерінді жеткізе білу, оқиғаны суреттей білу, үмітің мен ұмтылыстарыңды жеткізе білу, өз ойынды және болашаққа құрған жоспарыңды негіздемелеп, айтып беру.

Қазақ, ұйғыр, өзбек, тәжік тілінде сабақ жүретін мектептерде «Орыс тілі» пәнін оқытудың негізгі мақсаты: қарым-қатынас контекстінде тілді және сөздік материалдарды қолдану арқылы оқушылардың тіл табыса білу құзіретіне ие болуын қалыптастыру, ана тілі және ағылшын тілін меңгере отырып, орыс тілін де қолдана білу; тілдік материалдардың тақырыптық мазмұны негізінде, белсенді азаматтық орны бар, қазақстан қоғамының адамгершілік – рухани құндылықтарына бет алатын, басқа да мәдениеттерге тең құқықты қарайтын, табиғи байлықты молайту мен қорғауға дайын, салауатты өмір салтын ұстанатын, еңбекке ұмтылатын, технологиялық мәдениетті меңгерген тілдік тұлғаны қалыптастыру.

Орыс тілі сабақтарында оқушыларды тұлға ретінде қалыптастыруда ең маңызды бөлігі «Мәңгілік Ел» ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады.

Сәйкесінше, қазақ, ұйғыр, өзбек, тәжік тілінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағыдай 5-9 сыныптарда «Орыс тілі» пәні аптасына 2 рет жүргізіледі. Әр сыныпта бір жылдық оқу жүктемесі бойынша «Орыс тілі» пәнінен сағат саны 68 сағатты құрайды.

Орыс тілін оқытуда сабақты жоспарлау тақырыптық негізде жасалады, ол оқушылардың диалогқа жоспарлы түрде дайындалуына және монологты қарым-қатынас бірлігі ретінде сөздік қорын байыта отырып жүзеге асыруына жағдай жасайды. Жоғарыда аталған тілдік және коммуникативтік құзіреттерді қалыптастыруға бағытталған стратегиялық міндеттермен қатар орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық та арта түседі. Интеграциялық дағдыларды көрсететін қорытынды жұмыс түрі ретінде бағдарламалық тақырып минимумы шеңберінде шығарма алынады.

Тілдік әрекет. Негізгі орта мектепті бітіргенде оқушылар грамматикалық сауатты сөйлеуі, қажетті сөздік қоры болуы, орфографиялық және пунктуациялық сауаттылықты меңгере білуі тиіс. 5-9 сыныптарда орфографиялық және пунктуациялық жұмыстар сабақта және сабақтан тыс мезгілдерде жеке оқушылармен жүйелі түрде жүргізіліп отыруы тиіс.

Сөздік әрекет дыбыстау, оқу, айту, жазуында тексеріледі. Мәтін негізінде айтылған дағдылар жетілдіріледі. Дыбыстау бойынша жететін деңгей - айтылған нәрсенің формасы мен мазмұнын кешенді түрде қабылдау болып табылады; оқу бойынша - мәтіннен ақпаратты тез арада табу, айту бойынша - ойынды белгілі бір мақсатта жинақтап, орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық - стилистикалық және лексико-стилистикалық нормаларға сәйкес жеткізе білу; жазу бойынша-орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық-стилистикалық және лексикалық-стилистикалық нормаларға сәйкес ойынды графикалық формада жеткізу.

Коммуникативтік әрекет деңгейі сөйлесетін адамның статусын есепке ала отырып, қарым-қатынас жағдайын есепке ала отырып, сөйлеу этикасын сақтап, берілген тақырыптық минимумға сәйкес анықталады, қарым - қатынастағы мәселелерді шешу барысында орыс тілінің тиімді құралдарын пайдалану.

Оқушылардың этномәдени әрекет сөйлеу барысында мақал - мәтелдерді пайдалана білу, атақты адамдардан цитаталарды келтіре білу, өз идеяларына негіздеме жасағанда оқып жатқан тілдің елінің мәдениет тарихынан мәліметтерді орында қолдана білу арқылы көрінеді.

Материалды оқуға және жазбаша жұмысының көлемі 8 сыныпқа арналған: бақылау диктанты 80-90 сөзден тұрады, сөздік диктант 25-30 сөздер; жіліктеп айту мазмұндамасының мәтіні 120-140 сөзді құрайды, қысқартылған мазмұндамада 150-20 сөзді құрайды, шығарманың көлемі шамада 1-1,5 бет (300-400 сөз).

9 сыныпқа арналған жазба жұмыстарының көлемі:бақылау диктантының көлемі 90-100 сөзден тұрады, сөздік диктант толықтай мазмұндама 30-35 сөзден

тұрады, сөзге дейін ықшамдалған мазмұндама мәтініне 170-220 сөзге дейін қосылады; шығарманың шамадағы көлемі - 1,0 - 1,5 бет (350-500сөз).

Объективті нәтижелерді түсіндіру бағалау жүйесіне ұсынылатындар төмендегіше бағалау жүйесі мазмұнына сәйкес қайталанып келіп отырады.

Ағымдағы және қорытынды жетістіктерді бағалау параметрлері: орфографиялық сауаттылық; пунктуациялық сауаттылық; сөзді морфологиялық анализ жасау; сөйлемді синтаксистік анализ жасау.

Лексикалық дағдыларды дыбыстау және оқу арқылы бағалау: оқу үстінде орфоэпиялық нормаларды сақтау; негізгі белгілері бойынша оқыған мәтіннің стилін анықтау; мәтіннің ішіндегі тірек сөздерді микротема бойынша алып, оларға синонимдер мен антонимдер; сөздердің тақырып бойынша орфографиялық дұрыс рәсімделуі; микротема бойынша қажетті сөздерді білу, олардың стилистикалық реңкін игеру.

Айтудың грамматикалық дағдыларын бағалау параметрі: мәтіннің тірек сөйлемдерінің грамматикалық негізін табу және баяндауыштың жасалу жолдарын көрсету; сөйлемнің грамматикалық негізін тұрлаулы ету, күрделендіру, тыныс белгілерін дұрыс қою және жазу барысындағы орфографиялық сауаттылық; берілген сөйлемге синонимиялық конструкцияларды қосу, олардың стилистикалық реңкін табу; мәтінді стилистикалық трансформациялаудан өткізу (ауыз екі тіл стиліне ауыстыру).

Диалог құруды бағалау параметрлері: бір оқушы берген реплика саны; бір оқушының инициативалық және реактивтік репликасының қатынасы; оқушы репликасының ақпараттылығы, оның репликасындағы сөйлеуді сан түрлендіру; орыс тіліндегі сөйлеу этикасын сақтау тәртібі (әңгімелесушінің статусын есепке алу, әңгімелесушімен өзара қарым-қатынасты есепке алу, сөйлесу құралдарының лексикалық-грамматикалық сәйкестігін есепке); репликалардың табиғилығы (орынды толық болмау, тиісті жинақты, эмоциональдылық, интонация, темп, ақталмаған үзілістердің бар немесе жоқ екені наличие/отсутствие неоправданных пауз).

Монолог бойынша білім - дағдыларын бағалау: әңгімелеу тілінің тілдік ерекшеліктерін білу, бейнелеу тілі; айтылып отырғанның мәтін екенін ұғыну; мәтін түрін анықтау (суреттеу әңгімелеу, қарастыру; аралас топтың бірі); мәтіннің қай стильге жататынын анықтай білу (8-9 сыныпта).

Сонымен, қорытынды оқу нәтижелерін анықтау параметрлері (ауызша және жазбаша монологтарды қысқарту)

Ауызша айтуды бағалау параметрлері:

1) Ақпараттылық: а) мәтін көлемі(сөз саны); б) микротемалар саны (мазмұндағы пункттер); в) микротемалардың ашылуы; г) логикалық жүйелігі (бөлшектердің байланысуы аяқталуы).

2) Тілдің дұрыс қолданылуы: а) лексикада; б) грамматикада (морфология, синтаксисте); в) орфоэпиялық нормалардың сақталуы; г) сөздің ауыспалылығы.

Жазбаша ойларды бағалау параметрлері: а) мәтін көлемі(сөз саны); б) микротемалар саны (мазмұндағы пункттер); в) микротемалардың ашылуы және әңгімелесушімен байланысқа түсу (ауызша және жазбаша түрде); г) логикалық жүйелігі (бөлім соңында).

Шетел тілі пәні бойынша талдау: негізгі орта білім деңгейіне арналған шетел тілі курсы жалпы орта білім деңгейінде оқыту дайындығына бағытталған, яғни ол шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық A₁, A₂, A₂₊ деңгейлеріне сәйкестендірілген:

5-сынып – A₁ («Бастапқы игерім 1»);

6-сынып – A₁ («Бастапқы игерім 1.1»);

7-сынып – A₂ («Қалыптасу қарсаңындағы игерім 1»);

8-сынып – A₂ («Қалыптасу қарсаңындағы игерім 1.1»);

9-сынып – A₂₊ («Қалыптасу қарсаңындағы игерім 2»).

Негізгі орта білім беру деңгейінде шетел тілін оқытудың мақсаты - оқушылардың тілді меңгерудің жалпы еуропалық A₁, A₂ қалыптасу алдындағы деңгейге сәйкес мәдениетаралық коммуникативтік біліктерін қалыптастыру мен дамыту, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

8-9-сыныптарда (A2 оқу деңгейі бойынша) қатысымдық-мәдениетаралық құзыреттерінің барлық компоненттерін дамыту жалғаса береді: грамматикалық және лексикалық минимум кеңейтіледі, тілдік және сөйлеу дағдылары нығайтылады, дискурсивті және әлеуметтік-мәдени біліктері дамиды. Бұл кезеңде үлгіге қарамай, вербальдық тірексіз байланысқан сөйлем құру қабілетін қалыптастыру қажет.

Көптілді білім беруді енгізу жағдайында ағылшын тіліне ерекше назар аударылады. Көптілді мектептерде ағылшын тілін тереңдете оқыту көзделген.

8-9-сыныптарда лексикалық минимум артады, ағылшын тілінде оқытылатын оқу пәні курсының көлемі кеңейеді. Жалпы орта білім деңгейінде тілдік емес пәндерді оқыту ағылшын тілінде жеке модульдермен немесе бүкіл курс ағылшын тілінде оқытылады.

Шетел тілі сабақтарында оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастырудың маңызды аспектісі «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру болып табылады:

- оқушылар бойында шетел тілінің қазіргі адам өмірінде және көпмәдениетті әлемдегі рөлі мен маңыздылығы туралы таным қалыптастыру, шет тілін қолдануда мәдениетаралық қарым-қатынаста басқа халықтар әлемі мен мәдениетін тану құралы ретінде жаңа тәжірибе жинақтау;

- азаматтық теңдікті, өз халқы, туған өлкесі, өз елі үшін патриотизм мен мақтаныш сезімін, өз этникалық және ұлтқа қатыстылығын сезіну, тілдерді және мәдениеттерді меңгеру арқылы жалпы қабылданған адамзаттық және базалық ұлттық құндылықтарды дамыту;

- коммуникативтік құзыреттіліктері мен мәдениетін қалыптастыру, яғни өзінің сөйлесу мүмкіндігіндегі деңгейіне қарай ауызша (айтылым және тыңдалым) және жазбаша (оқылым және жазылым) әр түрлі үлгіде тілді таратушымен қарым-қатынаста қабілеттілігі мен дайындығын, коммуникативтік шешімдер мен әңгімелесу әдебіне сәйкес барынша кең көлемде сөйлесу және сөйлесуден басқа құралдарды тепе-тең пайдалану;

- ағылшын тілді елдердің мәдениетімен танысу арқылы өзге (бөгде) мәдениетке құрметпен қарау қатынасын қалыптастыруды жалғастыру;

- ауызша және жазбаша қатынаста шетел тілінде өзінің төл мәдениетін таныстыру қабілетін одан әрі дамыту.

Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында шетел тілі пән мұғалімдеріне ұсынылатыны:

- оқыту материалдарының түпнұсқасын пайдалану (аудио-бейнежазбалар, фильмдер, әндер, ғылыми және ойын-сауық журналдарынан мақалалар);

- сипаттау дағдысын қалыптастыру үшін ақпараттармен жұмыс жасау, шетел тілінде сипаттама беру, салыстыру, талдау, диалог жүргізу, пікірталас, қажетті дәлелдемелер келтіру, жинақтау және қорытынды жасау;

- оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында өз бетінше анықтамалармен және энциклопедиялық әдебиеттермен, электронды ресурстармен жұмыс істеуге үйрету.

Мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыруда негізгі педагогикалық жағдайлар: мектептегі жалпы білім беру мен тәрбие ортасы, мұғалімнің тұлғалық бейнесі, оқу пәндерінің мазмұны, оқушылармен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың әдіс-тәсілдері, ұйымдастыру формалары орын алды.

Анықтаушы эксперимент кезінде экспериментке қатысатын 8-9 сынып оқушылардың полилингвалды коммуникативтік іс-әрекеттерін даму деңгейлерін айқындаумен қатар, мұғалімдердің полилингвалды тұлғаның қалыптасуын ұйымдастыруға қаншалықты даярлығы барлығы туралы мәліметтер жинақталды.

Ол үшін, алдымен мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптасу деңгейін айқындау мақсатында оқушыларға және мұғалімдерге сауалнама жүргізілді.

Мектептің негізгі орта деңгейінде оқушылардың мемлекеттік тілді меңгеру жағдайына үнемі бақылау жасау, эксперимент жүргізу осы мәселенің жетістіктерімен қатар проблемаларын да дер кезінде анықтауға мүмкіндік беріп келеді. Осындай жұмыстардың жүргізілу әдістері мен нәтижесі мектеп мұғалімдеріне қажет болары сөзсіз. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептегі қазақ тілі пәні бойынша жүргізілген эксперимент арқылы мектеп тәжірибесіне байқау жасап, ұсынылған функционалдық-коммуникативтік технология бойынша оқытудың тиімділігіне көз жеткізу мақсатында, соны тексеру, нәтижелерін айқындау үшін жүргізілді.

Яғни, а) анықтау эксперименті кезеңінде оқытудың жалпы жайы, оқушылардың білімі, қабілеті, дағдысы алдын-ала тексерілді. Осындай мақсатта оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетінің даму дәрежесін анықтауда ауызша және жазбаша жаттығу жұмыстарының мәтіндері, түрлі материалдар дайындалды; ә) оқыту экспериментінде жүргізіліп жатқан сыныптарда ұсынылып отырған мәселенің тиімділігі, артықшылығы тексерілді; б) тексеру-қорытындылау эксперименті арқылы оқыту әдістемелік жүйенің дұрыс-бұрыстығы тексерілді. Ол әр тексеру эксперименті жүргізілген сыныпта жүргізілді. Мұнда ұсынылып отырған мәселенің артықшылығы, тиімділігі, кемшілігі салыстырылып, қорытындылары анықталды.

Бақылау жұмыстары көрсеткіші бойынша оқушылардың сауаттылығы мен грамматикалық тапсырмаларды орындау деңгейлері қанағаттанарлықтай. Ал шығармашылық іздену тапсырмаларынан төмен көрсеткішті байқатты (4 кесте).

Кесте 4 - Оқушылардан сауалнама бойынша алынған зерттеу нәтижелері

Сауалнама сұрақтары	Мәндері, %
Қай тілдерді меңгергенді қалайсың?	
- ағылшын, орыс тілдерін	62,5
- ағылшын, қазақ тілдерін	10,2
- орыс, ағылшын, қытай тілдерін	27,3
Көптілді (ағылшын, орыс, қазақ) меңгеруде қандай жетістіктерге жеттің ?	
- қазақ, орыс тілдерінде еркін сөйлеймін	65,1
- ағылшын тілінен сөздерді сөздікпен аударамын	21,4
- ағылшын, орыс, қазақ тілдері сабағынан үй жұмысын өзбетіммен еркін жасаймын	13,6
-ағылшын тілі курсынан «Elementary» деңгейі сертификаттым бар	3,0
(Ағылшын, орыс) тілдер сабақтары не үйрендің?	
- грамматикалық жаттығуларды өзбетіммен орындаймын	16,4
- сөздік қорым молайды	25,4
- күнделікті қолданыстағы қарапайым сөздерді білемін	58,2
Ағылшын, орыс, қазақ пәндері саған ұнайма? Оны игеруде қиындықтар болды ма?	
-әрине, ұнайды ешқандай қиындықтар тумады?	39,1
- жоқ, ешқандай қиындықтар туындамады	28,7
-әрине, ұнайды грамматикалық жаттығулар, сөздік жаттауда қиындықтар туындады	32,
Қандай пән сабағының өтілу барысына қанағаттанасың ба?	
- әрине, сабақты өте қызықты өтеді	49,3
- жоқ, қанағаттанбаймын	25,5
- сөздіктерді жаттатуда ойын түрінде өткізеді	25,2
Ағылшын, орыс, қазақ пәндері бойынша үлгерім деңгейін қандай, оған көңілің толама?	
-қазақ тілі пәнінен үлгерім жақсы	37,3
- ағылшын, орыс тілі пәндерінен үлгерім нашар	33,4
- ағылшын,орыс тілі пәндерінен сөздерді сөздікпен аударамын	29,3
Ағылшын тілі пәні сен үшін неге қажет?	
- үй тапсырмасын өзбетіммен қиналмай орындауға	50,1
- Келешекте жоғары оқу орнына түскенде қажет	20,5
- ағылшын тілінен кітаптарды, киноларды, тыңдау өлеңдерін еркін түсінуге	30,4

Оқушылардың білім алу жүйесі, сабаққа дайындығы, үлгерімі жөнінен көзқарастарын анықтау мақсатында төмендегідей жабық сұрақ түрі, сауалнама ұйымдастырылды (қосымша А).

Жауаптардан аңғарғанымыз, оқушылардың шет тілі пәнін сауатты жазып, көркем сөйлеуге баулитын пән деп қабылдамайды. Оларды жалықтыратын - грамматикалық жаттығулар, сөздіктерді жаттау. Оқушылар эссе жазуды айтарлықтар ұнатпайды. Ондай қабілеттері де төмен, бірақ ойын түріндегі

тапсырмаларға қызығушылық танытады. 9«а» сыныбының 8-сыныптағы жылдық қорытынды бағалар көрсеткіші үлгерім деңгейлерінің төмендігін байқатпайды.

Бақылаудан шыққан қорытынды: шет тілі пәнін оқытуда теориялық білімді меңгертуге баса мән берілген. Оқушылардың коммуникативті іс-әрекет деңгейі теориялық білімді жаттаумен ғана бағаланған. Сынып оқушылары сауатты жазады, грамматикалық тапсырмаларды дұрыс орындайды, ал меңгергенін ауызша дәлелдей сөйлеп, жазуға дағдылары қалыптаспаған. Шет тілін игерудегі басты мақсат - меңгерген тұлғаларды анық, жүйелі сөйлеу құралы ретінде жұмсауға икемделіп, дағдылану. Ол үшін олар пәннің үйрететін нысанын түсініп, соған өздері өзбетінше тапсырмаларды істеп әрекет етуі тиіс. Ал «іздендіру» деген сөз сөздіктерде «талпыну» деген мағынаны білдіреді. Адам қай уақытта талпынады, қажетсінгенде, қызыққанда ғана әрекетке талпынады. Сөйтіп, бала білімді қажеттісіне саналы түрде өзі ізденіп меңгеруі керек. Мұғалім берген тапсырмаларға оқушы өзі ізденіп тануы тиіс (қосымша Б).

Кез келген оқушы үшін оқу-тәрбие жұмыстары маңызды болып табылады. Сондықтан да әсер етуші фактор бұл жанұя, оның ата-аналары. Сондықтан, зерттеуімізде біз ата-аналармен сауалнама жүргізуді жөн деп есептедік. Ата-аналардың нәтижелері 5 кестеде берілген. Мұғалім - соған жетудің жолын салушы, қажетті материалды дайындап, баланың жұмыс жасауына дұрыс бағыт-бағдар жасаушы. Әрине, ол үшін мұғалімнің көп ізденісі қажет. Тапсырма баланы ойлантатындай, қызықты, жауабын іздеп талпынатындай түрде жасалу керек.

Кесте 5 - Ата-аналардан алынған сауалнама нәтижелер

Сауалнама сұрақтары	Мәндері, %
1	2
«Полилингвалды тұлға» ұғымын мағынасымен таныссыз ба?	
- ия, таныспын	80,5
- жоқ, таныс емеспін	10,3
-бұл терминмен жақын арада таныстым	9,2
Үштұғырлы тіл» жобасын қолдау керек деп ойлайсыз ба?	
- ия, хабардармын	90,1
-жоқ, мүлде хабарсызбын	7,5
- ия аздап хабарым бар	3,4
Балаңыздың көп тілді тұлға болуын қалайсыз ба?	
-әрине, қалаймын	88,3
-жоқ, қаламаймын	6,2
-баламның кем дегенде 2 не 3 тіл білгенін қалаймын	5,5
Көптілді меңгеру үшін қандай іс -шаралар ұйымдастыру қажет па?	
-үйірмелер	60,2
-сабақтан тыс қосымша сабақтар	35,7
-TED конференциялары	5,1
Көптілді меңгеру неше жастан басталу керек деп санайсыз?	
- 6 жастан	50,2

5-кестенің жалғасы

1	2
- 12 жастан	40,3
-баланың қабілетіне жағдайына қарай деп есептеймін	10,5
Балаға көп тілді меңгертудегі ұстаздың рөлі қандай?	
-әрине, ұстаздың орны ерекше	
- ия, мұғалімге түсетін күш ауқымды	45,3
-жоқ, мұғалімдердің орын маңызды емес	30,3
- бұл сұраққа жауап бере алмаймын	25,4
Балаңыздың келешекте немесе қазірден бастап қай тілдерді меңгергенін қалайсыз?	
-ағылшын, орыс, қытай тілдерін	67,3
-мүмкіндігінше көп тілдерді	13,2
-үш тілді меңгерсе жектілікті	20,5
Балаңызды көптілді меңгеруіне қандай мүмкіндіктер жасай аласыз?	
- ешқандай мүмкіндіктер жасамаймын	55,4
-баламның өз бетімен меңгеруге қабілеті жеткілікті	15,2
- үйірмелерге, курстарға берер едім	22,3
- репетитор қосымша сабақтарға берер едім	20,1

Ол үшін мәтіндер, басқа да тапсырмалар түрлі әдебиеттерден қарастырылып тиісінше іріктеліп алынуы керек. Сынып деңгейіне сәйкес, сонымен қатар бала жалықпайтын, дүниетанымдық көзқарасты кеңітетіндей қарастырылуы тиіс. Оқушы салыстыра отырып, айырмашылық, ұқсастығын тауып, одан қорытындылар шығарып, оны дәлелдей сөйлеуге, жазып әңгімелеуге икемделуі қажет. Яғни, мысалдан ережені өзі шығарып, тақырыпты саналы түрде меңгеруге мүмкіндік жасалуы керек. Біз зерттеуімізде мұғалімдерге арнайы сауалнама жүргіздік. Сауалнамадан алынған нәтижелер төмендегідей:

Мұғалім - нәтижеге жеткізуші басты тұлға. Ол тапсырманы алдын-ала құрастырып, әр баламен жеке-жеке жұмыс жасауға мүмкіндік жасауы тиіс.

Сыныптағы балалардың білім деңгейі бірдей емес. Бірі жылдам меңгеріп орындайды, кейбіреуі баяу қабылдайды. Жылдам меңгеретіні тапсырма бойы алға жылжи береді. Ал тапсырма жеңілден күрделіге ауысып отырады.

Деңгейлік тапсырманың өзі осындай мақсаттан туындаған. Бәріне бірдей тапсырма орындату пәнге қабілеті жоғары оқушылардың дамуын тежейді. Сол себепті олардың пәнге қызығушылықтары төмендейді. Өздігінен іздендіре оқытуға арналған әдістемелік кешеннің нәтижелігін анықтау үшін 8-сыныпқа құрастырылған деңгейлік тапсырмалар жүйесі осы мақсаттарды, яғни қарым-қатынас ретінде мемлекеттік тілді қолдану идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Өйткені ол оқушының ойлауын, жағдаятқа қажетті тілдік құралдарды қолдану қабілетін, ынтасы мен белсенділігін арттырды. Мұғалім әр жаңа тақырыпты түсіндіру алдында оқушыларға «жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеруге» мүмкіндік береді (5-10 минут). Ол үшін оқушылар «Тірек тапсырмаларды» үйде орындау арқылы дайындап келеді. Бұл олардың

оқулықпен жұмыс жасап үйренуі үшін, өз бетімен іздену дағдысын қалыптастыруы үшін, білім сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен, анықтаушы эксперимент нәтижелері мынадай болды: оқушының 62% - коммуникативтік іс-әрекеттері төмен; тілдерді жетік игеруге қызығушылығы 66%-да байқалмайды; сабақтан тыс уақытты пайдалануды талпынбайды - 59%; кейбір оқушылар орыс пен қазақ тілі бойынша факультативті сабақ қажет деп есептемейді - 39% [190, б. 258].

Кешенді жұмыс формалары мен түрлі әдіс-тәсілдер арқылы 8-9 сынып оқушыларының полилингвальды тұлғасын қалыптастыруындағы коммуникативтік іс-әрекеттің маңызды компоненттерінің дамуы (мотивациялық, когнитивтік, операциялық-іс-әрекеттік) жағдайына талдау жүргіздік. Зерттеу жұмысы әр сынып бойынша жүргізіліп, қорытынды нәтижесі жалпыланып, диаграмма түрінде сараптама жасалды.

Сонымен, бақылау және эксперименттік топтағы 8-9 сынып оқушыларының полилингвальды тұлғасын қалыптастыруындағы коммуникативтік іс-әрекеттілігі төменгі деңгейді көрсетті.

Экспериментті ұйымдастырумен олардың нәтижелерін статистикалық есептер жүргізуде, Д.Қ.Пошаевтың әдістемелік нұсқауларын басшылыққа алдық. Мұнда оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін басқаруға, тікелей не әсер етеді: пәндік (тілдік) оқыту үдерісі ме? Сабақтан тыс жұмыстарда арнайы оқыту ма? Олардың мазмұнын қалай таңдап аламыз? Сөйлеу мазмұнын қалыптастыруда қандай әдістеме қажет. Жалпы көптілділікті қалыптастырумен қазіргі мұғалімдер хабардар ма? Хабары болса оларды қаншалықты меңгерген? және т.с.с. сұрақтарға жауап іздестірілді.

Одан кейінгі кезеңде мұғалімдерге дәстүрлі оқыту, ондағы оқыту құралдарының көптілді игеруді басқару дәрежелерін және ондағы негізгі болып сапаларын элементтерді мәніне қарай қатарға түзуді ұсындық.

Респонденттердің жауабы 6 кестеге енгізілді. Кестедегі әрбір фактіге арнайы ранг берілді. Кестедегі жауап түрі графасында анкетада көрсетілген негізгі элементтер енгізілді, ол ранг бойынша жауап оның графасында көрсеткен элементтеріне берілген ранг ретінде енгізілді. Өйткені оқытудың негізгі мақсаты, көптілділікті игеруде басқару болғандықтан осыған қатысты қандай оқыту құралдары, әдістері тиімді және оған лайықты оқытуды ұйымдастыру, оның құрылымы қандай болуы керек? -деген сұрақтарға да жауап іздедік.

Алынған нәтижеге болжау жасау мұғалімдердің жалпы қазіргі орын алып отырған оқыту технологиялары негізінде сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастыру технологияларын меңгеру деңгейінің төмен екендігін байқады (кесте 6).

Кесте 6 - «Полилингвалды тұлғаны қалыптастыруда сабақтан тыс жұмыстар тиімді оқыту технологиялары мен ондағы оқыту құралдарынның жүйелілік сипаттағы маңыздылығы» бойынша тестегі негізгі элементтер

Жауаптар түрлері	Ранг бойынша жауаптар саны		
	I	II	III
Сабақтан тыс жұмыстар көптілді меңгеруді басқарудағы маңызы	6	2	-
Тілді сабақтан тыс оқытуда коммуникативті бағдарлық қалыпты пайдалану	12	8	-
Тілді оқытуда мәдени- әрекеттік және тұлғаға бағдарлы тәсілді пайдалану	-	4	12
Басқа тілді оқытуда сабақтан тыс жұмыстар коммуникативті оқытуды пайдалану	10	6	-
Сабақтан тыс жұмыстарда дидактикалық тапсырмаларлы бірліктендіру	-	4	12
Сөйлеу мазмұнын қалыптастыруда әрекеттік тәсілді пайдалану	-	4	4
Қорытынды	28	28	28

Жоғарыда анықталған мәліметтерге байланысты рангілер матрицасы құрылды, зерттеуде анықталғандай, әрбір мұғалім жауаптың үш түрін білгендіктен, оларға 1,2,3- деген рангілер берілді, ал кестеде көрсетуге мүмкін болатын жауаптар саны үштен асатын болса, қалған жауаптарға оқытушы 4 деген ранг береді деп қабылданады. Сондықтан, кез келген жауапты берушіге (периодты түрде «А» деп белгіленген) көрсетілген екі кестеге лайықты сандар қатары алынды.

$$\frac{1,2,3,4,4....4}{6} \quad \frac{1,2,3,4,4....4}{8}$$

Онда кестеге ендірілмеген әрбір аталмаған фактор үшін берілетін ранг:

$$Xi_1 = \frac{4+6}{2} = 5 \quad Xi_2 = \frac{4+8}{2} = 6$$

Кесте 7 - «Полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттар мен тәсілдерінің маңыздылық элементтері» бойынша мәлімет

Жауаптар түрлері	Ранг бойынша жауаптар саны		
	I	II	III
1	2	3	4
Полилингвалды тұлғаның қалыптасу көрсеткіштерін есепке алу	6	6	2
Тілдік бірліктерді өз ойын жеткізу тәсілдеріне айналдыру	4	6	2
Тілді құралдарды таңдау әрекеті	-	4	6
Тұтастық-жүйелілік тәсілді мақсатты қолдану	2	6	6
Мәдени-танымдық тәсілді қолдану	-	-	2
Кері байланыс арқылы түзетулер жасау	-	-	4
Аудитория жағдайында жанама түрдегі мәдениет аралық коммуникацияны пайдалану	10	-	-

7– кестенің жалғасы

1	2	3	4
Сөйлеу қарым-қатынасының функциональды стилистикалық көрсеткішін есепке алу	2	2	2
Қорытынды	24	24	24

Кестедегі ранг көрсеткіштерін пайдаланып және ендірілмеген факторларды есепке ала отырып, төмендегі рангілер матрицасын түзілді (8 кесте). Сұрауға алынған (респондент) саны (m) Φ_i факторына R_i рангін берді десек, онда, $i=1,2,3....6$; $\tau = 1,2,3,4$ $R_i = 1,2,3,4,5$ десек

Кесте 8 - «Полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттар мен тәсілдерінің маңыздылық элементтері» бойынша матрицасы

τ	R_i	1	2	3	4	5	6	Қатар бойынша жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	1	6	12	10	-	-	-	28
2	2	2	8	6	4	-	8	28
3	3	-	-	6	12	8	2	28
4	5	20	8	6	12	20	18	28
Жиынтығы		28	28	28	28	28	28	168

Φ_i факторына R_i ранг берген (m) сұраққа алынған сандар.

$I = 1,2,3,...8$ $\tau = 1,2,3,4$ $R_i = 1,2,3,..6$

Кесте 9 - «Полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттар мен тәсілдерінің маңыздылық элементтері» бойынша алынған сұрақтардың қорытындысы

τ	R_i	1	2	3	4	5	6	7	8	Қатар бойынша жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	1	6	4	-	2	-	-	10	2	24
2	2	6	6	4	6	-	-	-	2	24
3	3	2	2	6	6	2	4	-	2	24
4	6	10	12	14	10	22	20	14	18	24
		24	24	24	24	24	24	24	24	192

Әрбір фактордың ранг жиыны:

$$Q_i = \sum_{i=1}^m R_i X_{ij} \cdot \quad (1)$$

мұндағы: R_i —ранг: τ -бағаны бойынша, i - факторына, τ -рангін берген X_{ij} -сұраққа алынғандар саны, Q - Φ_i факторының рангтік жиынтығы.

10 және 11 кестелерде мәліметтерді пайдалана отырып, (1) формуладан Φ_i факторының әрбіріне берілген рангілер жиынын табамыз. Нәтижесі 9, 10 кестелерге ендірілді.

Кесте 10 – «Полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға тиімді әдіс-тәсілдер мен ондағы оқыту құралдарынның жүйелілік сипаттағы маңыздылығы» анкетасы бойынша факторлардың рангіленуі

Φ_i	1	2	3	4	5	6	$\sum_{i=1}^m Q_i$
Q_i	48	24	25	45	62	46	267
Қорытынды ранг	5	1	2	3	6	4	

Кесте 11 – «Полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға педагогикалық шарттар мен тәсілдерінің маңыздылық элементтері....» анкетасы бойынша факторлардың рангіленуі

Φ_i	1	2	3	4	5	6	7	8	$\sum_{i=1}^m Q_i$
Q_i	32	37	45	36	59	56	37	50	352
Қорытынды ранг	1	3	4	2	7	6	3	5	

Жалпы берілген бағаларға келісу мақсатында W-коэффициентін (келісім коэффициенті) ендірілді.

W- үшін алдымен әрбір факторға берілген қорытынды рангілері келесі формулалар арқылы анықталды.

$$\sum_{i=1}^6 = Q_{i1} \quad \sum_{i=1}^8 = Q_{i2} \quad (2)$$

Одан соң, Q_i -дің айырымы анықталып және олардың орташа мәні 3-формула арқылы анықталды.

$$\sum_{i=1}^{\lambda} = \frac{Q}{n_{i2}} \quad (3)$$

12 және 13 кестелер бойынша (4) формуласын ендіреміз.

$$\Delta_{2i} = \left[Q - \frac{\sum_{i=1}^n Q_i}{n} \right]^2 \quad (4)$$

Кесте 12 - «Полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға тиімді оқыту технологиялары мен ондағы оқыту құралдарынның жүйелілік сипаттағы маңыздылығы.....» бойынша W-коэффициентін анықтауға арналған мәліметтер

Φ_i	1	2	3	4	5	6	$\sum_{i=1}^i Q_1$
Q_i	48	24	25	42	52	46	267
Δ_i	3,5	-20,5	-14,5	-2,5	7,5	1,5	
Δ_{2i}	12,25	420,25	210,25	7,25	156,25	42,25	

Кесте 13 - «Полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға педагогикалық шарттар мен тәсілдерінің маңыздылық.элементтері...» W-коэффициентін бойынша анықтауға арналған мәліметтер

Φ_i	1	2	3	4	5	6	7	8	$\sum_{i=1}^i Q_1$
Q_i	32	37	45	36	59	56	37	50	352
Δ_i	-12	-7	1	-8	15	12	-7	6	
Δ_{2i}	144	49	1	64	225	144	49	36	712

Жиынтықтардың квадрат айырымы.

$$S_{1,2} = \sum_{i=1}^4 \Delta_{2i} \cdot \quad (5)$$

13 және 14 кестелер үшін:

$$S_1 = \sum_{i=1}^6 \Delta_{2i} = 848,5. \quad (6)$$

$$S_2 = \sum_{i=1}^8 \Delta_{2i} = 712. \quad (7)$$

Кесте 14 – «Тілдер әлемі» атты 8-сыныбына факультативті курсының бағдарламасы

Тақырыптар	Сағат саны	Өткізу формасы
1	2	3
Тіл ұлы қазына Язык - огромное богатство A language is a great treasury	2	Дәріс және топтық жұмыс
Менің Отаным- Қазақстан Моя Родина- Казахстан. Kazakhstan is my motherland.	4	Дәріс және топтық жұмыс
Менің отбасым. Моя семья. My family	6	Дәріс және топтық жұмыс
Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері Национальные традиции казахского народа. National traditions of Kazakh people	4	Дәріс және топтық жұмыс

14 – кестенің жалғасы

1	2	3
Менің алтын ұя – мектебім Школа – мое золотое гнездо. My golden nest – my school	6	Дәріс және топтық жұмыс
Ақ дастархан басында За белым дружным дастарханом. In the beginning of “White dastarkhan”	6	Дәріс және топтық жұмыс
Мұражайға қош келдіңіз! Добро пожаловать в музей! Welcome to the museum	2	Дәріс және топтық жұмыс
Шырайлы Шымқала! Красивый город – Шымкент! A beautiful Shym city!	4	Дәріс және топтық жұмыс
Барлығы	36	

S-шамасы сұрақ алынғандардың пікірлері бір- бірімен сәйкес келгенде ең үлкен мәнге ие болады (яғни, барлық жауаптары бірдей бағаланғандар). Біздің жағдайымызда 12 және 13 кестелерде квадраттар айырымы жиынтығы S-max төмендегі формула бойынша анықталды:

$$S^{(1,11)}_{\max} = \frac{1}{12} m^2 (n^3 - n). \quad (8)$$

мұндағы m-сұраққа алынған сұрақтар саны, n- факторлардың саны.

$$S^1_{\max} = \frac{1}{12} \times 282 (63 - 6), \quad S^{11}_{\max} = \frac{1}{12} \times 242 (83 - 8).$$

$$S^1_{\max} = 13720 \quad S^{11}_{\max} = 2304.$$

демек, W

$$W^1 = \frac{S_1}{S_{\max}} = 0,062, \quad W^{11} = \frac{S_1}{S_{\max}} = 0,31.$$

Егер, $W_1=0,63$ болса келісушілік әлсіз деп саналады.

$0,3 < W < 0,7$ -аралығында болса орташа деп саналады.

$W > 0,67$ - сұралғандар пікірлері күшті сәйкес делінеді.

Біздің зерттеуіміз бойынша $W^{1-0,062}$ және $W^{11-0,31}$ болып отыр.

Сондықтан, мұғалімдер оқушылардың көптілді білімді меңгертуді басқарудың тиімді технологиялары мен таңдап алынған оқыту технологияларындағы ең негізгісі деп анықтауы және оны жалпы полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға бағыттауы ретінде тануы, оқыту үдерісін ұйымдастырудың логикалық құрылымы жөніндегі пікірлері сәйкес

келмейді. Осының салдарынан оқушыларда полилингвалды білім жүйелігі *өте төмен* деп саналады. Оның бірден бір себебі, мұғалімдер оқытуды ұйымдастырудағы полилингвалды тұлғаны қалыптастыру құрылымын дәл анықтай алмайды, осыдан оқытуды екінші кезеңін, бірізділік, сабақтастық перспективалық принциптеріне және сөйлеуді дамытудың бірқатар сатысына сүйене отырып, өзара қарым-қатынас әрекеттеріндегі тілдік құралдарды оқып-үйрену үдерісіндегі кезеңдерін анықтауды және соларға сәйкес оқыту мазмұнын, формасын және құралдарын оқушылардың танымдық әрекеттерін басқару тұрғысында құру және жүйелеу болды. Алға тартылатын жүйе тілдік оқыту құралдары негізінде сөйлеу тапсырмаларын орындау тұжырымына негізделінуі қажет деп табылды.

Қорыта келгенде, анықтаушы экспериментінің нәтижелері 8-9 сынып оқушыларының коммуникативтік іс-әрекеттерін қалыптастыруға байланысты жалпы білім беретін орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде сабақтан тыс жұмыстың мүмкіндіктері жүзеге толығымен асырылмауы, сонымен бірге оқушылардың коммуникативтік қажеттіліктері ескерілмеуі, қолданыстағы бағдарламалар мен әдістемелердің тиімсіздігін анық көрсетті. Осы мәліметтерді ескеріп, тірек сабақтан тыс жұмыстар негізінде полилингвалды тұлғасын қалыптастыру бойынша тәжірибелік -эксперименттік жұмыстарды өткіздік.

3.2 Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі

Оқушылардың коммуникативтік іс-әрекет арқылы полилингвалды тұлғасын қалыптастыру бойынша тәжірибелік -эксперименттік жұмыстардың міндеттері:

- оқу-тәрбие жұмысын тұтас педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарап, пәндік сабақтағы білім мазмұнымен сыныптан тыс уақытта жұмыстарды кіріктіре отырып, полилингвалды тұлғаны қалыптастыру;

- ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар арқылы ана тілге деген сезімдерін, сүйіспеншілігін туғызып және жалпыадамзат мәдени құндылықтары арқылы шет тілге құрметтерін дамытып қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының тұтастығын сақтайтын және халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайтатын полилингвалды тұлғаны қалыптастыру.

Мектеп оқушыларын полилингвалды тұлға ретінде қалыптастырумен байланысты тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуде оқу мен тәрбие үрдісін өзара сабақтастыра және байланыстыра тұтас педагогикалық үдеріс тұрғысында жүргізу көзделді.

Мектептің білім беру жүйесінің құрамды бөлігі – сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстар болып есептеледі. Оқушылардың пән сабақтарында меңгерген білімдерін, сабақтан тыс уақытта жүргізілген жұмыстарда пайдалану қоғамдық ортада олардың ой-өрістерінің кеңеюіне үлкен ықпалын тигізеді.

Осыған байланысты, оқушылардың коммуникативтік құзыреттерін қалыптастыру аясында тұлғаны полилингвалдыққа баулу мақсатында «Тілдер әлемі» факультативті курс бағдарламасы жасалды.

Курстың мақсаты: оқушылардың күнделікті өзара қарым–қатынас шеңберінде коммуникативтік әрекеттері негізінде полилингвалды тұлғасын қалыптастыру.

Курстың міндеттері: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруде тақырыптық минимум бірліктерін іріктеу; әр тақырып бойынша сөйлеу бірлігін жасау; әр тақырып бойынша жағдаяттық минимум бірлігін құру; функционалдық-мазмұндық өріс шеңберінде лексикалық материалды іріктеу; әр тақырып бойынша қажетті грамматикалық материалды іріктеу; функционалдық-коммуникативтік технологияға сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру; оқытуда нәтижелерді қадағалап талдау.

Факультативтік курс сабақтарында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің грамматикалық ерекшеліктеріне, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне айырықша көңіл бөлінді (қосымша Г).

Күтілетін нәтижелер: оқушылардың қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде өзара қарым-қатынас тақырыптары тілдік бірліктер шеңберінде еркін сөйлесе білуі; оларды көптілді тұлға ретінде қалыптасуы. Төменде «Тілдер әлемі» атты факультативті курсының бағдарламасын ұсынамыз (14 және 15 кестелерде көрсетілген).

Кесте 15 - «Тілдер әлемі» атты 9-сыныбына факультативті курсының бағдарламасы

Тақырыптар	Сағат саны	Өткізу формасы
Салауаттылық - өмір салты. Здоровый образ жизни. Healthy lifestyle.	2	Дәріс және топтық жұмыс
Өнер -өмір өрнегі. Искусство как красота жизни. Art, as a beauty of life.	4	Дәріс және топтық жұмыс
Менің достарым Мои друзья My friends	6	Дәріс және топтық жұмыс
Табиғатты қорғайық! Защитим природу! Save the environment!	4	Дәріс және топтық жұмыс
Жыл мезгілдері Времена года Seasons of the year	6	Дәріс және топтық жұмыс
Киім- мінез айнасы Одежда описывает ваш характер Your cloth describes your personality	6	Дәріс және топтық жұмыс
Әлемдегі өнер тапқыштар Изобретатели мира Inventors of the world	2	Дәріс және топтық жұмыс
Біздің мерекелер Наши праздники Our holidays	4	Дәріс және топтық жұмыс
Барлығы	36	

1 «Тілдер әлемі» курсына кіріспе; факультативтік курстың мақсаты мен міндеттері; көптілдіктің мәні мен маңызы. Тіл мен қарым-қатынастың адамның өміріндегі рөлі. Билингвалды және полилингвалды тұлға жайлы түсінік. Тіл үйрену – халықтың мәдениетін білу. Тіл мен мәдениет бір тұтас дүние. Тіл – дүниетану құралы, ұлттық мәдениеттің қазынасы.

2 Менің Отаным-Қазақстан. Моя Родина- Казахстан. Kazakhstan is my motherland. Мен ҚР азаматы. Қазақ елі. Астана – бас қала! Көпұлтты мемлекет халықтар достығы сипаты.

3 Менің отбасым. Моя семья. My family.

«Үй», «Отбасы», «Отбасы мүшелері», «Отбасы дәстүрлері» ұғымдары және олардың мәні мен мағынасы.

4 Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері. Национальные традиции казахского народа. National traditions of Kazakh people «Ұлт», «Этнос», «Салт», «Дәстүр» ұғымдары және олардың мәні мен мағынасы.

5 Менің алтын ұя – мектебім. Школа – мое золотое гнездо. My golden nest – my school.

«Менің мектебім», «Біздің сынып», «Менің достарым», «Менің Ұстазым» ұғымдары және олардың мәні мен мағынасы.

6 Ақ дастархан басында. За белым дружным дастарханом. In the beginning of “White dastarkhan”.


«Ұлттық тағамдар», «Бір кесе шай», «Тамақтану әліппесі», «Қазақтың дастарханы» ұғымдары және олардың мәні мен мағынасы.

7 Мұражайға қош келдіңіз! Добро пожаловать в музей! Welcome to the museum.

«Ұлттық мұражай», «Экспонаттар», «Экспонаттар эволюциясы» ұғымдары және олардың мәні мен мағынасы.

8 Шырайлы Шымқала! Красивый город – Шымкент! A beautiful Shym city! «Қала сәулеті», «Демалыс және спорттық кешендер», «Шымқала атауы», ұғымдары және олардың мәні мен мағынасы. Бағдарламаның әдістемелік мазмұны:

1-тақырып барысында, әр түрлі тілдердің өзара байланысын түсініп меңгеруге мүмкіндік беретін интеграциялық оқу үдерісін ұйымдастыру 6 суретке сәйкес көрсетілген.



Сурет 6 - Тілдердің бірігуі

Мектепке бірнеше тілді (қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін қарым-қатынас ретінде, ағылшып тілін әлемдегі көп тараған тіл ретінде және т.б) үйретудің түпкі мақсаты – мектеп бітірушілердің қай тілді болмасын қарым-қатынас құралы ретінде толық меңгеруі. Аталған мәселеге бұл тұрғыдан қарау мектеп бағдарламаларының мазмұндық негізі:

Салауаттылық өмір –салты. Здоровый образ жизни. Healthy lifestyle.

Салауаттылық әр адамның, сол сияқты бүкіл қоғамның өте құнды жетістігі.

Жаны жомарт, қолы ашық, кең пейілді адам өз ортасында сыйласымды өмір сүреді.

Айналадағы адамдарға риясыз көмек көрсету керек деп ойлаймын.

Здоровый образ жизни является очень ценным достижением для всех, а также для всего общества.

Щедрого, великодушного человека с большим сердцем уважают все.

Я несомненно верю в того что, людям нужна помощь.

Healthy lifestyle is a very valuable achievement for everyone, as well as for the whole society.

Generous and kindhearted person is respectable everywhere.

I undoubtly, believe that people around us need help.

Әр сынып үшін сөйлеу әрекеттерінің бірыңғай минимумы және жағдаяттық сөйлеудің бірыңғай минимумын жасау арқылы іске асуы қажеттілігі анықталды. Әр сынып үшін сөйлеудің бір үлгідегі құрылымдарының бірыңғай минимумы (мысалы, амандасу - жауап беріп сәлемдесу -денсаулығын, хал-жағдайын сұрау - осыған жауап қайтару - өтініш айту - өтінішті қабыл алмау-қабыл алмаудың себебі анықтау - қабыл алмаудың дәлелін айту-осы дәлелге жауап қайтару). Бұл курста сөйлеу тақырыптары мен тілдік материалдарының өзара байланысы іске асырылған. Экстралингвистикалық материалдың көлемінде оқушының әр түрлі жағдаятта туатын кез-келген әлеуметтік ролі, сөйлеу ниеті ескеріліп таңдалған.

Оқушыларды көптілділікке баулуда коммуникативті мақсатқа жетуде ауызекі сөйлеудің ролі өте маңызды. Себебі, ауызша сөйлеу арқылы адамдар бір-бірін түсінеді, өз ойларын айтады, дәлелдейді, естіген, айтылған хабарға өз көңіл-күй қатынасын білдіреді. Сөйлеудің екі түрі бар. Олар: монологтық, диалогтық. Диалог - екі немесе бірнеше адамның сұрақ-жауап ретінде сөйлесіп, тіл қатысуы. Диалогтық сөйлеу алдын ала жоспарланбайды, сөйлесу кезінде пайда болады. Оқушылар жалпы, арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әр түрлі сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтінін білдіре алуы керек.

Факультативтік сабақтарды оқытуда тілдік тіректер негізінде оқушылардың коммуникативтік білім, білік, дағдыларын дамыту басты мақсат болып табылады. Тілдерді оқыту әдістемелерінде «тірек» ұғымы әртүрлі түсіндіріледі. Көптеген ғылыми жұмыстарда ол, стимул, әрекет жасауға түрткі ретінде қарастырылады. Мағлұмат түрткі бола алады, ал мұғалімнің міндеті оқушылардың тыңдаған, оқыған, көрген мәліметтерін дұрыс басқара отырып, оларды монолог түрінде сөйлету.

Тілдік тіректерді негізге алып, монолог түрінде тапсырмаларды орындату оқушылардың танымдық қызығушылығының деңгейін анықтау, оқушылардың тыңдаған, оқыған, көрген мәліметтерін дұрыс қабылдауын қадағалай отырып, оларды монолог түрінде сөйлеуге үйрету, танымдық қызығушылықтары мен шығармашылықтарын дамытуда әдістің тиімділігі дәлелденді.

Ауызекі сөйлеуді қалыптастыру үшін оқушы әр сабақта жаңа білім алып қоюмен ғана шектелмей, өз бетінше ізденіп, талдап, пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму біліктілігін жетілдіріп отыруы қажет. Сонда ғана, оқушы ауызекі сөйлеу мақсатына жете алады.

Экстралингвистикалық материалдарды ғылыми тұрғыдан таңдауда келесі ұстанымдарды жетекшілікке алдық: адам өміріндегі маңызды және қажетті тақырыптарды ескеру ұстанымы; тақырып өрісіндегі мүмкін сөйлеу ниеті; потенциалды өмірлік жағдаяттарын ескеру ұстанымы; сөйлесудің және монологтың потенциалды құрылымдық-мазмұндық түрлері ескеру ұстанымы; оқытылатын тілдің халқының өмір шындығын, ерекшелігін ескеру ұстанымы; ұлттық мінездің тілдік емес нормаларын ескеру ұстанымы.

2 тақырып барысында, этномәдениет материалдарын қатар беруді ұсынамыз. Пысықтауға арналған жаттығулар тақырыпты терең меңгеруге, бекітуге көмектеседі. Қарым-қатынастық сөйлесуге үйрету жүйелі түрде өтеді. Олардың құрылымдық-мазмұндық типтері әр түрлі: -бастапқы сұрау әрекетінен сөйлеушілердің қызметі, әрекетті бағалау, өтіну, шақыру, ұсыныс жасау түрлеріне дейін енгізілген. Жағдаяттар бойынша жаттығулар оқушылардың қызығушылығын туғызады. Бұл коммуникациялық әрекеттер арқылы жоғары деңгейдегі коммуникативтік құзыреттілік қалыптасады.

Өнер -өмір өрнегі. Искусство как красота жизни. Art, as a beauty of life.

Адам өнер арқылы өмірге деген ерекше құштарлығын, сүйіспеншілігін білдіреді.

Халық өнерлі адамдарға құрметпен қарайды.

Ойыңды арамдық пен зұлымдықтан қорғасаң-әлемнің рухани тазалығын нығайтасың.

Человек выражает свою страсть к жизни через искусство.

Народ уважает артистичных людей.

Если вы защищаете свои мысли от нечистоты и зла, вы укрепите духовную чистоту мира.

Human being expresses his passion for life throw art.

People in art are usually honored by society.

Saving your thoughts from the evil and bad things, you will strengthen the spiritual purity of the world.

3 тақырып барысында, «Үй», «Отбасы», «Отбасы мүшелері», «Отбасы дәстүрлері» және т.б. тақырыптары бойынша монолог пен диалог жаттығулары жүргізіледі. Бұл тақырыптар қазақ, орыс, ағылшын халықтарының отбасының өмірі, тұрмысы және мүшелерімен таныстырады, отбасы дәстүрлерін құрметтеуге баулиды. Осы тапсырмаларды тиімді қолдана білген ұстаз шәкірттеріне білім, тәрбие беруде табысқа жетеді, сол арқылы оларды өз ойын

басқаларға жеткізу қабілеті мен дағдысын қалыптастыруға, тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ете алады.

Назым мен Бейсенгүл- құрдас, тату дос.

Дос пен Қанат, осы үйдің жиенбалалары, аталарына көмекке келді.

Бейбіт анасының әр сөзін зейінмен тыңдады.

Назым и Бейсенгуль - ровесники, друзья.

Дос и Канат, их племянники, пришли помочь дедушке.

Бейбит очень внимательно слушал свою мать.

Nazym and Beisengul are peers and good friends.

Dos and Kanat are their nephew, they came to help their grandpa.

Beibit listened to his mother carefully.

4 тақырып барысында, табиғатты қорғау материалдарын қатар беруді жөн деп есептейміз. Мысалы, «Табиғат туралы» тақырыбына материал үш тілде қатар жатталады, есте сақтау қабілеттері дамиды, өмір бойы есте қалады.

Өзімізді қоршаған табиғи ортаны, табиғатты аялай құрметтеп, тани білейік.

Шәкір бір жылда үлкен жетістікке жетті.

Көктемде аймақты, ойпат жерлерді су алып кетеді.

Защитим окружающую среду от загрязнения, заботится и ценить.

Шакир добился многого в один год.

Весной низменные места покрываются водой.

Save the environment, take care of nature.

Shakir has achieved much in a year.

In spring, lowland plains are usually flooded.

5 тақырып барысында, «Жыл мезгілдері», «Менің мектебім», «Біздің сынып», «Менің достарым», «Менің Ұстазым» т.б. тақырыптары бойынша лексиканы пысықтау, сөйлесу, монолог жаттығулары жүргізіледі. Бұл тақырыптар қазақ, орыс, ағылшын халықтарының өмірі, тұрмысымен таныстырады, мәдени мұраларды құрметтеуге баулиды.

-Марат, сен қайда мезгілде оқисың?- деді атасы.

Мен уақытты дұрыс пайдалану үшін күн тәртібімнің кестесін жасадым.

Оқушылар өздеріне ұнайтын жыл мезгілдері туралы әңгімелей бастады.

- Марат, ты в какое время года учишься? - спросил дедушка.

Я сделал расписание дня чтобы полезно проводить время.

Ученики начали разговор о любимой времени года.

- Marat, what season do you study in? - asked his grandpa.

In order to spend time properly, I made a schedule.

Students started talking about their favorite season.

6 тақырып барысында, «Киім – мінез айнасы», «Ұлттық тағамдар», «Бір кесе шай», «Тамақтану әліппесі», «Қазақтың дастарханы» т.б. тақырыптары бойынша лексиканы пысықтау, сөйлесу, монолог пен полилог, жаттығулары жүргізіледі. Бұл тақырыптар қазақ, орыс, ағылшын халықтарының өмірі, тұрмысымен таныстырады, мәдени мұраларды құрметтеуге баулиды.

«Адам көркі-шүберек» демекші, ортамыз бізді киген киімімізге қарап бағалайды.

Күн суық болғандықтан жылы киінді.

Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің тіліне айналды.

Как говорилась "Дерево красиво листвой, человек - одеждой", наше окружение оценивает в нас то как мы выглядим.

Он тепло оделся, так как было холодно.

На сегодняшний день, казахский язык стал языком науки и образования.

There is a saying "A smart coat is a good letter of introduction". We are estimated by our appearance.

He wore warm clothes because it was cold outside.

Up today, Kazakh language became the language of science and education.

7 тақырып барысында «Әлемдегі өнер тапқыштар», сөйлеу тапсырмалары мен тілдік материалдарының өзара байланысы іске асырылады. Экстралингвистикалық материалдың көлемінде оқушының әр түрлі жағдаятта туатын кез-келген әлеуметтік ролі, сөйлеу ниеті ескеріліп таңдалады. Бұл тақырып бойынша коммуникациялық құзыреттілігінің жоғары деңгейі қалыптасуына мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары технологиялар өте қарқынды дамыды.

Ертеректе адамдар жаяу саясат жасаған.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Технология значительно улучшилось в последние годы.

В древние времена люди странствовали пешком.

Цель сегодняшней системы образования - подготовить конкурентноспособного специалиста.

Technology made a huge headway.

Earlier times people tend to travel by foot.

The aim of educational system now is to prepare competitive specialists.

8 тақырып барысында «Біздің мерекелер», сөйлесу тапсырмаларының мазмұнында әртүрлі кешендер: 1) дүкендегі тауарлар туралы ақпарат /мәлімет сұрау; 2) тауарларды сипаттау; 3) киім тігуге тапсырыс беру; 4) киім тігу,сағат жөндеу,аяқ киім жөндеу шеберханаларында; 5) химиялық тазарту орнында; 6) фотосуретке түсіру салонында; 7) шаштаразда.

Қазақ халқы наурыз мейрамында ән шырқайды, күй тартады, ойын-сауық өткізеді.

Қазақта ұлттық тағамдар алуан түрлі.

Қыстан кейін көптен күткен көктем де келеді.

Когда приходит праздник Наурыз казахский народ поет песни, играет на домбре, играют различные национальные игры.

Казахская кухня очень богата.

После суровой зимы приходит долгожданная весна.

When Nauryz holidays comes, The Kazakhs sing, play the dombyra and many national games.

Kazakh cuisine is rich.

There comes long-awaited spring after winter.

Бұл тақырыптың міндеті – оқушыларды сөйлету. Әрине бұл түрлі рөлдік ойын арқылы жүзеге асады. Рөлдік ойындар бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын ала

бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы. Оқышылар рөлдерді өзі таңдап алады.

Рөлдік ойын барысында оқушы ешбір бүкпесіз, бар жан-тәнімен ойынға кірісіп кетеді, белсенділік пайда болады, лидерлік танытады. Рөлдік ойындар дәстүр бойынша микроэтюдтер мен макроэтюдтерге бөлінеді. Микроэтюд бойынша ойыншылар төрт адамнан аспауы керек. Ал макроэтюдте бес адамнан бүкіл топқа дейін қатысуы мүмкін. Рөлдік ойындар бірқатар проблемалық мәселелерді шешуі мүмкін. Мәселен бір-бірімен қарым-қатынас жасау, әлеуметтік теңсіздікті жою. т.б. Рөлдік ойындар дұрыс, сауатты сөйлеу, тыңдап түсіну деңгейлерін жоғарылатып, қатысымдыққа жетелейді. Рөлдік ойындардың негізгі талаптары:

- ойын оқушының тілге деген қызығушылығын арттыруы керек. Сонымен қоса ең бастысы оқушылар өздеріне лайықты рөлді өздері таңдап алғаны жөн. Сонда ғана олардың ойыны да, тілі де нанымды және сенімді шығады;

- рөлдік ойындарға топ болып қатысқан дұрыс;

- оқушы рөлде неғұрлым өзін еркін сезінетін болса, соғұрлым қызыға ойнайтын болады.

Қарым-қатынас жағдаяттары: оқу үрдісінде (сөйлеу мәдениеті, әдеп туралы сұхбат); отбасылық (қызмет көрсету орындарына бару) мәселелер төңірегінде өзара қарым-қатынаста болуды қамтамасыз етеді.

Пікірталас. «Дискуссия» термині латынның «*discussio*» (талқылау, зерттеу) сөзінен шыққан. Дискуссия интерактивті оқыту әдісі ретінде Батыстың оқу орындарында табысты қолданылып келеді. Соңғы жылдары біздің де білім беру жүйемізде кеңінен қолданыла бастады. Пікірталас - талас түрі, нақты проблема төңірегінде пікір алмасу, яғни оның аясында өзара келісіп шешу мақсатында қандайда бір мәселе қарастырылады, зерттеледі, талқыланады.

Бұл - өз көзқарасында тұруға, басқаларды тыңдай білуге үйрететін белсенді тәсіл. Ереже бойынша, пікірталасқа қатысушылардың талқыланатын мәселе бойынша білімі болуы керек және олардың шешім қабылдауға немесе қай шешімді қабылдау жөнінде ұсыныс айтуға толық құқығы бар. Көп жағдайда пікірсайыстың тақырыбы қатысушылардың дайындалуына мүмкіндік беретіндей ол басталмай тұрып алдын ала белгілі болады. Таластың басқа түрлеріне қарағанда пікірталас өзінің мақсаттылығымен және қолданылатын құралдарымен ерекшеленеді. Кез-келген пікір сайыстың мақсаты - қатысушылардың талқыланған мәселе бойынша келісімге келуі. Оның нәтижесі объективті түрде пайымдау, яғни барлық қатысушылардың немесе қатысушылардың көпшілігінің қолдауымен шығарылады.

Әдетте пікірталас кезінде ойлау арқылы оппонент пікіріне жауап туады, сондықтан әртүрлі ойдан пікірталас туындайды. Немесе керісінше, айтыс-тартыстардан ой туады. Пікірталас сонымен бірге оқу материалын саналы түрде меңгеруді қамтамасыз етеді. Пікірталас әдісі сабақтың топтық түрінде қолданылады. Пікірталас оқушылардың алдын ала дайындығын қажет етеді. Бұған оқушылардың терең білімімен қатар, олардың өз ойын жеткізе білуі, сұрақтар-ды нақты қоя білуі, дәлелдер келтіре білуі де қажет. Оқу пікірсайыстары оқушылардың сол тақырып аясындағы білімдерін кеңейтіп,

сөздік қорларын молайтады, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Шағын топтармен жұмыс. Бұл барлық балаларға (тіпті ұялшақ балаларға да) жұмыс түрлеріне қатысуға, ынтымақтастық, тұлға аралық қатысым (белсене тыңдай білу, туындаған қайшылықтарды шешу, ортақ пікірге келу) дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұлардың үлкен ұжымда мүмкін болмауы жиі кездеседі. Шағын топтардағы мозаика, жарыссөз т.б. сияқты жұмыс түрлері – интерактивті әдістердің ажырамас бөлігі. Сонымен қатар шағын топпен жұмыс көп уақытты қажет етеді.

Топтық жұмыстарды оқушы мәселені өз бетімен шеше алмаған жағдайда бірігіп шешу мақсатында пайдаланған дұрыс. Топтық жұмыстарды асығыс бастауға болмайды. Егер өзіңіздің немесе оқушылардың тәжірибесі болмаса, алдымен жұпты ұйымдастыруға болады. Шағын топта жұмыс істеуге қабілеті төмен оқушыларға ерекше көңіл бөлу керек. Оқушы жұппен жұмыс істеуге икемделсе, үш оқушыдан құрылған топпен жұмыс істеуге көшіңіз. Топтың өз бетімен жұмыс істей алатынына көзіңіз жетсе, біртіндеп басқа оқушыларды қосыңыз. Шағын топ мүшелерінің санын бес адамнан асырмауға тырысыңыз. Тәжірибелі әдіскерлер топты әртүрлі, яғни күшті, орташа, әлсіз оқушылардан құруды ұсынады. Мұндай топтарда шығармашылықпен ойлау және пікір алмасу қарқынды өрбиді. Оқушылар уақытының көбін өз көзқарастарын білдіре отырып, мәселені бүге - шігесіне дейін талқылауға жұмсайды және мәселені жан-жақты қарастыруға машықтанады. Мұндай топтарда қатысушылар арасында неғұрлым сындарлы қарым-қатынас орнайды.

Бағдарламаны меңгеру барысында коммуникативтік іс-әрекет арқылы оқушы полилингвалды тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Аталмыш бағдарлама эксперименттік жұмыстың барысында мектептің оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асырылды. Сондай-ақ, тапсырмаларды орындау барысында, оқушылар басқада кез келген танымдық тапсырмаларды орындағандай, алға тартылған мәселеге байланысты меңгерілген білімдерге сүйене отырып қойылған сұрақтарға бойынша кейбір қиындықтарды жеңе отырып және оны таба білуге үйренді. Мұндай тапсырмаларды шешу, оқушылардың ойлау қабілетін шыңдайды, дамытады, біліктілігін дамытуға қамтамасыз етеді. Сөйлеу тапсырмаларын орындау үдерісінде оқушылар лексикалық, грамматикалық, стилистикалық нормаларды меңгереді, тілдік формада сөз сөйлеу, пікір айту міндеттері мен мақсатын салыстырады, осылайша меңгерілген білімдерін өзара қарым-қатынас әрекетіне қосады.

І Мұғалім ұсынған тезиске дәлелдерді таңдау.

Бұл тапсырма мәтін бойынша сөйлемдерді тексереді, Дұрыс немесе бұрыстығын анықтайды. Мысалы: «Тіл ұлы-қазына» («Язык - огромное богатство», «A language is a great treasury») тақырыбы бойынша: Тілімізді сақтап, дамыту –бәріміздің қасиетті міндетіміз. Тілдің біршама тиянақты ойды білдіруі және интонациямен айтылуын сөйлем дейміз. Киіз үй-халқымыздың ертеден келе жатқан баспанасы.

Сохранить и развивать язык – священный долг каждого. Выражение определенной мысли с помощью языка и произношение с интонацией называется предложением. Юрта издревна считается жильем нашего народа.

To keep and develop our language is our saint obligation. To explain an idea definitely by the help of language and express it by intonation is called a sentence.

“Yurt” is a dwelling of our Kazakh people from ancient times.

«Менің Отаным-Қазақстан» («Моя Родина – Казахстан», «My motherland is Kazakhstan») тақырыбы бойынша оқушыларға төмендегі мәтінді ұсындық: Мен Қазақстанда туып-өстім. Қазақ жері өте әдемі және бай. Таза ауада жақсы демалып, шие теріп, олар қалаға оралды. Батыстан суық жел соғады / Я родился и вырос в Казахстане. Казахская земля прекрасна и богата.

Прекрасно отдохнувшие на свежем воздухе, они собирали ягоды и возвратились в город. С запада дует холодный ветер./ I was born in Kazakhstan. Kazakh land is very beautiful and rich. They came back to the city, relaxing in open air well. A cold wind is blown from the west.

«Менің отбасым» («Моя семья», «My family») тақырыбы бойынша: Отан – отбасынан басталады. Дәстүр бойынша қара шаңырақ кіші ұлға қалдырылады. Адамға қажеттінің бәрі Жер-анадан алынады / Родина начинается с семейного очага. По традиции отцовский дом достается в наследство младшему сыну. Все необходимое человек получает от Земли – матери / Motherland begins from the family. Due to tradition the “Yurt of big family’s head” is passed to the youngest in the family. All necessity for the human is taken from the Motherland.

«Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері» («Национальные традиции казахского народа», «National traditions of Kazakh people»): Халқымызда бесік-қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып саналады.

Би-дау-жанжалға билік айтушы адам.

Қабырғада қазақ халқының ақын-жазушыларының портреттері ілулі тұр.

Коыбель ребенка наш народ считает священным предметом, золотым гнездом. Би- человек решающий спор между людьми.

На стене висит портреты писателей и поэтов казахского народа.

A cradle is a saint, successful property of our people, a golden nest of the baby.

Bi is person, who governs over the conflicts.

There are the portraits of poets and writers of Kazakh people on the wall.

«Менің алтын ұя мектебім» («Школа – мое золотое гнездо», «My golden nest – my school»):

Біздің қазақ тілі кабинеті үшінші қабатта, қазіргі талапқа сай жабдықталған. Дастархан жойылып жатыр, ұлттық ойындар ойналады. Шоқанның зерттеушілік қабілеті оқып жүргенде оянған / Кабинет казахского языка находится на третьем этаже, оборудован в соответствии современным требованиям. Накрывается дастархан, будут проводиться национальные игры. Исследовательские способности Шохана пробудились в годы учебы / Our study room of Kazakh language is on third floor, it is equipped due to modern requirements. Dastarkhan is destroyed, national games are played. Shokan revealed his research ability, when he was studying.

«Ақ дастархан басында» («За /белым/ дружным дастарханом», «In the beginning of “White dastarkhan”»):

Қазақтың ұлттық дастарқанында тамақтардың негізгі үш түрі болады: ет,сүт, нан тағамдары.

Шешендік нақылдар мен толғаулар ділмарата-бабаларымыздың келер ұрпаққа айтып кеткен ғұмырлы өсиеті.

Біздің заманымыз- іскер, белсенді, өздігінен жол таба білуге бейім адамдар заманы.

На национальном столе у казахов присутствуют в основном три вида еды: мясо, молоко, мучные изделия.

Ораторское искусство придчи – вечные заветы наших предков для подрастающего поколения.

Наш век – эпоха деловых, активных людей, которые способны проделать путь самостоятельно.

There are three kinds of food in Kazakh national dastarkhan: meat, milk, bread food.

Our ancestry talked to its young generation the oratory wise words and eloquent words as the life legacy.

Our century is a century of active, hard-working and self-decisive people.

«Мұражайға қош келдіңіз!» («Добро пожаловать в музей!», «Welcome to the museum»):

Мұражай қорының негізін егеменді елдің құрылуы мен дамуын бейнелейтін құжаттар, фото, бейне материалдар құрайды.

Астананың әдемілігі көз тартады.

Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері орналасқан.

Основной фонд музея составляют документы, отражающие независиморазвитие и развитие страны, фото и видеоматериалы.

Астана привлекает красотой.

Перед домом Парламента расположены памятники үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Айтеке би.

The documents, photo and video materials create the base of museum fund, which describe the formation and development of our Independent country.

The beauty of Astana attracts with its admiration.

The monuments of Tole bi, Kazybek bi and Aiteke bi are established in front of Parliament.

«Шырайлы Шымқала» («Красивый город – Шымкент», «A beautiful Shym city»):

Шымкент XII ғ.Жетісу мен Қытайға баратын жолдың Жібек жолы үстіне салынған.

Қызылорданың атын ақ маржан күріші мен қауын, қарбызы дүние жүзіне танытты.

Мен Астананы көруді армандар жүрмін.

Шымкент в XII был построен на шелковом пути по направлению в Жетису и Китай.

Кызылорда славится своим рисом «Ак маржан» и арбузами и дынями.
Я мечтаю увидеть Астану.

Shymkent is established on the surface of ZhibekZholy road that goes to China and Zhetisu in XIIth century.

Kyzylorda became world-famous by its white coral rice and melon, water melon.

I dream to see Astana.

Тапсырмаларды орындау барысында оқушылар сөйлемдегі сөзді салыстырады. Сонымен қатар эксперименттік жұмыстың барысында біз оқушыларға таңдап алынған тапсырмасының сөйлемдегі сөзді салыстыру қажет ететін тапсырмаларды да ұсынғамыз.

Мысалы: «Тіл ұлы-қазына» («Язык – огромное богатство», «A language is a great treasury»):

Біздің тіліміз-ана сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз, өз атамекенімізде жүргендіктен, өз тілімізде сөйлеу-парызымыз.

Маратты дәрігер тексергенде, аузын, ашқызып, тілін шығартты.

Наш язык - наше сокровище переданое нам молоком матери; поскольку мы живем на земле предков говорить на родном языке – наш долг.

Когда врач осмотрел Марата он заставил его открыть рот и показать язык.

Our language is a saint treasury that is penetrated to our body by mother's milk, as we live in our motherland, we should speak in our native language.

When a doctor checked Marat, he asked him to show his mouth, and tongue.

Ал, «Менің Отаным-Қазақстан» (Моя Родина - Казахстан, «My motherland is Kazakhstan») тақырыбында келесі мәтінді ұсындық:

Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас,

Күріштің отаны- Қызылорда өңірі.

Нет земли лучше чем родная земля нет лучше страны чем родная страна.

Родина риса – Кызылорда.

There isn't such place as the native one,

There isn't such country as the native one.

A native place of rice is Kyzylorda.

«Менің отбасым» («Моя семья», «My family») тақырыбы бойынша:

Балам, қазақта «Қара шаңырақ» деген өте ертеден келе жатқан қасиетті сөз бар.

Құмырсқаның илеуін зерттеу- оқушылардың қызығушылығын арттырды.

Сынок у казахов издревна есть священное понятие «Қара шанырақ то есть отчий дом».

Исследование муравейника повышает интерес учащихся.

My child, there is a saint word as “Black Family”, which is passed from ancient times.

To research the ant hill – attracts an interest of pupils.

«Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері» («Национальные традиции казахского народа», «National traditions of Kazakh people»):

Сәби қаз тұрғанда ала жіп есіп, екі аяғын тұсап, сүрінбей жүретін жақсы адамға тұсауын кестіріп, «Тұсаркесер» кәдесі беріледі.

Когда ребенок только - только начинает ходить полосатой бережкой завязывают его ноги и отрезать эту веревку может всеми уважаемый человек который правильно выбрал свой жизненный путь. Это называется «Тұсаукесер».

When a baby is stand through the white and black thread, a good person regulates baby's feet and cuts the threads, after that he is given a custom as "Fetter ceremony".

«Менің алтын ұя мектебім» («Школа - мое золотое гнездо», «My golden nest - my school»):

Мектеп сыныптары заманауи техникалық оқу құралдарымен жабдықталған.

Балалар С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романын оқимыз.

Школьные классы оборудованы современоой техникой.

Ребята будем изучать роман С. Муханова «Школа жизни».

Classrooms at school are equipped by the modern technical means.

Children, let's read a novel of Mukanov S. named as: "Life school".

«Ақ дастархан басында» («За /белым/ дружным дастарханом», «In the beginning of "White dastarkhan"»):

Қонақжайлылық- қазақтың ерекше қасиеті.

Дастархандағы дәм, тағамнан ауыз тимей кетуге болмайды.

Гостерпиймство - особое качество казахов.

Нельзя уйти не попробовав еду из дастархана.

Hospitality is an unusual feature of Kazakh people.

We can't go away without tasting the food on the table (Dastarkhan).

«Мұражайға қош келдіңіз!» («Добро пожаловать в музей!», «Welcome to the museum»):

Мұражайдың мақсаты-тарих және мәдениет ескерткіштерін жинақтау,жүйелеу, сақтау және зерттеу.

1969-1970 жылдары Есік қорғанынан алтын киімді жауынгерді К.Ақышев бастаған археологтар тапты.

Целью музея является сбр истоических и культурных памятников их систематизация сохранение и исследование.

1969-1970 годы в крепости Есик археологи под руководством К. Акышева нашли бойца одетого в золотую одежду.

Museum's aim is to gather, systemize, keep and investigate the historical and cultural monuments.

The archeologists of Akyshov K. revealed a golden clothes soldier in Esik fortress.

«Шырайлы Шымқала» («Красивый город - Шымкент», «A beautiful Shym city»):

Шымқала - Қазақстанның Оңтүстігіндегі тоғыз жолдың торабына орналасқан қала, облыс орталығы.

Халқының саны, нарықтың маңызы жағынан үшінші орындағы ірі қала-Шымкент.

Шымкент - город расположенный в Южном регионе Казахстана на перекрестке многих дорог является областным центром.

Шымкент - крупный город который по количеству населения и по экономике занимает третье место по Казахстану.

Shym city is a city, district center that is situated along nine roads of South Kazakhstan.

Келесі тапсырмалардың мақсаты тілдік құралдарды таңдау тапсырмасы. Тапсырманы орындау барысында оқушылар өз ойларын жеткізе алатын тапсырмаларға әрекет жасайды.

Мысалы: «Тіл ұлы-қазына» («Язык - огромное богатство», «A language is a great treasury») тақырыбы бойынша:

1 Сын есімдерді сәйкес келетін зат есімдермен тіркестір.

Ұлттық-.....жігіт.

Қалалық-.....киім.

Мерекелік-.....дастарқан.

2 Туған жер, Отан, тіл туралы 8 -мақал-мәтелді есіңетісіріп, жазбаша жаз.

1 Имена прилагательные согласуйте соответствующими существительными:

Национальный Костюм.

Городской.....парень.

Праздничный.....дастархан.

2 Вспомни и напиши 8 пословиц и поговорок о Родине.

1 Match adjectives with suitable nouns.

National -boy.

Urban -clothes.

Holidays -dastarkhan.

2 Write down about motherland, native place, remembering 8 proverbs.

«Менің Отаным-Қазақстан» («Моя Родина – Казахстан», «My motherland is Kazakhstan») тақырыбы бойынша оқушыларға төмендегі мәтінді ұсындық:

Менің Отаным-Қазақстан тақырыбына өлең шығар.

Напиши стихотворение на тему Моя Родина – Казахстан.

Compose the song about My motherland is Kazakhstan.

«Менің отбасым» («Моя семья», «My family») тақырыбы бойынша:

«Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері» («Национальные традиции казахского народа», «National traditions of Kazakh people»):

1 Мәтінді оқыңыз, аударыңыз. Шілдехана тойы Қазақ халқының дәстүрі бойынша бала дүниеге келген күні кешке ауыл жастары шілдеханаға жиналады. Шілдехана кейде үш күнге созылады. Өнерлі жастар таң атқанша жаңа туған баланы, оның анасын ардақтап ән салады, күй тартады. Әр түрлі ойындар ұйымдастырылады. Қыз-келіншектер айтысады. Шілдеханаға тек жастар ғана қатысады, ал ауыл үлкендері қатыспайды. Өйткені жаңа туған нәрестені жын-шайтанна, перілердің салқынынан қорғап, күзету халық сенімі бойынша тек қана жастардың міндеті.

2 Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Шілдехана қандай той?.....
- 2) Шілдехана қалай тойланады?.....
- 3) Шілдеханаға не себепті үлкендер қатыспайды?

1 Прочитайте текст переведите. В связи с рождением малыша соседи и родственники собираются на вечеринку которая называется «Шилдехана».

2 Иногда «Шилдехана» продолжается три дня. Молодежь до утра поют песни посвященные малышу и его матери и исполняют куюй. Организуют разные игры. Девушки и невестки вступают в айтыс. В «Шилдехана» участвует только молодежь старшие аула не участвуют. Потому что по народному приданию сохранить и беречь от разных невзгод и черта обязанность только молодых.

2 Ответьте на вопросы по тексту.

- 1) Шилдехана какая свадьба?.....
- 2) Как празднуется?.....

3) По какой причине старшие не участвуют в праздновании Шилдеханы?.....

1 Read and translate the text. “A holiday in honor of new born baby” (“Shildekhana”) is a holiday, when the village youth is gathered, when a baby is born due to Kazakh people’s tradition. “A holiday in honor of new born baby” is lasted for three days. Art youth sings and plays kyui until morning, respecting his/her mother and the baby. Different games are organized. Girls and brides contest. Only young people, not elder take part in this holiday. Because this is a youth’s duty to defend a new born baby from the hell and Satan cool.

2 Answer the questions due to text:

- 1) What kind of wedding “Shildekhana”?.....
- 2) How “Shildekhana” is celebrated?.....
- 3) Why adults can’t take part in “Shildekhana”?.....

«Менің алтын ұя мектебім» («Школа – мое золотое гнездо», «My golden nest – my school»):

1 Мәтіндегі оқып, ат қойындар.Мәтін бойынша өз мектептерің туралы әңгімелендер.

Мектеп өмірі қызықты оқиғалар мен жақсы дәстүрлерге толы. Біздің мектеп қаланың экологиялық таза ауданында орналасқан. Мектеп сыныптары заману техникалық оқу құралдарымен жабдықталған. Интернетке қол жеткізетін компьютерлік кабинеттер бар.Мектепте қоршаған орта экологиясы мен оны сақтау шараларын ұйымдастыруға арналған табиғат бұрышы жұмыс істейді.

2 Төмендегі берілген етістіктерді өткен шаққа қойып, сөз тіркестерін құраңдар.

Орналасу, жабдыкталу, сақтау, ұйымдастыру, жұмыс істеу,қосу, ұстау.

Үлгі: орналасты (мектеп орналасты).

1 Прочитайте текст и дайте название. Расскажите о своей школе по образцу текста.

Школьная жизнь полна интересными приключениями и хорошими традициями. Наша школа расположена в экологически чистом районе города. Учебные кабинеты оборудованы современными техническими средствами обучения. Имеются компьютерные классы где можно получить доступ к Интернету. В школе работает уголок природы целью которого является организовать в школе мероприятия по сохранению экологически чистого состояния в школе.

2 Данные глаголы используйте в прошедшем времени и придумайте с ними словосочетания.

Расположение организация, оборудование сохранить работать соединить держать.

Образец: расположен (школа расположена).

1 Read the text and name it. Speak about your school due to text.

School life is full of interesting stories and good traditions. Our school is situated in clear ecological area of the city. Classrooms are equipped by modern technical means. There are computer cabinets that have access to Internet. There is a natural corner at school, dedicated to organize the environment and ecology and their keeping.

2 Put the following verbs in past simple and make sentences:

To be situated, to be equipped, to keep, to organize, to work, to turn on, to hold.

E.g.: it was situated (a school was situated).

«Ақ дастарқан басында» За /белым/ дружным дастарханом. In the beginning of “White dastarkhan” тақырыбы бойынша мұндай тапсырмалар болатын. 16 кесте бойынша сөйлемдер құрандар.

Кесте 16 - Ақ дастарқан басында тақырыбы бойынша тапсырмалар орындау

Ұлттық		Национальные		National	
сусындар	Тағамдар	Напитки	еда	drinks	Food
Қымыз айран шұбат	Қазы қарта жая шұжық қазақша ет куырдақ	кумыс айран шубат	казы карта жая шашлык мясо по казахски кауырдак	kymyz iran shubat	kazy karta zhaya shuzhyk kazakh meat kuyrdak

2 Сұрақтарға жауап беріңдер:

- 1) Қазақтың басты ұлттық тағамы не?
- 2) Жылқының етінен не дайындайды?
- 3) Жылқы етінің қандай ерекшелігі бар?
- 4) Қымыздың қасиеті қандай?

2 Ответьте на вопросы:

- 1) Что является основной национальной едой казахов?
- 2) Что можно готовить из конины?
- 3) Какими особенностями обладает конина?

4) Какие свойства имеет кумыс?

Answer the questions:

What is the national food of Kazakh people?

What is prepared from horse meat?

What the features of horse meat?

What is the feature of kumyz?

«Мұражайға қош келдіңіз!» («Добро пожаловать в музей!», «Welcome to the museum»):

Мына пікірді сендер қолдайсыңдар ма? Өз ойларыңды білдіріңдер.

Астананың даму қарқыны Гиннестің рекордтар кітабына енгуге лайықты!

(Юрий Лужков).

Вы поддерживаете эту мысль? Скажите свое мнение.

Скорость процветания Астаны заслуживает внесения в книгу рекордов Гиннеса! (Юрий Лужков).

Do you agree with these opinions? Explain your ideas.

A developing process of Astana is worthy to be entered the Guinness record book!

(Yuri Luzhkov).

Мысалы «Шырайлы Шымқала» («Красивый город – Шымкент», «A beautiful Shym city»):

1 Шымкент қаласының картасын салу.

2 Көне Шымқала – Жаңа сәулетті Шымкент қаласына баяндама дайындау (халықтың өмір салты, қаланың дамуы туралы).

3 «Менің қалам» тақырыбына диалог құру.

1 Нарисовать карту города Шымкента

2 Древний город Шымкент – Современный архитектурный подготовить доклад (о дизайне и традициях народа о развитии города).

3 «Мой город» по этой теме составьте диалог.

1 To make a map of Shymkent.

2 To make a report on the Ancient Shym city is a new inner beautiful Shymkent (people's traditions, city's development).

3 To make a dialogue on the theme "My city".

Мұндай тапсырмалардың мақсаты оқушылардың ойларын жеткізудегі тілдік құралдардың таңдап алуға мүмкіндік берді. Тапсырманы орындау барысында ұсынылған мәтіннің грамматикалық құрылымын талдай отырып оқушылар ана тілінің грамматикасына түзіліміне, сөйлеу шығармашылығына бет бұра бастағаны анықталды.

Қалыптастыру эксперименттік жұмыстарының келесі кезеңінде оқушыларға тілдік құралдарды таңдауға тапсырмаларды орындау болатын. Бұл тапсырманың негізгі идеясы салыстыру тәсіліне арналған. Тапсырманы орындау барысында оқушылар бірнеше ойды өзара салыстыра отырып, тілдік құралдарды таңдау мүмкіндігіне ие болды. Мұнда бірғана ойды жеткізуде әртүрлі сөйлеу құралдарын пайдалануға болатынын және сөйлеуді әртүрлі құрылымдау мүмкіндіктерін меңгеру болады. Сөйлеу тапсырмаларын тілдік

құралдарды таңдауы бойынша 2 топқа бөлдік. Мысалы: «Тіл ұлы-қазына» («Язык – огромное богатство», «A language is a great treasury»):

Тіл туралы өлең жолдары / Маған әсері қандай болды?

Стихи о языке / Как подействовали на меня?

The song about language / What effects were for me?

«Менің Отаным-Қазақстан» («Моя Родина – Казахстан», «My motherland is Kazakhstan») тақырыбы бойынша оқушыларға төмендегі мәтінді ұсындық:

«Менің Отаным –Қазақстан» деген тақырыпта кестені толтыр.

Не білемін/ Не білгім келеді.

Заполните таблицу: «Моя Родина - Казахстан» Что знаю/ Чего хочу узнать.

Fill the scheme about My motherland is Kazakhstan. What I know / What I want to know.

«Менің отбасым» («Моя семья», «My family») тақырыбы бойынша:

Отбасы мүшелерінің атаулары: туысқандық, байланыс атауларын талқылау.

Названия членов семьи: Классификация родственных отношений.

The names of the family: Relative, connection names' discussion.

«Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері» («Национальные традиции казахского народа», «National traditions of Kazakh people»):

Қазақтың салт-дәстүрлерінің қалану аясында ой бөлісу.

Беседа о возникновении традиций и обычаев.

To discuss about the establishment of Kazakh traditions.

«Менің алтын ұя мектебім» («Школа – мое золотое гнездо», «My golden nest – my school»):

Мектеп өмірінен «Оқушы үні» оқушының пікірін тыңдау.

Из жизни школы «Голос ученика» выслушивание мнения ученика.

To listen a pupil's opinion "Pupil's sound" from school life.

«Ақ дастарқан басында» За /белым/ дружным дастарханом. In the beginning of "White dastarkhan" тақырыбы бойынша мұндай тапсырмалар болатын:

Дастарқан басында әп - әдемі ой әңгімелесу.

Беседа за дастарханом.

To explain the ideas on dastarkhan very well.

«Мұражайға қош келдіңіз!» («Добро пожаловать в музей!», «Welcome to the museum»):

Мұражайдың рөлі мен маңызы. Көне мен жаңаның сабақтастығы ресми дөңгелек үстел.

Значение и роль музея Переплетение нового и старого Официальный круглый стол.

The role and importance of the museum. The comparison of ancient and new is an official round table.

Мысалы «Шырайлы Шымқала» («Красивый город – Шымкент», «A beautiful Shym city»):

Ұлы Жібек жолының тарихы тақырыбында зерттеу сызбасын құру.

Составление схемы исследования на тему Великий шелковый путь.

To create the research scheme on the theme "Great Zhibekzholy.

Келесі кезең барысында қате жіберілген сөздер және олардың дұрыс нұсқасын таңдау. Мәтінмен жұмыс істеуге үйрету, нормадан тыс шығып кетпеуге бағытталған. Мұнда ұжым болып мәтінді талдауға, оны дұрыс құрылымдауға мүмкіндік туады. Олардың өзін бірнеше типтерге бөлдік.

«Тіл ұлы-қазына», «Менің Отаным Қазақстан», «Менің отбасым», бағыты бойынша мұндай тапсырмалар орын алды:

а) Қате жіберілген сөздер және олардың дұрыс нұсқасын көрсету: Маңдайлары жарқыраған, бекілді қара домалақтардың білім алатын ордасы – мектеп. Пәнкілерін сүйретіп шулаған қалың нөпір.

маңдай – маңдай;

пәнкі – сөмке;

нөпір – көпшілік.

Школа – место где черномазые дети с широким лбом получают образование. Группа людей которые еле тащут свои сумки.

маңдай – маңдай – лоб;

пәнкі – сөмке – сумка;

нөпір – көпшілік - группа, толпа.

A school is a place, where the wide-developed and active educated kind children are taught.

A lot of pupils, who carry their bags noisily.

Manlay – frons;

Panki – bag;

Nopir – most people.

Бүгүн Қазақстанның тарихы талай мыңдаған ғасырларды қамтиды.

бүгүн – бүгін.

В настоящее время история Казахстана охватывает миллионы веков.

бүгүн – бүгін сегодня, в настоящее время.

Nowdays History of Kazakhstan covers so many thousand centuries.

Nowdays – nowadays.

Біз отбасымызбен бәтір нанды сүйіп жейміз.

Бәтір нан - ашытпай пісіретін нан.

Біз отбасымызбен бәтір нанды сүйіп жейміз. Мы все семьей любим батир нан.

Бәтір нан - ашытпай пісіретін нан- хлеб приготовленный без дрожжа.

We love eating Batir bread.

Batir bread – is bread without barm.

ә) Грамматикалық нормаларында жіберілген қателерді көрсет:

Марат ояқтың ауа райының құбылмалы болатынын айтты.

ояқ- ол жақ.

Марат рассказал о переменчивости погоды того края.

ояқ- ол жақ – то место, тот край.

Marat said that it would be changeable weather there.

Ther – over there.

Әр Қазақстан азаматы балиғы жасынан бастап куәлік алады.

балиғы - жасы 17-ге толу.

Каждый гражданин Казахстана по достижению совершеннолетия получает удостоверение личности.

Әр Қазақстан азаматы балиғы жасынан бастап куәлік алады.

балиғы -жасы 17ге толу- совершеннолетие.

Each Kazakhstan citizen's age gets a certificate from young ages.

Age – 17 years old.

Біз отбасымызбен ауқаттандық.

дұрыс: Біз отбасымызбен тамақтандық.

Мы всей семьей покушали.

Правильно: Біз отбасымызбен тамақтандық. Всей семьей поели.

We atted with the family.

Correct: We ate with the family.

б) Таңдап алған тілдік құралдар бойынша қателерді тап: Тілдік нормадан жөнімен ауытқушылық.

Ескі бише отырман бос мақалдап.

Отырман- отырмаймын.

Не буду зря поясничать как старый би.

Отырман- отырмаймын не буду.

I won't be sit as the old Bi.

Won sit – won't be sit.

«Отан» деген не? дейсің ұлым маған.

дұрыс: Ұлым Отан деген не? деп сұрады.

«Что такое Родина?говоришь мне сынок.

дұрыс: Ұлым Отан деген не? деп сұрады.Сын спросил «Что такое Родина?»

What is a “Motherland?” say me my child.

Correct: My child what is a Motherland? Said she.

Кешке жақын бәріміз жиылып, атамның өсиетін тыңдадық.

дұрысы: Кешке жақын бәріміз жиналып, атамның өсиетін тыңдадық.

Кешке жақын бәріміз жиылып, атамның өсиетін тыңдадық.

Правильно: Кешке жақын бәріміз жиналып, атамның өсиетін тыңдадық.

Вечером все вместе слушали заветы дедушки.

In the evening we all gathered together and listened to grandfather's wisdom.

Correct: In the evening we all gathered together and listened to grandfather's wisdom.

в) Сөйлемді дұрыс құрастыр: Тыңда/дала/Жамбылды.

дұрысы: Дала, Жамбылды тыңда.

Слушай/ степь Жабыла!

правильно: Степь слушай Жамбыла!

Listen/land/Zhambyl.

Correct: Land, listen to Zhambyl.

Әлемге/тарихы/ көптеп/ ескеркіштер/кездеседі /және/ демалыс/ әйгілі/ орындары/ қорықтар.

Дұрысы: Әлемге әйгілі тарихи ескеркіштер, қорықтар және демалыс орындары көптеп кездеседі.

В мире/исторический/много/ памятники/встречаются /и / отдых/
известные/ места/ заповедники.

Правильно: Имеются очень много исторических памятников, заповедников
и мест для отдыха.

To the world/history/monuments/are met/and/holiday/famous/places/
commandments.

Correct: the famous historical monuments, commandments and relaxing places
are met a lot.

Немеренің /ішіндегі /қыздың / мен /кенжесімін.

Дұрысы: Мен немеренің ішіндегі қыздың кенжесімін.

Внуков /средиш/девочек / я / младший/.

Правильно: Мен немеренің ішіндегі қыздың кенжесімін. Среди внуков из
девочек я самая младшая.

Grandchildren/among/girl/and the youngest.

Correct: I am the youngest among the grandchildren.

г) Стилистикалық қателерді тап: Санитарлық талаптарды сақтаңдар
әйтпесе дімкәс болып сырқатқа шалдығасындар. Дімкәс- ауру.

Соблюдайте гигиену а то ослабеете и заболеете.

Дімкәс- ауру- болезнь, слабость.

Keep sanitary rules, or you would be ill as the sickly.

Sickly – sick person.

Қазақстанның табиғаты зор екен.

Зор –тамаша.

Қазақстанның табиғаты зор екен. В Казахстане прекрасная природа.

Зор –тамаша, прекрасная.

A nature of Kazakhstan is rich.

Great – wonderful.

Біздің үйде көне сандық бар, оның іші иадагерлік заттарға толы.

Дұрысы: иадагерлік-жадігерлік (естелік).

У нас имеется старый сундук, где сохранены антиквариаты.

Правильно: иадагерлік-жадігерлік (естелік). антиквариаты.

There is an ancient box at home, it has a relique things.

Correct: Relique – relic.

д) Тіл нормасының сақталмауына орай сөйлем құра: – Әй боқ мұрын, есек
айырбастайсың ба? - деді.

-Зоқ, -деді қасарысып.

– Әй сопляк, поменяешься ишаком? - сказал Асан.

-Зоқ, -деді қасарысып. Нет сказал упертый.

Heу, maneen, do you want to exchange with a goat?

– he said.

- поц, - said angrily.

Отбасымызбен кешкі ас ішіп отырған едік.

Айқайлауық Рабиға әже кіріп келгенде, кішкентай Дастан: «Әй-әже келді,
әй-әже келді»деп айқай салды. Отбасымызбен ду күлдік.

Все́й семье́й ужина́ли.

Когда вошла крикунья бабушка Рабига, маленький Дастан вскрикнул: «Эй-бабушка пришла, эй-бабушка пришла». Все семей засмеялись.

We had dinner with family in the evening.

A noisy Rabiga grandmother came and a little Dastan said: “Hey, grandmother came, hey, grandmother came”. We laughed all together.

е) Ауызша сөзді немесе жазбаша сөзді байланыстыратын ситуациялық қорытынды жаса: Қазақстанда өкімет дағдарыстан шығу үшін қандай іс - әрекеттер атқаруда және олар игі нәтиже бер ме? (ауызша әңгімелендер).

Какие меры предпринимает государство в Казахстане чтобы выйти из кризиса, показывают ли они положительные результаты? (Расскажите устно).

What activities does the government do to finish the crisis and is there a flexible result of them? (orally).

Ойын түріндегі жаттығулар өзінің мазмұны, тағайындалуы, ұйымдастыру және өткізу тәсілі, материалдық жабдықталуы мен қатысушыларының саны жағынан түрліше болуы мүмкін. Ойын тәсілін қолдану қажетті дидактикалық материалдарды дайындау үшін қаншама күшті, уақытты қажет етеді, бірақ оң нәтиже береді.

Ал, соңғы кезеңде оқушыларға шығармашылық тапсырмалар ұсынылды. Бұл тапсырмаларды орындау оқушыларды өзбетінше дәл, толық тілдік құралдарды, сөйлеу мақсатына байланысты, сөйлеу стилін ойын құрылымдауға арналған. Өзбетіншелік дәрежесіне сәйкес шығармашылық тапсырмаларды 3 топқа бөлдік:

1) жұмысшы материалдарға негізделінген шығармашылық тапсырмалар;

2) айтатын ойдың өзгеруіне байланысты мәтіндерді қайта құрылымдау, ауыстыру;

3) жағдай сипатындағы шығармашылық тапсырма.

Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды орындау да оқушыларда қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыландырды. Мысалы: «Салауаттылық өмір –салты» тақырыбы бойынша:

- Зиянды әрекеттерге нелер жатады?

- Зиянды әдеттердің адам өміріне тигізетін залалы.

- Қиындықтарды қалай жеңуге болады.

- Зиянды әдеттердің денсаулыққа әсері жайлы шағын мақала жазу.

Шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында оқушылар айтатын ойдың өзгеруіне байланысты мәтіндерді қайта құрылымын жасады.

Тән сұлулығы мен жан сұлулығына жеткізер он құпия:

Бірінші –ақыл ойымызда.

Екінші – тыныс алуда.

Үшінші – шынығу әрекеттері.

Төртінші –дұрыс тамақтану.

Бесінші – күлкі.

Алтыншы –демалу.

Жетінші– тұлғаны түзу ұстау.

Сегізінші – таза қоршаған орта.

Тоғызыншы –сенім.

Оныншы – сүйіспеншілік.

Келесі 9-сыныпқа арналған тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жағдай сипатындағы шығармашылық тапсырма орындады. Денсаулықтың құпиясын іздеудің мәні неде?

Мысалы: «Салауаттылық өмір –салты» («Здоровый образ жизни», «Healthy lifestyle»):

Салауаттылық әр адамның, сол сияқты бүкіл қоғамның өте құнды жетістігі.

Жаны жомарт, қолы ашық, кең пейілді адам өз ортасында сыйласымды өмір сүреді. Айналадағы адамдарға риясыз көмек көрсету керек деп ойлаймын.

Здоровый образ жизни является очень ценным достижением для всех, а также для всего общества.

Щедрого, великодушного человека с большим сердцем уважают все.

Я несомненно верю в того что, людям нужна помощь.

Healthy lifestyle is a very valuable achievement for everyone, as well as for the whole society.

Generous and kindhearted person is respectable everywhere.

I undoubtly, believe that people around us need help.

«Өнер -өмір өрнегі» («Искусство как красота жизни»,« Art, as a beauty of life»): Адам өнер арқылы өмірге деген ерекше құштарлығын,сүйіспеншілігін білдіреді.

Халық өнерлі адамдарға құрметпен қарайды.

Ойынды арамдық пен зұлымдықтан қорғасаң-әлемнің рухани тазалығын нығайтасың.

Человек выражает свою страсть к жизни через искусство.

Народ уважает артистичных людей.

Если вы защищаете свои мысли от нечистоты и зла, вы укрепите духовную чистоту мира.

Human being expresses his passion for life throw art.

People in art are usually honored by society.

Saving your thoughts from the evil and bad things, you will strengthen the spiritual purity of the world.

Шығармашылық тапсырмалар арқылы қол жеткен нәтижелер:

- сабақпен салыстырғанда оқушылар өздерін емін-еркін сезінеді, практикалық әдіс-тәсілін жолдарын үйреніп, стрестік жағдайлардан арылады;

- жүйке жүйелерінің жұмысы нығайып, демалыс мәдениетін дұрыс ұйымдастыруға үйренеді;

- оқушылардың полилингвалды қабілеті дамып, басқа да оң өзгерістерге қол жеткізеді.

Бұл тапсырмалар тәжірибеге бағытталғандығын атап өту керек; жеке өзіндік жұмысты топтың жұмысымен үйлестіреді. Оқушылар өз бетімен керекті ақпаратты іздейді, табылған ақпаратты ұйымдастырып, оны басқаларға көрсетеді. Жоба әдісі тұлға ретінде оқушының барлық жағын белсенділендіреді: оның интеллектуальді саласын, типологиялық

ерекшеліктерін және мінез тұстарын: мақсаттылық, табандылық, еңбекқорлық, коммуникативті іскерлігі, сезімі, эмоциясы.

Көптілдікті насихаттауға арналған мақсаттық жоба әдісін қолдану арқылы оқушы мен мұғалім арасында ерекше қарым қатынас жасауға болады.

Егер де біз бірнеше тілдерді игеру үдерісі өзінің негізгі параметрлері бойынша шынайы ситуацияларға жақын болғанын қаласақ, яғни коммуникативті болғанын қаласақ, онда біз тілді практика жүзінде игеруге бағытталған шынайы тулғааралық қарым қатынас жасауымыз керек.

Бұл оқу-тәрбие үдерісін ерекше ұйымдастырылған шынайы қарым-қатынас ретінде қарастыруды қажет етеді, ал бұл қарым-қатынастың қызметі мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының арасындағы бірлескен жұмысты қалыптастыру. Оқу-тәрбие үдерісі субъектердің бірлескен іс-әрекеті. Полилингвалды тұлғаны қалыптастыруда көптілділік білімнің көлемі бойынша анықталмайды. Аталмыш мақсаттық жоба коммуникативтілікке бағытталумен бірге шетел тілді игеруге өте жақсы нәтиже берді. Ол әсіресе дайындықтары біркелкі емес сыныптарда тиімді. Яғни, бұл тапсырмалар оқушылардың шығармашық қабілетін дамытуға, ойлауға септігін тигізеді.

Қалыптастыру эксперимент барысында сөйлеу тапсырмаларын жүзеге асыруда бірлесіп жұмыс жасау технологиясын қолдану әр оқушының коммуникативтік құзыреттерін аша білуге мүмкіндік берді. Себебі, бұл тапсырмалар сыныптағы әр оқушының танымдық және коммуникациялық әрекеттерін дамытуға қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз ете алады. Яғни, тілдік қатынастағы ең басты мақсат- оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару үдерісі, өз сөзін екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуі. Сөйлеуге үйрету дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл-адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі, айтуы.

Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік жауап қайтаруы. Бұл сөйлеуге үйретудің бір адамға ғана мәселе емес екендігін көрсетеді. Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Сөйлеу әрекеті-тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажетті шарт қана емес, ол-адамзаттың қоғамдағы орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені, сөйлеу әрекеті адамдық қасиетті білдіретін басты өлшемдердің бірі. Ауызша сөйлеуге үйрету- тілді жалаң үйрену емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру деген сөз. Жалпы сөйлеу әрекетін меңгеру үшін мына жағдайларды ескеру қажет: Үйрететін тілде сөйлеуге деген қажеттілік; қоршаған орта, жағдайдың әсері; жеке бастың қабілеті; сөйлеудің негізгі мақсатын айқындау.

Сөйлеуге үйрету үшін оқыту әдісі ситуативті әдіс болуы керек себебі: ситуативтілік сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады.

Сөйлеуге үйрету үшін қажетті ситуацияларды мынадай жолдармен беруге болады:

а) «көз алдыға елестетіп көр», «қиялдап көр» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы ситуациялар құру;

ә) белгілі бір ситуацияны жасайтын сурет немесе ситуацияны дамытатын, күшейтетін суреттер тізбегіне қарап, соның көмегімен сөйлеу;

б) күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді сипаттау.

Оқытудың ситуативтілігі оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана сабақ үстінде қатынас ситуациясы пайда болады, ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде коммуникативтік оқытуда «ситуация» мен «ситуативтілікті» анықтап алу қажет екеніне көз жеткізген. «Ситуация»-дегеніміз, қарым-қатынас жасаушылардың, сөйлесушілердің санасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасының жүйесі; ал «ситуативтілік-қарым-қатынастармен байланыс» деп қорытынды жасайды. Ол іс-әрекеттерде өзара қарым-қатынастарда мынадай жетекші факторлар болады деп көрсетеді: а) статустық; ә) рольдік; б) іс-әрекеттік; в) ізгілік.

Қарым-қатынас үдерісі сабақтан тыс жұмыстардың мақсатына, жағдайына, мүмкіндігіне қарай үнемі өзгерісте болады. Сондықтан, сөйлеуші сол өзгерістерге байланысты қарым-қатынастағы өзгерістерді де ескеріп отыруы керек. Оқушыларды қарым-қатынастың әр түріне дайындау үшін материалдарды да жиі түрлендіріп отыруды қажет етеді. Осы ұстанымға байланысты тілдік дағдылар да өзгертіліп отырылуы керек. Бұл оқушылардың айтқысы келген ойын басқаша жеткізуге, сөйлеу біліктілігін жетілдіруге, тез сөйлеуге көмектеседі.

Сонда ғана, оқушылар жаңа материалды іс жүзінде қолдануға тезірек машықтанады. Материал жаңа болуы керек, сонымен бірге қайталау кезінде сол қалпында емес, басқа контекстерде өзгертіліп берілуі керек, сол кезде ғана оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі бірте-бірте дамиды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып факультативтік дәрістерді үш тілде жүргізудің тиімділігі өте жоғары болды. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертуге маңызды септігін тигізді. Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік іс-әрекеті мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болды. Сондай-ақ, ақпараттық технологиядарды: электрондық оқулықтар, презентациялар, пікірталас т.б түрлері оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болды.

Сонымен мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі оларды көптілдікке бағдарлау, қатыстыру, молайту кезеңдерінің, педагогикалық диагностикалау, коммуникативтік құзыреттерін көрсетуге талпындыру, оған ықпал ету, өздігінен дамыту міндеттері толығымен жүзеге асырылғанда ғана қалыптасу нәтижесінің тиімділігі артады. Осы ойымызды дәлелдейтін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс динамикасы келесі тармағында баяндалады. Көрсетілген полилингвалды тұлғаны қалыптастырудағы коммуникативтілік бағыт төмендегі сөздік тапсырмалар арқылы дидактикалық тұрғыдан орын алды.

Зерттеу барысы, оқыту үдерісінде полилингвалды тұлғаны қалыптастыруда коммуникативтілік бағытты басшылыққа алу, субъектілердің әрқайсысының топтық, ұжымдық түрде шындықты іздестіру, пікір айту, өз көзқарасын дәйектеу, альтернатив пікірлерге зер салу және түсіну, диалог барысында нақтылы пікірді мойындау, сияқты ерекше кеңістікті жасауды; екіншіден, коммуникативтік кеңістікті ұйымдастыруды үшіншіден, коммуникативтік кеңістікте ұйымдастырудың технологиялық позициясын жасау:

- а) қатысушылардың оң эмоционалдық жағдайын қамтамасыз етуді;
- ә) өзара қарым-қатынастарға маңызды мәселелік ситуациялар жасауды;
- б) қатысушылардың рөлдерін анықтауда;
- в) пікірталасқа қатысушылардың позициясын бөліп беру: автор түсінуші, сыналушы, жүргізуші, ұйымдастырушыны;
- г) әрекеттің мәселелік типімен қамтамасыз етуді;
- д) қатысушыларға ситуацияның қайшылығын мойындауға көмектесу, шешім шығаруға қажетті ойлау әрекетіне көмектеседі.

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде сабақтан тыс жұмыстардың әдістемелік кешені бойынша жүргізілген факультативтік сабақтарында оқушының жеке және жас ерекшелігіне негізделіп іске асырылды.

Қалыптастыру экспериментінде оқушылардың полилингвалды білімдерін көтеру мақсатында біздің жасаған әдістемені негізге ала отырып, оқушылардың білімдерін тереңдету және жетілдіру жолдары қарастырылды.

Қалыптастыру экспериментінде «Тілдер әлемі» факультативтік курсы жүргізілген мектептерімізде оқушылардың коммуникативтік іс-әрекеттері қалыптасу деңгейлері, зерттеу жұмысымыздың нәтижесі оң көрсеткіштер бергендігін байқатты.

Аталмыш бағдарлама – ұлттық тәрбиенің тірегі – рухани құндылықтар негізіндегі полилингвалды тұлғаны қалыптастыру формалары – әңгімелесу, диспут, іскерлік ойындар, дөңгелек үстел, баяндама және т.б. негізінде жүзеге асырылды. Мұндағы негізгі ұстанымдар – оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескеру табиғилық, сауаттандыру. Әдіс-тәсілдері – жеке тұлғаның санасын қалыптастыру, іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері, ынталандыру әдістері, сауалнама, байқау, пікірталас, проблемалық шығарма әдістері, презентация, топпен жұмыс, миға шабуыл әдісі, сыни тұрғысынан ойлау әдісі, викториналар, мини зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар және т.б.

3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері мен қорытындылары

Тәжірибелік- эксперимент барысында және практикада көптілділік білімді игеруге әдістемелік тәсілдер мен құралдарды іздестіру қарастырылды. Анықтаушы эксперимент көрсеткіштеріне сүйене отырып мектепте оқыту үдерісін сабақтан тыс жұмыстарда сөйлеу тапсырмалары арқылы ұйымдастыру деп таптық. Оның бірден бір жолы зерттеуіміз алға тартқына болжамдарын

жүзеге асыру, оларды тексеруге арналған 2014-2018 жылдар аралығындағы қалыптастырушы эксперимент өтті.

Эксперименттік сыныптардың оқушылары кешендік әдіс бойынша тексеруден өтті. Бұл 8-9 сынып білім алушыларының полилингвалдық құзыреттерін қалыптастыру динамикасы туралы пікір айтуға және олардың жұмысына мақсатты түрде басшылық жасауға мүмкіндік берді.

Бірінші кезеңде біз қазақ, орыс пен шетел тілі сабақтарында полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға қатысты әрекеттер кезіндегі жұмыс тәжірибесін зерттедік. Білім алушыларға өткізілген сабақтар мен мұғалімдерден сауалнама алу, пән мұғалімдерінің дайындығының жоқтығына байланысты оқушылардың полилингвалдық тұлғасын қалыптастыруда сабақтан тыс жұмыстың мүмкіншіліктерін пайдаланудың төмен деңгейін көрсетті. Оқушылардың полилингвалдық тұлғасы компоненттері бойынша қалыптасқан деңгейлерін анықтау мақсатында білім ашыларға сауалнама жүргізілді.

Айқындау экспериментін жүргізу кезеңінде нәтижелер 17-кестедегі көрсеткіштерді берді. Оқушылардың сабақ үдерісіндегі белсенділігі және ынтасы төмен деңгейді көрсетті; өздігінен білімді игеруге дайын еметігі анықталды; осы оқушыларда қандайда бір ізденіс деңгейін қажетсінетін тапсырмаларды орындай алу білігі әлі қалыптаспаған; өз мүмкіндіктерін мақсатты қолдана білмейді, уақыт талабына сай жұмыс істей алмайды (17 кесте).

Кесте 17 – Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру деңгейлері (%) (анықтаушы эксперимент нәтижелері)

Деңгейле рі	№25 Т.Рысқұлов атындағы мектеп гимназия (Шымкент қ)		№8 М. Х.Дулати атындағы үштілде оқытатын гимназия (Шымкент қ)		С.Қожанов атындағы жалпы орта мектеп (Мақтарал ауданы)	
	8 сынып	9 сынып	8 Сынып	9 сынып	8 сынып	9 сынып
Төмен	21,6	22,8	20,5	19,8	23,6	22,4
Орта	63,3	62,7	64,2	63,8	61,2	63,3
Жоғары	15,1	14,5	15,3	16,4	15,2	14,3

Айқындау экспериментінің нәтижелері бізге жұмысты одан әрі қалай құру керектігін көрсетті. Жүргізілген зерттеулер үш компоненттің оқу процесінің барлық кезеңдерінде қамтылып, педагогикалық тұрғыда бір-бірімен өте тығыз байланыста болатындығын көрсетті. Мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыруға әсер ететін дидактикалық құралдар жүйесі анықталды: полилингвалдық құзыреттерін қалыптастырудың арнайы факультативтік курс бағдарламасы, оқу құралы, сөйлеу тапсырмалар жинағы; көрнекілік құралдар [190,б. 202].

Эксперименталдық жұмыстың қалыптастырушы кезеңінің негізгі бағытының бірі – мұғалімдерді 8-9 сынып оқушыларының полилингвалдық тұлғасын қалыптастыру міндеттерін іске асыруға даярлау болып табылды. Сондықтан жалпы білім беретін орта мектептің қазақ, орыс және шет тілі

пәндер мұғалімдерімен «Мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру – заман талабы» арнайы семинар ретінде дайындау жұмысы ұйымдастырылды. Біз жүргізген ұйымдастырушылық іс-шаралар топтамасы пән мұғалімдерінің теориялық-әдістемелік деңгейлерін елеулі арттыруға мүмкіндік берді; полилингвалдық тұғаны қалыптастырудың маңызын, мазмұнын, қағидаларын білу; мектептің оқу-тәрбие үдерісінде полилингвалдық білім беру жұмысында, сонымен қатар сабақтан тыс жұмыстар барысында әдістер мен құралдарды пайдалану жолдарын анықтауға мүмкіндік берді [203].

Эксперимент басындағы және соңындағы нәтижелерді салыстыру жүргізілген жұмыстың тиімділігін көрсетті. Яғни біз ұсынған модель бойынша жұмыс жасау мектеп оқушыларының полилингвалдық тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұған зерттеу нәтижелерін салыстыру арқылы көз жеткіземіз.

Экспериментке тартылған мектептерде педагогикалық кеңестерде, әдістемелік комиссияда қалыптастырушы эксперимент жөніндегі, зерттеудің мәні, оның ұйымдастыру шаралары мен әдістері жөніндегі экспериментальдық материалдармен жабдықталды, эксперименттік және бақылау топтары анықталды. Топтарды жинақтауда олардың тілдік білім деңгейлері (ауызша, сұрау, әңгімелесу, бақылау жұмыстары нәтижесінде) бірдей болуын басшылыққа алдық.

Бақылау және экспериментальдық топтарда оқыту технологиясы мазмұны бірдей, бірақ бақылау топтарында көптілділік білімді игерудің кезеңдік теорияға және іс әрекеттік теорияға негізделген оқыту технологиялары, сондай-ақ полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен тәсілдерінің маңызды деп табылған элементтері назарға алынбады қарастырылмады.

Педагогикалық эксперимент материалдары эксперимент және бақылау топтарындағы сабақтан тыс жұмыстар үдерісінің нәтижесін талдау мақсатында математикалық статистика әдістері, ол сандық сипаттама беру мақсатындағы сапалық талдаулар жасалынды.

Бірізділік, сабақтастық, перспективалық принциптеріне және сөйлеуді дамытудың бірқатар сатысына алға тартылған полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттарына сүйене отырып, өзара қарым-қатынас әрекетіндегі тілдік құралдарды оқып үйрену үдерісінің алты кезеңі анықталды:

Бірінші кезең мақсаты, сөйлеу мазмұндарындағы сөйлемнің оңашаланған мүшелерінің рөлін бақылау; Мысалы: оқушы сөздің қай варианты ойыңды қисынды жеткізеді? - деген мазмұндағы тапсырмаларды орындады.

Екінші кезеңде оқушылар әртүрлі стилдегі сөйлеу барысындағы ерекше сөйлем мүшелерімен танысты; Мысалы: өз ойының дұрыс екенін дәлелде деген мазмұндағы тапсырмалар орындалды.

Үшінші кезеңде, оқушылар өзбеттерінше коммуникация міндеттеріне байланысты сөздің грамматикалық құрылымын түзу тапсырмаларын орындады.

Төртінші кезеңде, оқушылар элементар стилистикалық талдаулар жасады.

Бесінші кезеңде, оқушылар өздері даярлаған текстер бойынша олардың тиісті нормалардан ауытқуларын қадағалайтын тапсырмаларды орындады. Яғни, өз сөздерін редакциялау арқылы сөйлеуде жіберетін қателіктерді анықтады.

Алтыншы кезеңде, оқушылар шығармашылық тапсырмаларды орындады. Мысалы: оқушыларға құттықтау сөздерін (аудитория санатына байланысты) түзу ұсынылды.

Көптілділік білімді игеру деңгейлерін төмендегі критерийлер арқылы анықталды.

Алынған нәтижелердің дұрыстығын дәйектеу үшін χ^2 Пирсон келісімін пайдаландық [204] χ^2 (хи-квадрат) критерийі төмендегі формула бойынша анықталды.

$$T = \frac{1}{n_1 n_2} \sum_{i=1}^c \frac{(n_{1i} Q_{2i} - n_{2i} Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}, \quad (9)$$

мұндағы: n_1, n_2 - эксперимент және бақылау топтарының тәуелсіз таңдалған көлемі;

Q_{1i}, Q_{2i} - жиіліктің байқалуы (білімдері берілген сапалық деңгейге сәйкес келетін оқушылар саны;

C – еркіндік дәрежесі саны.

Маңыздылық деңгейін – 0,05 деп қабылдаймыз, сондай-ақ егерде болжам дәлелденетін болса, мұндағы бақылау және эксперименттік топтардағы респонденттердің жауаптарының сапалық көрсеткіштері сипатталады, ендеше, $\chi^2_{emp} < \chi^2_{krit}$, ондағы χ^2_{emp} -табылған шамада, ал χ^2_{krit} - кестелік шама [190,б. 62]. Егер $\chi^2_{emp} > \chi^2_{krit}$ болса, онда эксперименталды және бақылау топтарындағы алынған нәтижелердегі айырмашылық маңызды себептерден деп есептелінеді. Оқушылардың оқу материалдарын меңгеруі ағымдық бақылау барысында тексеріліп отырылды.

Әрбір кезең үшін бірқатар төмендегі мазмұндағыдай бақылаулар мен бағалаулар орын алып отырды.

1. Сөйлеу мазмұнындағы орфографиялық, лексикалық, морфологиялық сипаттағы ормаларды бақылау;

2. Оқу, жазба түрінде ой қорытындылары тілдік, коммуникативтік міндеттер тұрғысынан бағалау;

3. Сөйлеу стилін анықтау және өз ойын тұжырымдау;

4. Әртүрлі ауызша-жазбаша коммуникативтік құралдарды пайдалану;

5. Коммуникативтік міндеттерге сәйкес сөйлеу стилі,және т.с.с;

Мұғалімдер әрекеттерінде:

1. Оқып-үйреніп жатқан тілдерді дамыту тенденциясын есепке алу;

2. Сөйлеу барысында өзара қарым-қатынастың функционалды – стилистикалық көрсеткіштерін бақылау;

3. Сөйлеудің шектік стилистикалық төмендеуін есепке алу;

4. Аудитория жағдайында жанама түрдегі мәдениетаралық коммуникацияны есепке алу (тұрмыстық сөздерді пайдалану сияқты);

5. Оқушылардың басқа тілді коммуникациялық әрекеттерге субъективтілігін есепке алу және т.с.с.

Қалыптастыру эксперименті барысында оқушылар тарапынан білімді меңгеруді басқару кезеңдерін анықтауда шатасатындары байқалды. Мұның себебі, оқушыларда бағдарлық әрекеттің дамымағаны және күнделікті қарапайым сабақ тәсілдерінде ондай әрекеттер оқыту мақсаты ретінде орын алмағандағынан екендігі байқалды. Сондықтанда сабақтан тыс жұмыстар барысында оқыту құралдарына тілдік тапсырмалары, сөйлеу тапсырмалары арқылы әрбір басқару кезеңіне қажетті оқыту құралдарын экранға түсіре отырып, оларды өзара салыстыру әрекетін ұйымдастырдық және оны бақылап отырдық. Дегенмен оқу материалдарын меңгеруде оқушыларға қажетті білімдердің жетіспейтіндіктері байқалды.

Осыған байланысты оларды меңгеруде олардың ғылыми негіздерін жүйелендіретін белгілеріне назар аударуды, оларды ой елегінен өткізу және анықталған белгілерін реттеп отыруды қарастырдық. Осы мақсатта арнайы, ерекше белгілерін біріктіретін, көрсететін сөйлеу тапсырмаларын пайдаландық. Сөйлеу тапсырмаларының мазмұны мультимедиялық жүйе негізінде орын алды. Сондықтанда аталынған сұрақтардың өзара байланысты белгілері рет-ретімен картинка нұсқасында экранға түсіп отырды және оқушылар тарапынан келесі тапсырманың орын алуына алдын ала бағдар жасалынып отырылды.

Тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс нәтижелері мен олардың барысы оқушылардың танымдық әрекетін басқарып отыруға, олардың осы әрекетті ұйымдастуына және оны алдын-ала жобалаудың нәтижесі сөйлеу тапсырмаларының кезеңдеп берілуі технологиялық жүйе ретінде орын алатынын дәйектеп отырды.


Нәтиже екі топтар арасындағы айырмашылықтың едеуір болғанын көрсетеді. Оқушылар тарапынан меңгерілген білім, олар практикалық әрекеттеріне пайдалана алған жағдайда нақтылы, өзгертуші күшке айнала алады. Бұл жерде олардың өзбетінше орындайтын жұмыстарын орындауда сабақтан тыс ұйымдастырылған жұмыстардың маңызы зор екенінде дау жоқ. Бір ескеретін жайт, сабақтан тыс ұйымдастырылған жұмыстар негізінен меңгерілген білімнің танымдық іс-әрекеттің көрінісі арқылы сипатталуында, орындау барысында да оқушылар тарапынан алдын ала меңгерілген заңдар, заңдалықтарды тұжырымдау барысындағы танымдық іс-әрекеттер орын алады. Десекте, зерттеу барысында аталған жұмыстарды орындауда алдын ала берілген нұсқауларды механикалық түрде жүзеге асыру әрекеттері басым екендігі байқалды. Себебі, сабақ мақсаты: «жинақта», «жазып ал», «сызбасын орында», «салыстыр» және т.б., нұсқауларды орындаудан тұрады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесі біздің зерттеу болжамымызды растап, тұлғаның бойында коммуникативті құзыреттілігі арқылы полилингвалдық тұлға ретінде қалыптастыруға болатынын толықтай дәлелдеді. Анықтау эксперименті кезінде 8-9 сынып оқушыларының жоғары деңгейі 31,8% болса, ал бекіту кезінде 73,5% болды (кесте 18).


Кесте 18 - Мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру деңгейлері (%)

ПТҚ компоненттері, критерийлер мен деңгейлері		Бастапқы кескін		Соңғы кескін	
		БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Мотивациялық	жоғары	20,7	23,8	33,6	59,4
	орта	64,1	65,6	53,6	40,6
	төмен	15,2	60,6	13,2	
Когнитивтік	жоғары	21,2	20,7	28,2	40,6
	орта	59,6	69,2	63,3	59,3
	төмен	19,2	10,1	8,5	-
Операциялық іс -әрекеттік	жоғары	16,8	19,1	23,0	43,5
	орта	74,6	70,8	70,8	56,5
	төмен	18,6	10,1	6,2	-


Тәжірибелік – эксперименттік жұмыс барысында анықтау, қалыптастыру және бекіту кезеңдеріндегі оқушылардың полилингвалдық тұлғасын қалыптастыру бойынша білімдік және тәрбиелік деңгейлерінің өсуі төмендегі 7 және 8 суреттерге сәйкес көрсетілді.



Сурет 7 - ПТҚ когнитивтік компоненттері, критерийлер мен деңгейлері, бет 1



Сурет 7, бет 2



Сурет 8 - ПТҚ операциялық компоненттері, критерийлер мен деңгейлері

Осы динамика тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған мектеп оқушыларының полилингвальдық тұлға негізгі компоненттерінің дамуын көрсете отырып, зерттеу жұмысында ұсынылған болжамның дұрыстығын ғана емес, және оның таңдап алынған зерттеу логикасының және орта мектептерде полилингвалды тұлғаны қалыптастыру процесіндегі ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандырудың тиімділігін көрсетеді. Соңғы жүргізілген сараптама мектеп оқушыларының полилингвалдық тұлғасын қалыптасуын әдістемелік қамтамасыздандыруды жасау мен жүзеге асырудың маңыздылығын дәлелдеді [205]. Біздің ұсынысымыздың тиімділігінің анықтылығы χ^2 (Пирсон критерийі) әдісі көрсетіп отырған мектепте сабақ жүйесі барысында көптілділікті меңгерту оның негізінде оқушыларды полилингвалды тұлға ретінде қалыптастыру мәселесін ұйымдастыру қиындықтары бар екенін сол себепті, коммуникациялық қажеттіліктерге негізделінген тілдік тапсырмалар,

сөйлеу тапсырмаларын көптілдікті меңгерту мақсатына пайдалану бірізділік, сабақтастық, және сөйлеудің бірқатар сатыларына сүйене отырып өзара қарым-қатынас әрекетіне пайдалану кезеңдерін анықтау және оларды сабақтан тыс жұмыстар мазмұнында қарастыру арқылы полилингвалды тұлғаны қалыптастыруды ұйымдастырудың мүмкіндігін дәлелдейді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қорытынды кезеңінде мұғалімдерінің оқушылардың полилингвалдық тұлғасын қалыптастыруға қатысты іс-әрекеттері, яғни эксперименттік жұмыстың нәтижелері математикалық тәсілмен өңделді.

Мониторинг көрсеткендей біз әзірлеген факультативтік курс бағдарламасы аясындағы деңгейлік тапсырмаларды орындау мәліметтері бойынша мұғалімдерге арнайы ұйымдастырылған іс-шаралар топтамасы мен әдістемеге сүйену арқылы мектеп оқушыларының полилингвалдық коммуникативтік іс-әрекеттерінің даму деңгейлерінің көтерілгенінен байқалады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді қорытындылай келе, жүргізілген тәжірибелік-педагогикалық жұмыс біз ұсынған теориялық негіздемелер мен сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі оқушылардың полилингвалдық тұлғасын қалыптастыруда пайдалы екендігін дәлелдейді.

Осылайша, оқу процесінде мектеп оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың біз жобалаған үлгісінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстың нәтижелелегімен расталды. Зерттеу барысында алға қойылған міндеттердің шешімін табуы біздің ұсынған болжамымызды растады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Полилингвалды тұлға бірнеше тілді меңгерген, өзінің әлеуметтік кәдірі мен этикалық түбірі бар мәдени-тарихи тұлға ретінде және қоршаған өмірге жаңаша оймен қарайтын, коммуникативтік және мәдениетаралық қарым-қатынасқа бейім адамдар қарастырылады. Осыған байланысты, оқушылар полилингвалды тұлға ретінде тек түрлі тілдік мүмкіндіктерге ие тұлға ғана емес, өз әлеуметтік ерекшелігі мен этникалық негізі бар, көптілдікті әлеуметтік мақсатқа сәйкес басқалармен өзара әрекетінде тілді, оның заңдылықтарын толық игерген, оны тілдесім әрекетінде коммуникативтік қажеттілік ретінде қолдана алатын қоғамдық өмірге икемді тұлға деп қарастырылды.

